

ISSN 1810-8636

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**  
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**  
**Abay Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ**

**«Юриспруденция» сериясы**  
**Серия «Юриспруденция»**  
**Series «Jurisprudence»**

*№4(62), 2020*

**Алматы, 2020**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ  
«Юриспруденция» сериясы  
№4(62), 2020

Бас редактор:  
БУРИБАЕВ Е.А. з.ғ.д., проф.

Бас редактордың орынбасары:  
Төлеубекова Б.Х. з.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа мүшелері:  
Сабиков С.Н.  
з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, проф.,  
Тайторина Б.А. з.ғ.д., профессор (Алматы),  
Цепелев В.Ф. з.ғ.д., РФ ИМ академиясы  
профессоры (Мәскеу),  
Муратова Н.Г. з.ғ.д., проф.,  
Казан мемлекеттік университеті,  
«Қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының  
меңгерушісі (Казан),  
Джон Берк. доктор права, «Таллинн»  
университетінің ректоры (Эстония),  
Мухамеджанов О.З. з.ғ.д., проф.,  
Ташкент Мемлекеттік Заң Университеті  
(Өзбекстан),  
Хлус А.М. з.ғ.к., доцент, Беларусь  
мемлекеттік университеті (Минск),  
Самарин В.И. з.ғ.к., доцент, Беларусь  
мемлекеттік университеті (Минск),  
Жатқанбаева А.Е. з.ғ.д., проф. (Алматы),  
Хамзина Ж.А. з.ғ.д., проф. (Алматы),  
Шелухин С.И. доктор PhD,  
Джон Джэй Нью-Йорк университетінің  
профессоры (АҚШ),  
Ежевский Д.О. з.ғ.к., доцент,  
Ресей халықтар достастығы  
университеті конституциялық құқық  
және конституциялық сотта іс жүргізу  
кафедрасының доценті (Мәскеу)

Жауапты хатшы:  
Калкаева Н.Б. з.ғ.к., қ.проф.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2020

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N 10111 – Ж

Басуға 25.01.2021. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 17,25 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 444.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы  
С о д е р ж а н и е  
C o n t e n t

ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ  
ОБЩАЯ ТЕОРИЯ ПРАВА  
COMMON THEORY OF LAW

- Жаксымбетов Б.П. Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси және құқықтық көзқарастары..... 7
- Жаксымбетов Б.П. Политические и правовые взгляды Шакарима Кудайбердиева  
Zhaksymbetov B.P. Political and legal views of Shakarim Kudaiberdiev
- Исабаева Ж.Н. Жастардың құқықтық мәдениеті және құқықтық тәрбиенің маңызы..... 12
- Исабаева Ж.Н. Значение правовой культуры и правового воспитания молодежи  
Issabayeva Zh. The importance of legal culture and legal education of young people
- Меирбекова Г.Б., Қамза А.Т. Қазақ билерінің соттық шешендік өнерді қолданудағы өзіндік ерекшеліктері..... 18
- Меирбекова Г.Б., Қамза А.Т. Отличительные особенности казахских биев в применении судебного ораторского искусства  
Meirbekova G.B., Kamza A.T. Distinctive features of kazakh biys in the use of judicial oratory
- Жомартқызы А., Мадыхан С. Құқықтағы өзін-өзі қорғау институтын жетілдіру мәселелері..... 21
- Жомартқызы А., Мадыхан С. Проблемы совершенствования института самозащиты в праве  
Zhomartkyzy A., Madykhan S. Problems of improving the institution of self-defense in law

КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО  
CONSTITUTIONAL LAW

- Бейсенбаева М.Т., Алимжанов Б.Т. Конституцияны жүзеге асыру механизмі және оны ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз ету мәселелері..... 29
- Бейсенбаева М.Т., Алимжанов Б.Т. Механизм реализации Конституции и вопросы ее организационно-правового обеспечения  
Beissenbayeva M.T., Alimjanov A.T. Issues of the mechanism of implementation of the Constitution and its organizational and legal support
- Бейсенбаева М.Т., Адылканова И.Б. Ассамблея народа Казахстана как общественно-политический институт реализации национальной политики..... 32
- Бейсенбаева М.Т., Адылканова И.Б. Қазақстан халқы ассамблеясы ұлттық саясатты іске асырудың қоғамдық-саяси институты ретінде  
Beissenbayeva M.T., Adykanova I.B. Assembly of the people of Kazakhstan as a social political institute implementation of the national policy

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК  
Серия «Юриспруденция»  
№4(62), 2020

Главный редактор:  
БУРИБАЕВ Е.А. д.ю.н., проф.

Зам. главного редактора:  
Толубекова Б.Х. д.ю.н., профессор

Члены редколлегии:  
Сабикенов С.Н. д.ю.н., академик НАН РК,  
профессор,

Тайторина Б.А. д.ю.н., проф. (Алматы),  
Цепелев В.Ф. д.ю.н., профессор Академии  
МВД РФ (Москва),

Муратова Н.Г. д.ю.н., проф., зав. кафедрой  
«Уголовный процесс» Казанский  
государственный университета (Казань),  
Джон Берк. доктор Права, ректор  
университета «Таллинн» (Эстония),  
Мухамеджанов О.З. д.ю.н., проф.,  
Ташкентского Государственного  
Юридического Университета  
(Узбекистан),

Хлус А.М. к.ю.н., доцент, Беларусский  
государственный университет (Минск),  
Самарин В.И. к.ю.н., доцент, Беларусский  
государственный университет (Минск),  
Жатканбаева А.Е. д.ю.н., проф. (Алматы),  
Хамзина Ж.А. д.ю.н., проф. (Алматы),  
Шелухин С.И. доктор PhD, профессор  
Нью-Йоркского университета Джон Джэя  
(США),

Ежевский Д.О. к.ю.н., доцент кафедры  
конституционного права и  
конституционного судопроизводства  
Российского университета дружбы  
народов (Москва)

Ответ. секретарь:  
Калкаева Н.Б. к.ю.н., асс. проф.

© Казахский национальный педагогический университет  
им. Абая, 2020

Зарегистрировано в Министерстве  
культуры и информации  
Республики Казахстан  
8 мая 2009 г. N 10111 – Ж

Подписано в печать 25.01.2021.  
Формат 60x84 1/8. Объем 17,25 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 444.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.  
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского  
национального педагогического  
университета имени Абая

ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ  
СЕМЕЙНОЕ ПРАВО  
FAMILY LAW

- Өтебай А.С. Қазақстан Республикасы неке келісім шарты бойынша мүліктік қатынастарының құқықтық реттелуі..... 37  
Отебай А.С. Правовое регулирование имущественных отношений по брачному договору Республики Казахстан  
Otebay A.S. Legal regulation of property relations under the marriage contract of the Republic of Kazakhstan

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ  
ТРУДОВОЕ ПРАВО  
LABOUR LAW

- Тұрлыханқызы Қ. Еңбек шартының тоқтатылуы..... 44  
Турлыханқызы К. Прекращение трудового договора  
Turlykhanqyzy K. Termination of the employment contract

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО  
CIVIL LAW

- Белхожаева Д.Ж., Жаксымбетов Б.П. Қызмет көрсету саласындағы шарттық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеу..... 49  
Белхожаева Д.Ж., Жаксымбетов Б.П. Гражданско-правовое регулирование договорных отношений в сфере обслуживания  
Belkhozhaeva D.Zh., Zhaksymbetov B.P. Civil law regulation of contractual relations in the service sector
- Каштаева Ш.Е. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын құқықтық реттеу мәселелері..... 54  
Каштаева Ш.Е. Вопросы правового регулирования договора комплексной предпринимательской лицензии  
Kashtayeva Sh.E. Matters relating to the legal regulation of a comprehensive business licence
- Кульмагамбетов Б. Система обязательств в гражданском праве 57  
Кульмагамбетов Б. Азаматтық құқықтағы міндеттемелер жүйесі  
Kulmagambetov B. System of obligations in civil law
- Рахымжан Қ.Қ. Салықтық құқық бұзушылықтың кейбір мәселелері..... 61  
Рахымжан К.К. Некоторые вопросы налоговых правонарушений  
Rakhymzhan K.K. Some issues of tax violations
- Сарсембаева Ш.С. Теоретические и практические аспекты индивидуального предпринимательства в Республике Казахстан 65  
Сарсембаева Ш.С. Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерліктің теориялық және практикалық аспектілері  
Sarsembayeva Sh.S. Theoretical and practical aspects of individual entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan
- Ускеленова А.Т., Шадиев К.Х. Человеческий капитал как драйвер сбалансированного роста национальной экономики... 69  
Ускеленова А.Т., Шадиев К.Х. Адами капитал ұлттық экономиканың теңгерімді өсуінің драйвері ретінде  
Uskelenova A.T., Shadiyev K.K. Human capital as a driver of balanced growth of the national economy

Abai Kazakh National Pedagogical  
University

**BULLETIN**  
Series of «Jurisprudence»  
№4(62), 2020

**Editor in chief:**  
**BURIBAYEV Ye.A.** *doctor of law, professor*

**Executive Editor:**  
**Toleubekova B.Kh.** *doctor of law, professor*

**The editorial board members:**  
**Sabikenov S.N.** *academician, doctor of law,*  
*professor,*

**Taitorina B.A.** *doctor of law, professor*  
(Almaty),

**Tsepelev V.F.** *doctor of law, professor*  
(Moscow),

**Muratova N.G.** *doctor of law, professor*  
(Kazan),

**John Burke.** *doctor of law (PhD)* (Estonia),

**Mukhamedzhanov O.Z.** *doctor of law,*  
*professor, Tashkent State Law University*  
(Uzbekistan),

**Hlus A.M.** *candidate of law.,*  
*associate professor* (Minsk),

**Samarin V.I.** *candidate of law.,*  
*associate professor* (Minsk),

**Zhatkanbayeva A.E.** *doctor of law,*  
*professor* (Almaty),

**Khamzina Zh.A.** *doctor of law, professor*  
(Almaty),

**Cheloukhine S.** *PhD, professor law police*  
*science and criminal justice John Jay College*  
*of criminal Justice The City University of*  
*New York,*

**Yezhevsky D.O.** *candidate of law.,*  
*associate professor* (Moscow)

**Answer. secretary:**  
**Kalkayeva N.B.** *candidate of law.,*  
*associate professor*

© Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2020

The journal is registered by the Ministry of  
Culture and Information RK  
8 May 2009. №10111 – Ж

Signed to print 25.01.2020  
Format 60x84 1/8.  
Volume 17,25 publ.literature  
Edition 300 num.  
Order 444.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13.  
KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat» Kazakh National  
Pedagogical university after Abai

**АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС  
ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС  
CIVIL PROCEEDING**

**Байманов А.А.** Принцип гласности в рамках гражданского  
судопроизводства Республики Казахстан..... 73

**Байманов А.А.** Қазақстан Республикасының азаматтық сот  
ісін жүргізу шеңберіндегі жариялылық қағидаты

**Vaimanov A.A.** The principle of transparency in civil  
proceedings of the Republic of Kazakhstan

**Меирбекова Г.Б., Алтынбеков Е.Б.** Бірінші сатыдағы сотта  
іс жүргізу - азаматтық істі шешудің маңызды бөлімі ретінде... 77

**Меирбекова Г.Б., Алтынбеков Е.Б.** Производство в суде  
первой инстанции как важнейший раздел разрешения  
гражданского дела

**Meirbekova G.B., Altynbekov E.B.** Proceedings in the court of first  
instance as the most important part of the resolution of a civil case

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ. КРИМИНОЛОГИЯ  
УГОЛОВНОЕ ПРАВО. КРИМИНОЛОГИЯ  
CRIMINAL LAW. CRIMINOLOGY**

**Досанова А.М.** Қылмыстық құқық қағидаларын заңнамалық  
реттеудің кейбір мәселелері..... 82

**Досанова А.М.** Некоторые вопросы законодательного  
регулирувания принципов уголовного права

**Dosanova A.M.** Some issues of legislative regulation of the  
principles of criminal law

**Зыяу Н.А.** Контрабандалық қылмыстылықты алдын-алудың  
жалпы шаралары..... 86

**Зыяу Н.А.** Общие меры профилактики контрабандной  
преступности

**Ziyau N.A.** General measures for the prevention of smuggled crime

**Даубасов С.Ш., Жомартқызы А.** Қылмыскерлерді ұстап  
берудің қазіргі тенденциялары..... 90

**Даубасов С.Ш., Жомартқызы А.** Современные тенденции  
выдачи преступников

**Daubasov S.Sh., Zhomartkyzy A.** Current trends in the  
extradition of criminals

**Жасталапов А.А.** Рейдерство: уголовно-правовая  
характеристика..... 94

**Жасталапов А.А.** Рейдерлік: қылмыстық-құқықтық сипаттама  
**Zhastalapov A.A.** Raiding: criminal and legal characteristics

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС  
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС  
CRIMINAL PROCEEDING**

**Бииков Е.** Судопроизводство с участием присяжных  
заседателей: проблемы институционализации..... 98

**Бииков Е.** Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу:  
институционализация мәселелері

**Biikov E.** Jury proceedings: problems of institutionalization

<b>Сейдилла Б.</b> Диалектическое единство уголовного и уголовно-процессуальной отраслей права: методологические аспекты	110
<b>Сейдилла Б.</b> Қылмыстық және қылмыстық процестік құқығы салаларының диалектикалық бірлігі: әдіснамалық аспектілер	
<b>Seidilla B.</b> Dialectical unity of the criminal and criminal procedure branches of law: methodological aspects	

**БІЛІМ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРАВО  
EDUCATIONAL LAW**

<b>Иванова Ж.Б., Касымбек А.О.</b> Информационно-коммуникационные технологии применяемые в юридическом образовании.....	116
<b>Иванова Ж.Б., Касымбек А.О.</b> Құқықтық білім беруде қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
<b>Ivanova Z.B., Kassymbek A.O.</b> Information and communication technologies used in legal education	
<b>Toleubekova B.Kh., Khvedelidze T.B.</b> The features of transition of higher education in Kazakhstan to the bologna system.....	125
<b>Толеубекова Б.Х., Хведелидзе Т.Б.</b> Қазақстанда болон жүйесіне жоғары білім берудің ауысу ерекшеліктері	
<b>Толеубекова Б.Х., Хведелидзе Т.Б.</b> Особенности перехода высшего образования в Казахстане на болонскую систему	
<b>Авторлар туралы мәлімет.....</b>	132
<b>Information about authors.....</b>	133
<b>Сведения об авторах.....</b>	134

## ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ ОБЩАЯ ТЕОРИЯ ПРАВА COMMON THEORY OF LAW

УДК: 340.1: 321.01  
МРНТИ: 10.07.01

Б.П. Жақсымбетов <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

### ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

*Аңдатпа*

Мақалада Шәкәрім Құдайбергенұлының саяси және құқықтық көзқарастары қарастырылған. Автор ақынның өлеңдерін мысалға ала отырып, оның саяси-құқықтық көзқарастарына талдау жасауға тырысады. Шәкәрім Құдайбергенұлы өзінің өлеңдерінде ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының ауыр жағдайын терең ұғынған жан ретінде қазақ қоғамын алға жетелейтін идеяларды саралап, олардың маңыздылығын түсіндіруге тырысады.

Шәкәрім Құдайбергенұлы ХХ ғасыр басындағы патшалық Ресейдің отарлық саясатын сынай отырып, сол тұстағы Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне жоғары баға береді. Өзінің саяси көзқарастарын Алаш зиялыларының ұстанымдарымен ұштастырып, әр адамның құқығы сақталатын құқықтық мемлекет құруды аңсаған.

**Кілт сөздер:** саясат, құқық, ғасыр, ақын, шығарма, ұстаным, мемлекет, теңдік, бостандық.

B.P. Zhaksymbetov <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Agrarian Research University

### POLITICAL AND LEGAL VIEWS OF SHAKARIM KUDAIBERDIEV

*Abstract*

The article discusses the political and legal views of Shakarim Kudaibergenovich. The author tries to analyze his political and legal views on the poet's poems. In his poems, Shakarim kudaibergenovich, as a person who deeply understands the plight of the Kazakh people in the early twentieth century, tries to analyze the ideas that guide Kazakhstan's society and explain their importance.

Shakarim kudaibergenovich criticized the colonial policy of tsarist Russia in the early twentieth century and highly appreciated the socio-political activities of the then leaders of Alash. He wanted to combine his political views with the principles of the Alash intelligentsia and create a legal state that respects the rights of everyone.

**Key words:** politics, law, age, poet, works, position, state, equality, freedom.

Б.П. Жаксымбетов <sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный аграрный исследовательский университет

### ПОЛИТИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ ВЗГЛЯДЫ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

*Аннотация*

В статье рассматриваются политико-правовые взгляды Шакарима Кудайбергеновича. Автор пытается проанализировать свои политические и правовые взгляды на стихотворениях поэта. В своих стихотворениях Шакарим Кудайбергенович как человек, глубоко понимающий тяжелое положение казахского народа в начале ХХ века, пытается проанализировать идеи, которые руководят казахстанским обществом, и объяснить их важность.

Шакарим Кудайбергенович подверг критике колониальную политику царской России в начале XX века и высоко оценил общественно-политическую деятельность тогдашних лидеров Алаша. Он хотел объединить свои политические взгляды с принципами интеллигенции Алаша и создать правовое государство, в котором уважаются права каждого.

**Ключевые слова:** политика, право, век, поэт, труды, позиция, государство, равноправие, свобода.

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси және құқықтық көзқарастарын ерекшеліктерін айқындау барысында жалпы оның әлеуметтік, философиялық басқа да көзқарастар жүйесіне синкретті тұрғыда қарстыруымыз керек. Бұл жалпы қазақ даласында ежелден келе жатқан саяси құқықтық ойдың өзіндік ерекшелігі болып табылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы XX ғасырдың басында саяси-құқықтық ойларын көрсететін шығармаларын тудырған болса да оның саяси ойлары қоғамдық сананың басқа нысандарымен тұтас өрбиді. Сондықтан да, біз Шәкәрімнің саяси-құқықтық ойын басқа да құқықтық нысандарымен теңдестіре қарауымыз қажет. Бұл Шәкәрімнің саяси-құқықтық ойын танудың методологиялық ұстанымының бірі болып табылады.

Шәкәрімнің артында қалған мұра мол. Оның бір парасы құқықтық ілімдер саласындағы туындылар. Бұл реттегі қызметі оны Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдер тарихындағы орнын көрсетеді. Ойшылдың шығармашылығында саясат, мемлекет, құқық, әлеуметтік прогресс мәселелері қомақты орын алады. Ғұлама ұсынған саяси идеалдың өзі өмір сүрген кезең шегінен шығып, болашаққа бастайтындығын, бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да өзектілігін жоғалтпағандығын атап өткен жөн. Бұл адамзат тарихындағы бұрынғы-соңғы замандарда өмір сүрген, өз дәуірінен мойны озып туған кемел жандардың баршасына ортақ жайт.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері сол XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ қоғамының дамуы және ұлт ретінде өзіне тән салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, өмір сүру ерекшелігін бейнелейді. Сонымен қатар оның шығармалары тарихпен қатар, философия, әдебиет мамандарының негізгі зерттеу нысанына айналып отыр. Дегенмен қазіргі таңда Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне мән берсек, қазақтың біртуар азаматының дүниетанымы жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар мен мемлекет, саясатпен қатар, құқық пен ел басқару істеріне қатысты мәселелерге өте бай екендігіне көз жеткізуге болады. Шәкәрім Құдайбердіұлының көтерген саяси ойлары өміршеңдігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар өз өзектілігін жоймайтын идеяларының бүгінгі таңда орындалып жатқандығына да көз жеткізуге болады. Мысалы Шәкәрім идеалындағы мемлекет - саяси білікті және республикалық басқару түріндегі мемлекет, онда жалпыхалықтық сайлау құқығы, сөз бостандығы, теңдік, әділеттілік берік орын алуы, әрі жыныстық белгісі бойынша бөлектеу, әлеуметтік және лауазымдық санатына орай шектеу болмауы шарт. Шәкәрім шығармаларында бостандық, еркіндік ұғымы, адамдардың бақытты өмір сүру құқығы, мемлекеттің соған сәйкес тиісті жағдайларды туындатуы туралы мәселелер ерекше орын алады. Әсіресе, ақын өлеңдерінде адамдардың игілікті еңбек етуі, соның негізінде бейбітшілік пен қоғамдық тұрақтылық туындайтыны баса айтылады [1, 103 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси және құқықтық көзқарастарының негізгі идеясына мән берсек бір басшыға бағынған, әрі көрші елдермен тек бейбіт әрі тиімді қарым-қатынасты сақтайтын мемлекет қалпын аңсаушылық байқалады. Мысалы «Бостандық таңы атты» атты өлеңінде:

Бостандық таңы атты, қазағым, көріндер,  
Арға ие басшының соңынан еріндер,  
Таң артынан хақиқат күн шығады,  
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер

– деген өлең жолдарын кездестіруге болады [2, 143 б.]. Бұл ретте ақын бір адамның басқаруына негізделген мемлекеттік басқаруды қалайтындығын аңғарамыз. Әрине ақын өмір сүрген уақытына және сан ғасырлар бойы жалғасып келген және бір ханның қолына шоғырланған билік жүргізу ісі біздің дәстүрімізге де тән. Сондықтан Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл саяси көзқарасы заман талабы мен тарихи сабақтастық нәтижесінде қалыптасқан деп айтуға болар еді. Осы өлең жолдарына ақын тек арға ие басшымен қатар, сол мемлекеттердің азаматтарына да үлкен талап қояды. Мысалы

Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер.  
Арамдық, аразды түбімен жойыңдар  
Өтірік, өсекті біржола қойыңдар.  
Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,  
Қажымай адалдық жағында болыңдар.  
Бірлік пен талапты еңбекке салыңдар,  
Өнерлі елдерден өнеге алыңдар.  
Күндестіктің өзімшіл көзін құртып,  
Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар

– деп ой білдіруі мемлекеттің болашағының баяндылығы тек қана басшысына ғана емес, азаматтарына да тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

«Бостандық таңы атты» өлеңінде Шәкәрім Құдайбердіұлы азаматтар арасындағы қарым-қатынас мәселелесіне де үлкен көңіл бөлуге тырысты. Әрине азаматтар арасындағы қарым-қатынас алдымен заң немесе құқық арқылы реттелетіндігі сөзсіз. Дегенмен Шәкәрім Құдайбердіұлы заң мен қатар, азаматтары арасындағы қарым-қатынасты реттеуде ар мәселесін жеке көтереді. Ақынның пікірінше адам неғұрлым арлы болса мемлекет үшін және оның тұрақтылығы үшін де қолайлы жағдай туындайды. Өйткені ар азаматтар арасында бірін-бірі сыйлау және ілтипаттылық сананы қалыптастырады деп есептеді. Сондықтан да Шәкәрім Құдайберді ұлы мейлінше адами қасиетке жатпайтын кей әрекеттерін адамның қара қылықтары қатарына қосты.

Ар түзер адамның адамдық санасын,  
Ақ жеңіп шығады, арамның қарасын.  
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,  
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын.

Әрине өзара түсіністік пен ілтипаттылыққа негізделген қарым-қатынас мемлекеттің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етудегі заңмен қатар жүретін шешуші фактор. Сондықтан біздің пікірімізше Шәкәрім Құдайбердіұлы мемлекеттің ішкі тұрақтылығы болған жағдайда ол қоғамның барлық топтарының мүддесін қорғаушы бола алады деп есептеді. Әрине сондықтан болар Шәкәрім мемлекеттік заңдар халықтың алдымен еркі мен мүддесін білдіріп, халықтың қызығушылығынан туындауы тиіс деп санады. XX ғасыр басындағы қалыптасқан кез-келген қазақ зиялылары сияқты Шәкәрім Құдайбердіұлы да өз заманының әрі халқымызға тән кері қасиеттерімізді сынға алды. Бүкіл әлем жаңа серпіліске ұмтылып отырған шақта әлі де болса ортағасырлық қағидаларға өміршендік қасиет беру, сол арқылы руаралық, еларалық қақтығыстарды күшейтуді, шен-шекпенге таласып, билікке ұмтылушылықты дұрыс деп таппады.

Арамдық, аразды түбімен жойыңдар  
Өтірік, өсекті біржола қойыңдар.  
Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,  
Қажымай адалдық жағында болыңдар

– деп өзінен кейінгілерге үлгі айтуы сөз жоқ, қазақ қоғамында дендеп кеткен кері қасиеттерімізді жоюға бағытталған әрекеттердің бірі деп түсінуге болады [3, 72 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси көзқарастары XX ғасыр басында қалыптасқан Алаш зиялыларының ұстанған саяси бағыттарымен сәйкес келді. Сондықтан болар өзі де Алаш қайраткерлері құрған партияға мүше болып, белсенді саяси өмірге қатысты. «Алаш» партиясының мүшесі ретінде, партияның алдағы жоспары мен әрекеттерінің бағыттарына қатысты өз ойын да білдіріп отырды. Сонымен қатар Шәкәрім алашордалықтардың құрылтайына өлең арнады және қызыл әскерлермен соғыста қайтыс болған Алаш орда сарбаздарын жерлеуге арнайы қатысқан. Бұл туралы 1918 жылы «Абай» журналында «Алғашқы құрбандық» атты мақалада жарияланды [1, 104-106 бб.].

XX ғасыр басы жалпы адамзат баласы үшін үлкен өзгерістерге толы болып басталғаны анық. Бірінші орыс революциясымен қатар, бүкілдүниежүзінің назарын өзіне аударған соғыс, 1917 жылдардағы қос төңкеріс те Шәкәрімнің саяси көзқарастарының жаңа бір белесін ашты. Әсіресе осы



тұста әлемдегі қуатты мемлекеттердің стратегиялық маңызды аймақтарға ие болу әрекеттері үлкен қақтығыстардың бастамасына айналып отырғандығы Шәкәрімді шын қынжылтты. қуана қарсы алды, қазақ қоғамында оң өзгерістер болады деп есептеді.

Таласпай бөліссе, табиғат байлығын,  
Қара жер тойғызар адамның барлығын  
Махаббатпен бірлесіп, еңбек қылған  
Өмірдің көреді бақытты, сайлығын

– деп жырлауы да осындай әрекеттерді сынға алу ниетінен туындаса керек. Демек Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси көзқарастарының тек бір ұлт көлемінде ғана емес, халықаралық дәрежеге көтеріліп, жалпы адамзатқа тән құндылықтарды көтергенін байқауға болады.

Алайда қазақ жерінде большевиктердің билігінің орнауы, уақыт өте сталиндік жүйенің орнауы Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ даласындағы азаматтық әрі құқықтық қоғам құру туралы ойын тығырыққа тіреді. Дегенмен Шәкәрім Құдайбердіұлының демократиялық қоғамға деген Шәкәрімнің көзқарасы, әділдік, теңдік, азаматтық сияқты ойлары жаңа ғасырда шешімін таба алмай жүрген сауалдарға жауап бола алады.

Келешекке көз тіккен ғұлама билік және ел билеу ісі, кемел мемлекеттік нысан және тағы басқалары жөнінде құнды пікірлер түйіндеген. Шәкәрім қашанда Абай жорасымен замана талабын, нақты пайымдауға ұмтылады. Тарихсыз халық жоқ, бірақ өз дәстүрлернің тозығын тәрк етіп, озығын берік ұстанған, алға, болашаққа ой көзімен қараған халық қана өсіп-өркендемек деген тұжырым жасайды.

Шәкәрім шығармаларының бүкіл өзегін елдік, ұлттық мәселе құрап жатыр деуге болады. Абай салған үлгімен жұртшылыққа «тіл ұстартып, өнер шашпақты» өзіне мақсат етіп алады. Жастау шағында жазған «Ашу мен ынсап» атты өлеңінде «мінін айтып қазушы ем, түзетпек боп елімді» деп келеді де, сөз тыңдарлық жан таба алмай торыққанда «ел сөзіме көнбеді, жыладым да қамықтым» деп, өз ісі мен ақылын ынсапқа сынаатады. Сондағы Ынсаптың берген жауабы мынау болады:

«Ел саңырау надан ғой,  
Естіле ме құр айғай,  
Емделмеген адам ғой,  
Ем бола ма құр ойбай.  
Құлағы мен көзін аш,  
Оқу оқыт, ғылым жай.  
Насихатты сөйтіп шаш,  
Соны жүрсің біле алмай.  
Газетке жаз, кітап жаз,  
Бастыр оқыт, қазаққа.  
Мақтағанға болып мәз,  
Қала берме мазаққа.  
Сусыз егін не шықсын,  
Суғар, шыда азапқа.  
Дәмін алып ел ұқсын,  
Сонда ұмтылар тамаққа» [4, 55 б].

Бұл ой Шәкәрімнің өмірлік бағдарына айналған темірқазығы болды. Ел қызметіне жегілем деген адамның барлық қиындыққа мойымай, қасқая қарсы тұрып, таза ақыл мен адал еңбекке сүйене отырып, жұртқа жол көрсетуден танбауы қажеттігін ерте ұқты. Сол жолға барын салды.

«Шаруа мен ысырап» өлеңінде қамтылған жайлар дәл қазіргі кездегі жағдайға қарата айтылғандай көрінеді. Ақын болмашы жылтыраққа қызығып, аз күндік алдамшы тіршілікке алданып, қарызға белшеге батудың опа әпермесін ескертеді. Мақтан үшін елірмей, ақыл мен қайратты пайдалы кәсіпке, керекті шаруаға жұмсауды насихаттайды. Бұл тақырыпқа бір емес, бірнеше рет оралып отырған. Соның негізінде өнер үйренбей, қазақтың іргелі ел болуы мүмкін емес деген ой қорытады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси көзқарастары мен құқықтық ойларының, жалпы азаматтар арасындағы қарым-қатынастарда болсын ең жоғары саналған құндылық жаңашылдыққа ұмтылыс пен

адами қасиеттен айнымау болып табылады. Өйткені Шәкәрім кез-келген жағдайда болмасын ең бастысы адами қасиеттен айнымай, адам болып қалуды басты мақсат еткен сыңайлы. Ал адам болып қалудың басты құпиясы немесе жолдарының бірі ретінде – ғылымды көрсетеді.

Үш-ақ түрлі өмір бар;  
бәрі де мас,  
Бір рәуішті болады шал менен жас.  
Ең керекті дегенің - ортаншы өмір,  
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.  
Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,  
Өкініші қалмайды, кетсе ағатың.  
Күні-түні дей гөрме, ғылым ізде,  
Қалсын десең артында адам атың.  
Өмірдің басы - бала, ортасы - адам,  
Қартайып, шал болған соң кетті шамаң.  
Мақтап жүрген өмірің осы болса,  
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам

– дей келе, адамның бұл өмірге келгендегі мақсаты мен атқарар қызметін айшықтаған. Ойшылдың пікірінше, кез-келген дүниеге келген адам баласы сол адамдық қасиеттерін сақтап қалуы тиіс. Шәкәрім Құдайбердіұлы адам болып қалудың басты құпиясы ретінде ғылымды атап өткен. Ойшылдың бұл идеясының дұрыстығын және ең бастысы оның өміршеңдегін бүгінгі заманның даму ерекшелігі толық дәлелдеп отыр. Бүгінгі алпауыт мемлекеттер ғылымның дамуына ерекше мән берген елдер

Белгілі ғалым Ш. Сәтбаева «Шәкәрім Құдайбердиев» деген кітабында «Шәкәрім өзінің өлеңдер топтамасының алғашқы басылымына «Қазақ айнасы» деп жинақы да мағыналы, бейнелі де орамды ат қоюының терең мәні бар. Айна - сәуле, сөз өнері - өмір сәулесі, суреттемесі деген ғылыми-философиялық, эстетикалық көзқарасқа мензейді, негізгі мазмұн - қазақ болмысы, қазақ өмірі. Сөз өнерінің құдыретті күші арқылы ақын қазақ қоғамының жақсаруына, адамдардың жеке басының жетілуіне әсер етуі көзделген. Шәкәрімнің ақындық кредосы туған елінің өсуі, өрлеуі, көркеюіне қызмет етуге «мен жетелеп өлемін, өрге қарай қазақты» деген ірі мақсатқа, мүддеге сәйкес еді» [5, 11 б], - деп жазады. Ғалымның бұл пікірі қолдауға тұрарлық. Өйткені Шәкәрімнің бүкіл өмірі мен шығармашылық мұрасы қазақты ел қылуға, мақсат-мұратын айқындауға, адамгершілік жолын нұсқауға бағытталған.

Шәкәрімнің саяси-құқықтық көзқарастары жалпы Абай ықпалында болғандықтан, Абайдың ықпалының негізінде қалыптасқан болатын. Кейіннен келе өзінің қазақ даласындағы билік ісіне арласуы да Шәкәрімнің саяси- құқықтық ойларын шыңдауға әсер етті. Сонымен қатар, қазақ даласындағы саяси режимдердің өзгеруі де, оның саяси-құқықтық ойларына ерекше ықпал жасады. Осы қайнар көздердің негізінде Шәкәрімнің саяси-құқықтық ойлары ұшқырланып, даралана түсті. Шәкәрімнің саяси-құқықтық ойларының басты ерекшелігі жалпы әділдік, бостандық, теңдік идеяларын арқау етті. Сонымен қатар, Шәкәрім шығыс пен батыс ойшылдарының еңбектерінен сусындай отыра, оны қорыта келе, өзіндік саяси-құқықтық пайымдаулар жасауға ұмтылды. Шәкәрімнің саяси-құқықтық ойлары қоғамдық сананың басқа да нысандарымен құйылмалы түрде, сикретті дамыған болатын.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исакова Г.К. Шәкәрімнің саяси-құқықтық көзқарасы және қазіргі заман // Евразия орталығы. – 2008. - №2. – 103-109 бб.
2. Шәкәрімұлы А. Шәкәрім жайындағы естеліктер // Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Роман, қара сөздер, мақалалар, аудармалар. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 2.Т. – 437 б.
3. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей: Тенгри, 2008. – 864 б.
4. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер / Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
5. Сәтбаева Ш.К. Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы: Білім, 1990. – 185 б.

УДК: 340.11: 316  
МРНТИ: 10.07.31

*Ж.Н.Исабаева*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ*

## ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі заманның басты талабы - мемлекеттік және халықаралық стандартқа сай, бәсекеге икемді түрлі саладағы жас мамандарды даярлап шығару. Бұл өте күрделі іс. Оның негізіне жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінде даярлығы мол, өзіне қойылатын әлеуметтік-адамгершілік талаптар мен этикалық нормаларды меңгерген кәсіпқой маман тұлғасын қалыптастыру, отансүйгіш, интернационалдық сезімде тәрбиеленген жастарды қалыптастыру, дүниежүзілік құқықтық дамудың тәжірибесін меңгеріп қана қоймаған, ел дамуының кәсіптік мүддесіне сай өз көзқарасын қалыптастырған, оларды пайдалана білуге дағдыланған азаматтарды тәрбиелеу басты іс болып табылады.

**Кілт сөздер:** жастар, құқықтық тәрбие, құқықтық мәдениет, заңдар, әлеуметтік мемлекет, құқықтық мемлекет, құқықтық сана және т.б.

*Zh. Issabayeva*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Abai KazNPU*

## THE IMPORTANCE OF LEGAL CULTURE AND LEGAL EDUCATION OF YOUNG PEOPLE

*Abstract*

The article considers that the main requirement of our time is the training of competitive specialists. this is a very difficult task for young specialists in various fields that meet state and international standards. It is based on the formation of a professional trained in the system of human values, possessing social and moral requirements and ethical standards to themselves, the formation of young people, educated in the Patriotic, international feelings, the education of citizens, not only learned the experience of world legal development, which has formed its attitude to professional development interests of the country, accustomed to their use.

**Keywords:** youth, legal education, legal culture, laws, social state, legal state, legal awareness, etc.

*Ж.Н.Исабаева*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*КазНПУ имени Абая*

## ЗНАЧЕНИЕ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ

*Аннотация*

В статье рассматривается, что главное требование современности-подготовка конкурентоспособных. молодых специалистов в различных областях, соответствующих государственным и международным стандартам, Это очень сложное дело. В ее основе лежит формирование личности профессионала, подготовленного в системе общечеловеческих ценностей, владеющего социально-нравственными требованиями и этическими нормами к себе, формирование молодежи, воспитанной на патриотических, интернациональных чувствах, воспитание граждан, не только усвоивших опыт мирового правового развития, сформировавших свое отношение к профессиональным интересам развития страны, привыкших к их использованию.

**Ключевые слова:** молодежь, правовое воспитание, правовая культура, законы, социальное государство, правовое государство, правосознание и др.

### **Кіріспе.**

Мақаланың өзектілігі. Қазіргі кезеңде мәдениеттің қоғам өмірінде атқаратын рөлі мен алатын орны үлкен өзгерістерге ұшырауда. Мемлекет, оның мазмұны қазіргі таңда жалпы өркениеттің озық үлгілері деңгейінде қайта ой елегінен өткізіліп, оның мәні азаматтық құндылықтардың бай тәжірибесімен толықтырыла түсуде. Бұл үрдістер құқықтың да қоғамдағы рөліне жаңа көзқарастар өлшемімен қарауды талап етеді. Сондықтан бүгінгі күні қалыптасып отырған мемлекеттік-құқықтық жүйенің басты міндеті қоғам мүшелеріне өздерінің барлық құқықтары мен мүдделерін өмірде шынайы жүзеге асырып, пайдалана алатын құқықтық жағдай қалыптастыру, оның заңи тетіктерін жасау болып отыр. Жастардың құқықтық мәдениеті жалпы құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан да біз бұл мәселені зерттеуде теориялық және методологиялық (әдіснама) маңызы бар мәселенің бірі жалпы «құқықтық мәдениеттің және оның орны мен рөліне тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз. Мәселеге осы қырынан келу бізге жастардың құқықтық мәдениетінің табиғатын жете түсінуге және оның жалпы құқықтық мәдениет жүйесінде алатын орнын толыққанды салмақтауға мүмкіндік тудырады. Әдістемелік негізі. Жұмысты жазу барысында мынандай әдістер қолданылды: анализ, синтез, құқықтық-салыстырмалы әдіс, тарихи-құқықтық әдіс.

### **Негізгі бөлімі.**

Құқықтық мәдениет жалпы мәдениет ұғымы секілді құқық теориясында бір жақты қаралып бағаланбайды. Бұны әрине түсінуге де болады. Себебі, құқықтық мәдениетті бір түсініктің аясында толығымен ашып көрсету мүмкін емес. Құқықтық мәдениет - әлеуметтік феномен ретінде күрделі құбылыс. Ол - өзінің бойына әртүрлі маңызды белгілер мен критерийлерді топтастыра алған өте ауқымды жүйелік құрылым. Сондықтан да құқықтық мәдениет ұғымы мен оның табиғатын ашуға қатысты сан түрлі көзқарастар мен пікірлердің жүйесі қалыптасқан болатын. Құқықтық мәдениеттің теориялық және методологиялық мәселелерімен терең айналысқан ғалымдардың бірі В.П. Сальников құқықтық мәдениет табиғатын ашуға байланысты көзқарастардың дамуының кейбір қырларына тоқтала келе: «60 жылдардың аяғы 70 жылдарың басында құқықтық мәдениет ұғымын беруде екі бағыт тұрғысынан: қоғам дамуының белгілі кезеңіндегі идеялық құқықтық жағдай тұрғысынан және құқық туралы білім жиынтығы, заңдарды қолдана білу және оған деген құрметке қатысты көзқарас қырынан келгендігін» [1, 19 б.] сөз етеді.

Отандық заң ғылымында осы саламен көп жыл бойы айналысып жүрген ғалым А.С. Ибраеваның да құқықтық мәдениетке қатысты қалыптасқан көзқарастар мен пікірлерді саралай келе берген өзіндік анықтамасын да осы сипатқа жатқызуға болады [2, 28 б.].

Құқықтық мәдениет қоғам дамуымен ілгері жылжып отыратын, тарихи сабақтастықта, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отыратын құқықтық болмыстың ақиқаты іріктеп алып отырған құндылықтар мен тұлғаның құқықтық қызметін қалыптастырған мәдени маңызды өлшемдердің озық жүйесі болып табылады. Құқықтық мәдениетке оның негізгі мәнін көрсететін ерекше белгілер тән болып келеді. Құқықтық мәдениеттің құрылымы арқылы біз жалпы құқықтық мәдениеттің тұтас құрылым ретінде қызмет етуімен даму бағыттарын, ерекшеліктері мен оған тән негізгі белгілердің қырларын толық түсінуге мүмкіндік аламыз. Заң әдебиеттерінде құрылым жалпы алғанда былайша түсіндіріледі – компоненттерден (элементтерден) тұратын ортақ жүйенің ішкі ұйымдастырылуы. Құрылым әрқашанда жүйенің ұйымдасқан, белгілі тәртіпке енгізілген, элементтерінің өзара байланыстағы жиынтығы ретінде көрінеді. Құқықтық мәдениеттің құрамына көңіл бөліп, оны талдау – құқықтық мәдениетті құрайтын негізгі элементтерді ажыратуға, осы элементтердің маңызды өзара байланыстылықтарын көрсетуге, сонымен қатар құқықтық мәдениеттің ең соңында біртұтас құбылыс екендігін сипаттауға жол ашатын дұрыс жол болып табылады. Құқықтық мәдениеттің құрамын бір жақты бағалауға болатын құбылыс емес, ол күрделі, қатпарлы феномендік сипаты бар жүйе. Құқықтық мәдениеттің құрылымын зерттеуде тағы бір ескеретін жағдай қоғамдағы объективті және субъективті факторлардың ықпалымен оның өзгеріп отыратындығын ескеруіміздің қажет екендігі. Құқықтық мәдениеттің өзгерісті тез қабылдап түрленуге бейім элементтерінің қатарына құқықтық сананы да жатқызуға болады. Құқықтық мәдениет теориясындағы тағы да бір маңызды мәселенің біріне құқықтық мәдениеттің құрылымы және оның элементтері жатады. Құқықтық мәдениеттің құрылымы теорияда көптеген авторлар тарапынан әртүрлі компоненттер жүйесінен тұратын құрылым ретінде қарастырылуда. Былайша айтқанда, құқықтық мәдениеттің құрылымдық сипатын құрайтын элементтерді ажыратып көрсету әлі болса теорияда өзінің біркелкі шешімін таба қойған жоқ. Соған қарамастан құқықтық мәдениетпен айналысушы ғалымдар бұл мәселені терең талдауға

ұмтылған сайын, шешуі қиын шиыршықталған ойдың қармауында қалып отыр. Мұның өзі құқықтық мәдениеттің сан қырлы сипаты бар құбылыс екендігін тағы бір рет дәлелдейтіндей. Қанша дегенмен, құқықтық мәдениеттің мәнін түсінуде, оның құрылымдық жүйесіне кіретін элементтерді ашып көрсету өте қажет. Егер біз тұлғаның құқықтық мәдениетіне, оның деңгейіне, қоғам өміріндегі көріністеріне қысқаша тоқталып өтпейтін болсақ, онда жалпы құқықтық мәдениеттің жастардың құқықтық мәдениетін тануда және зерттеудегі дүниетанымдық базалық ұғымы екендігін толық ашып көрсете алмаған болар едік. Құқықтық мәдениет теориясында әртүрлі көзқарастар легін тудырып, бір жақты бағаланбай отырған мәселенің бірі-тұлғаның құқықтық мәдениеті болып отыр. Тұлғаның құқықтық мәдениетіне қатысты көзқарастарды құқықтық мәдениеттің жалпы, өзекті қырларымен, әр жылдары айналысқан құқықтық мәдениеттің ғылыми базасын толықтырып, өркендетуші: Е.В. Аграновская, В.А. Бурмистров, В.П. Федорин, А.П. Семитко, В.П. Сальников, Г.И. Балюк, Н.Л. Гранат, А.Р. Ратинов, В.И. Каминская, А.С. Ибраева секілді құқықтық мәдениет теориясының зерттеген ғалымдар өз еңбектерінде білдірген болатын. Құқықтық мәдениет қоғам дамуымен ілгері жылжып отыратын, тарихи сабақтастықта, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отыратын құқықтық болмыстың ақиқаты іріктеп алып отырған құндылықтар мен тұлғаның құқықтық қызметін қалыптастырған мәдени маңызды өлшемдердің озық жүйесі болып табылады. Құқықтық мәдениетке оның негізгі мәнін көрсететін ерекше белгілер тән болып келеді. Құқық тәжірибесі теорияда және тәжірибеде өте күрделі де, ауқымды мәселенің қатарына жатады. Жалпы тәрбие - қоғамды сауықтыру мен жүйелі бағытта жылжуында негізгі орынға ие болып табылатын қоғамдық факторлардың бірі. Тәрбиенің оның ішінде құқықтық тәрбиенің маңыздылығына адамдар ерте бастан-ақ ерекше көңіл бөлгенін көруге болады. Құқықтық тәрбие қандай да болмасын мемлекеттік-құқықтық дамуында соңғы орындарға ысырылып тасталмағанын сеніммен айтуға болады. Күнделікті өмірде құқықтық тәрбиенің кең етек жаюына қатысты қыруар жұмыстар жүргізілді, көптеген шаралар ұйымдастырылды. Сөз етіп отырған уақыт аралығында құқықтық тәрбиенің құқықтық үгіт-насихат, құқықтық ағарту, құқықтық білім беру сияқты нысандары дами түсті. Құқықтық тәрбиені жүргізудің, біздің ойымызша, жақсы бастамаларының бірі құқықтық тәрбиені тәрбиенің басқа патриоттық, әдептілік, адамгершілік, еңбекке баулу т.б. түрлерімен қосарластыра, кешенді жүргізудің соңына дейін өз деңгейінде атқарылмауы да өз салқынын тигізгендей. Қазіргі кезеңде, әсіресе, жастарды құқықтық тәрбиелеу барысында, оны кешенді жүргізудің беретін нәтижесі қомақтылау болғандай. Құқықтық тәрбиені жастар арасында адамгершілік, рухани, ізгілік және саяси, патриоттық бастаулардан нәр алу бағытында өрбіту міндеті тұр, өйткені ол Қазақстанның қазіргі болмысынан туындаған қажеттілік болып табылады. Себебі, жастар дегеніміз - өскелең ұрпақ, олардың бойында өмірлік ұстанымдар мен құндылықтар әзірге әлі орныққан сенімге айналмаған ақиқат. Жастарды тәрбиелеуді қазақ ұлы ойшылдары ерекше іс деп санаған.

С.З. Зиманов «Қазақтың ата-зандары және оның бастаулары» атты еңбегінде қазіргі қоғамдағы құқықтық мәдениет пен тәрбиені зерттеу туралы өз көзқарастарымен пікірлерін білдірген [3].

Олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі әрбір жеке адамның ақылы мен мінезінің, адамгершілік жағынан қалыптасып, жетіліп толығына байланысты. Заңгер ғалымдардың тұжырымдауына, құқықтық ойларды жастар бойына сіңіруі, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруы – адамгершілік, ізгілік жөніндегі пайымдарға негізделген жағдайларда ғана нәтиже береді. Сондықтан да құқықтық мәдениетті қалыптастырудың басты шарты – жастардың бойына адамгершілік, ізгілік ұғымдарын, нормаларын сіңіру болып табылады.

Құқықтық тәрбие қоғам өміріндегі өзгерістерге өте сезімталдық танытатын құбылыс болып табылады. Қоғамдағы процестер жиі өзгерген сайын құқықтық тәрбиенің бағыты да, мақсаты мен міндеттері де қайта қаралып, қоғам талабы тудырған жағдайларға бейімделіп жүргізіліп отырғаны жөн. Бұл құқықтық тәрбиенің өте тиімді және орынды бағыт алуына жағдай тудыратын шарт болып табылады. Қоғам өміріндегі тұрақсыздықта құқықтық тәрбиенің төмен деңгейде жүргізілуіне оның пайдасынан гөрі зиянының басымдау болуына жол ашуы мүмкін. Осы жағдайларға сәйкес біз де құқықтық тәрбиенің ұғымын қоғамда өзгерістер тудырған жағдайлармен мазмұндап отыруымыз қажет. Қазір құқықтық тәрбиенің жалпы кең мағынасынан қарағанда, тар немесе арнайы заңи мағынасының маңызы жоғарылау. Сондықтан құқықтық тәрбие мақсатты түрде жүргізілетін, ғылыми негізде ұйымдастырылған, қоғамдық процестерге сезімтал келетін қоғам мүшелерінің санасы мен мәдениетін жоғары деңгейге көтеруді басты меже тұтатын мемлекеттік органдар мен қоғамдық құрылымдардың қызметтерінің өзегі деуге болатындай.

Құқықтық тәрбиеге оның мәнін көрсететін және мазмұнын құрайтын тұрақты белгілер тән. Құқықтық тәрбиенің бұл белгілерін біз құқықтық тәрбиенің ерекшелігі ретінде қараймыз. Құқықтық тәрбиенің ерекшеліктерін мыналар құрайды:

- құқықтық тәрбие қоғамда болатын өзгерістерге тез сезімталдық таныта алатын құбылыс болып табылады;

- құқықтық тәрбие қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті орнықтыруға ерекше әсер ете алатын күші бар фактордың бірі. Яғни, қоғамдағы құқықтық тәртіп пен заңдылықтың сақталуы, қалыптасуы және тиімділігі осы құқықтық тәрбиенің дұрыс және орайлы ұйымдасуымен өте тығыз байланысты;

- құқықтық тәрбиесі тәрбиенің басқа да бағыттарымен қосарласа отырып атқарылатын кешендік сипаттағы іс-шара;

- құқықтық тәрбие қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен міндетін жоғары деңгейге көтеруге қабілетті бірден-бір құқықтық құрал қызметін атқарады;

- құқықтық тәрбие мемлекеттік органдар мен қоғамдық құрылымдардың жүйелі, мақсатты арнайы жүргізілетін қызметтері мен бірлескен әрекеттерінің бағыттары болып табылады;

- құқықтық тәрбие қоғам мүшелерін құқықтық білімді осы күнделікті ұстанымға айналдыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде түсінуге болады т.б.

Құқықтық тәрбиеге бұдан да басқа белгілер тән. Біздің ойымызша, жоғарыда бөліп көрсеткен құқықтық тәрбиенің ерекшелігін сипаттайтын белгілер тұрақты және оның негізгі мәнімен мақсатын бейнелеуге қабілетті, әрі жеткілікті болып табылады. Құқықтық тәрбие негізінен құқықтық сананы қалыптастыруға бағытталады. Қоғамда қаншалықты дәрежеде біз құқықтық тәрбиені өз деңгейінде жүргізе аламыз, соғұрлым қоғам мүшелерінің құқықтық санасын өз дәрежесінде дамытуға, көтеруге ұмтыламыз. Құқықтық тәрбиенің әсер ету объектісі болады. Құқықтық тәрбиенің әсер ету объектісі оның неге бағытталғандығын көрсетеді. Оның негізгі объектісі:

- қоғамдық сана. Құқықтық тәрбие қоғамдық санаға жалпы тұрақтылық тәрбиенің барлық әдіс-тәсілдері мен нысандарының жиынтығының іс-әрекеттерінің көрінісі ретінде ықпал ете алады;

- топтық сана. Құқықтық тәрбие әрбір әлеуметтік топтың мақсаттарын, негізгі бағыттарын есепке ала отырып жүзеге асырылуы қажет. Сонда ғана құқықтық тәрбиенің әртүрлі қоғамдық топтардың санасына ықпал етуі арта түседі;

- жеке құқықтық сана. Құқықтық тәрбиені бұл бағытта әрбір жеке тұлғаның әлеуметтік ортасын, оның жас мөлшерін, кәсібін т.б. жағдайларын басшылыққа ала отырып жүргізген тиімді, әрі ұтымды болады.

Құқықтық тәрбиенің міндеттерін бөліп көрсететін болсақ, ол төмендегідей болып шығады:

- қоғам мүшелерінің бойына мөлшердегі құқықтық білімді сіңіру;

- қоғамда қалыптасқан құқықтық шындыққа қатысты жағымды ой-пікір орнықтыру;

- құқыққа сай жүріс-тұрысты әдетке, дағдыға айналдыру;

- заңда белгіленген құқықтар мен мүдделерін қоғам мүшелерінің қорғай және пайдалана алуға баулу;

- мемлекеттік құқықтық іске белсенді араласу қабілетін ояту.

Құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері оның әлеуметтік қызметкерлерімен тікелей байланысты болып келеді. Оның әрекет етуі күнделікті өміріміздегі атқаратын қызметтерінен анық көрініп отырады. Құқықтық тәрбиенің қызметтері жалпы құқықтың қызметтерімен өзара байланысты. Бірақ олар өздерінің мәні жағынан алып қарағанда бір ұғымды білдіре қоймайды. Жалпы құқық өзінің қызметі мен бүкіл қоғамдық қатынастар жүйесіне әсер ететін болса, құқықтық тәрбиенің қызметтері, негізінен, қоғам мүшелерінің санасы мен жүріс-тұрыстарына бағытталған. Құқықтық тәрбиенің қызметтері қоғам мүшелерінің құқықтық санасын қалыптастыру мен дамыту және олардың жүріс-тұрысын құқықтық талаптарға сәйкес дағдылауға машықтаудың негізгі бағыттары көрсететін жүйесінің көрінісі болып табылады. Құқықтық тәрбие теориясына қатысты құқықтық тәрбиенің танымдық, бағалаушылық, реттеушілік қызметтері көрсетілгенін көруге болады.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі қоғам өмірінде көптеген өзекті мәселелерді тудырғаны белгілі. Бұл қай кезде болмасын өтпелі кезенді бастан кешірген елдердің тарихында болатын жағдай. Қазақстан Республикасында құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында мәселелердің бар екендігі шындық. Қазіргі еліміздегі құқықтық тәрбие концепциясының нұсқасы көптеген талаптарды объективті түрде қайта қарауды, құқықтық тәрбие процесінің сапалығын арттыруға бағытталған жаңаша талдауды қажет етеді. Құқықтық тәрбие концепциясының тиімді

дамуы, оның негіздерінің теориялық жетілдірілуіне әртүрлі әлеуметтік топтар үшін бейімделген жаңа әдістемені дайындауға байланысты. Еліміздегі мемлекеттік-құқықтық кеңістіктегі өзгерістер тек мемлекеттік қана емес, қоғамдық өмірде де тұрақсыздыққа алып келеді, жылдар бойы қалыптасқан адамдардың өмір сүру дағдысы түп негізімен өзгерістерге тап болады. Сондықтан өмірдегі маңызды мәселелермен қатар құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениет құбылмалы сипатқа душар болды және көпшілік үшін екінші орынға ысырылды, біртіндеп өзінің маңыздылығын жойды. Білім мекемелері әлі де өзінің оқу-тәрбиелік жүйесін қайта құрып үлгері алмауда. Құқық қорғау органдары шұғыл шиеленіскен қоғамның қылмыстану жағдайында азаматтардың құқықтық тәрбиесімен айналысуда дәрменсіздік танытуда, ал заң ғылымы мемлекеттік қолдаудың әлсіздігінен, яғни арнайы осы бағытта «мемлекеттік тапсырыстың болмауынан құқықтық тәрбие идеяларын талдау және оны тәжірибеге енгізу жағы кенжелеп қалуда [4]. Осының нәтижесінде соңғы уақытта ғылыми-теориялық әдебиетте шынайы түрде «құқықтық бос кеңістік қалыптасты, құқықтық тәрбие мәселелері бойынша арнайы зерттеулер жүргізілмеді және бүгінгі күнгі талаптарға сай оны өмірге енгізу мен қолданудың жаңа әдістері жасалынбады. Құқықтық тәрбие идеясының өзі мемлекеттік органдардың мақсатты және ұйымдасқан қызметі ретінде құқықтық мәдениетті және құқықтық сананы қалыптастыруға бағытталатын мемлекеттік-құқықтық қызмет болудан қалды, яғни өзінің мәні жағынан бақылаусыз, басқарусыз басты өзінің құрылымдық элементі мақсаттылығынан айырылады. Осыған байланысты оны іске асырудың теориялық базасы мен тәжірибедегі қолданысы арасында айырмашылық пайда болуда. Қазіргі құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениет айқын түрде жаңа теориялық талдауларды, сондай-ақ қоғамтанушы ғылымдардың бірлескен шығармашылығына негізделген жаңа ғылыми ізденістерді қажет етеді. Кәсіптік білімнің жетіспеушілігі құқықтық тәрбие концепциясын одан әрі дамытуды шешуші фактордың бірі болып отыр. Біздің көзқарасымызша, мұнда екі аспектіні бөліп көрсетуге болады: ішкі және сыртқы. Заң білімі жүйесінің өзінде құқықтық тәрбие және құқықтық мәдениет бойынша арнаулы оқу курстарының жоқтығын атап өту қажет, аталған мәселені игеру және оқыту болмағандықтан, ғылыми-теориялық түрде қарастырылу мүмкін болмауда. Қазіргі құқықтық тәрбие концепциясында шынайы түрде әртүрлі әлеуметтік топтарға, әсіресе, жастардың жасы мен психологиялық ерекшелігіне негізделген, оқушыларға, жасы кәмелетке толмағандарға, студенттерге т.б. арналған айқын жазылған құқықтық тәрбие процесінің әдістемесі жоқ. Танылған, негізгі әрекет етіп отырған әдістеменің болмауы барлық құқықтық тәрбие жүйесін, яғни құқықтық тәрбиені іске асырушы органдар, ұйымдар қызметін, сондай-ақ құқықтық тәрбиелік іс-шаралардың нақты түрлерін іске асыруды қиындатуда. Болашақта құқықтық тәрбие құқықтық жүйеде іске асырылуы тиіс, адамгершілікке негізделген қоғамның құндылықтары мен талаптарымен үйлескен мінез-құлқын қалыптастыруға бағыттауы керек. Құқықтық тәрбие, құқықтық әлеуметтену процесінің бөлінбейтін бөлігі. Оның мақсаты - білім, сенім, ниет және әлеуметтік-белсенді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Жастардың құқықтық тәрбиесінің маңызды міндеті – рухани, идеялық құндылықтарды сенімге және шынайы дағдыға айналдыру. Жастардың құқықтық тәрбиесіне қатысты мәселелер, олардың нысандары мен әдістері кейінгі бөлімдерде арнайы сөз болатындықтан, біз бұл жерде оған кеңінен тоқталмаймыз. Жастардың құқықтық әлеуметтенуінде құқықтық өзін-өзі тәрбиелеу әдісінің өзіндік орны бар. Құқықтық өзін-өзі тәрбиелеу жеке адамға тікелей байланысты. Бұл жерде маңызды орынды сол өзін-өзі тәрбиелейтін ішкі ұмтылысы, ниеті және оның қажеттілігін сезіну деңгейі алады. Оны терең өзін-өзі құқықтық тәрбиелеуге ұмтылған адам түсінуі қажет және жүйелі түрде сол іспен айналысуға әзір болуы керек. Осы жағдайларда ғана құқықтық өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесін береді. Өйткені құқықтық өзін-өзі тәрбиелеу белгілі, құқықтық, моральдық құндылықтар мен қағидаларды игеруді, дамытуды, байытуды қажет етеді. Ол өз кезегінде қандай да болмасын негативтік сыртқы факторларға қарсы тұруға жол ашады. Былай айтқанда, негативті көріністерге қарсы иммунитет пайда болады. Құқықтық өзін-өзі тәрбиелеу ерекше қырлы өз бетінше құқықтық білім алуды құрайды. Жастардың құқықтық әлеуметтенуі өте күрделі процесс. Бір қоғамдық қатынастар жүйесінен екінші жүйеге өтіп жатқан қазіргі кезеңде, құндылықтарда, өзгеріске ұшыраған заманда жастарға әсер ететін мәдениет нормаларының, жүйелі түрде білім беруді және құқықтық тәрбиенің, мінез-құлық нормаларының дұрыс меңгеруінің маңызы зор. Жастардың бойында құқықтық әлеуметтенуді түрлі жолдармен, әдістермен қалыптастыруға болады. Аға буынның жас ұрпаққа құқықтық мәдениетті беруі, яғни бұрынғы қалыптасқан құқықтық сананың және құқықтық мінез-құлық үлгілерінің жас ұрпаққа өтуі. Бұл бір жағынан құқықтық әлеуметтену процесіне консервативтік сипат беретін болса, екінші жағынан жас ұрпақтың санасында мінез-құлық үлгілерін, құндылықтар мен нормаларды қалыптастырады, бұрынғы қалыптасқан озық үлгілерді меңгертеді

және бойына сіңіреді. Сондықтан жоғарыда сөз еткен ізбасарды тәрбиелеу жолын бір ізге қою керек. Жастар қандай да болмасын қызметте тәжірибелі аға буынның мол тәжірибесін үйренумен қатар, құқықтық аяда өздерін ұстау үлгілерін де алып қалар еді. Бұрыннан келе жатқан ортада қалыптасқан озық үлгілердің сабақтастығының үзілмеуіне, оның дағдылық-нормаға айналуына септігін тигізеді. Шын мәнінде құқықтық әлеуметтену орталық ықпалының жемісі. Адамға 1/3 ата-анасы, 1/3 басқа адамдар ықпал етеді, солардың әсерімен қалыптасады. Жастардың құқықтық әлеуметтену процесінде құқықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Құқықтық тәрбие, құқықтық әлеуметтену процесінің бөлінбейтін бөлігі. Оның мақсаты - білім, сенім, ниет және әлеуметтік - белсенді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Жастардың құқықтық мәдениетінің бірден-бір негізгі компоненттерінің бірі - олардың құқықтық санасы болып табылады. Құқықтық сана жалпы құқықтық мәдениеттің қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Құқықтық сана дегеніміз - қоғамда кең етек жайған адамдардың құқықтық құбылыстарға қатысты сезімдерін, көзқарастарын, ой-пікірлерін білдіретін қоғамдық сананың бір түрі болып саналады. Құқықтық сананы белгілі ғалымдар Ғ.С. Сапарғалиев пен А.С. Ибраева былай тұжырымдайды: «Құқықтық сана - Қазақстан Републикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқықтық сезімдердің, әсерлерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі» [5,45 б.]. Біз бұл жерде жалпы құқықтық сананы қарамайтын болғандықтан, құқықтық сананың теориялық қырларына тереңдемейміз. Тек жастардың құқықтық санасының қалыптасу ерекшеліктері және оның қоғамның дамуына тигізетін әсері қырынан сөз етеміз. Жастардың құқықтық санасы заң шығару үрдісіне, құқық қорғау органдарының қызметіне т.б. жағдайларға әсер етпей қоймайды. Керісінше жоғарыда аталған жағдайларда жастардың құқықтық санасының қалыптасуына өз ықпалын тигізеді.

**Қорыта келгенде,** жастардың құқықтық санасының ерекшеліктеріне көңіл бөлгенде, біз бір жағдайды ескеруіміз қажет сияқты. Ол, біздің ойымызша, жастардың әр алуан топтарының әлеуметтік, құқықтық т.б. жағдайлары. Аталған жағдайларға байланысты қоғамдағы жастарды әртүрлі топтарға жіктеуге болады. Жастардың ерекшеліктеріне байланысты: балалар (14-ке дейінгілер); жасөспірімдер (14-18 жасқа дейінгілер); кәмелет жасынан кейінгілер (18 жастан асқандар). Тұрақты жерлеріне қарай жастар ауыл жастары және қала жастары болып бөлінеді. Білім деңгейлеріне қарай: орта білімді, арнайы орта білімді, жоғары білімді деп ажыратылады. Әртүрлі қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың мүшелігіндегі және ондай іспен айналыспайтын да жастарды бөліп қарауға болады. Жастардың құқықтық санасының қалыптасуын зерттеуде көрсетілген жіктеулердің маңызы ерекше.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Сальников В.П. *Правовая культура: теоретико-методологический аспект: Дис... д-ра юрид. наук.* – Л., 1990. – 289 с.
2. Ибраева А.С. *О некоторых особенностях правовой культуры казахского народа // Правовая реформа в Казахстане.* – 2003. – №3. – С. 27-32.
3. Зиманов С.З. *Қазақтың ата-заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары.* – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – Т. 1 – 440 б.
4. «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының» Қазақстан-2020: болашаққа жол »тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысы. <https://www.enbek.kz/docs/ru/node/163>
5. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А. *Мемлекет және құқық теориясы.* – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. -45 б.



УДК: 34(091)  
МРНТИ:10.01.09

Г.Б.Меирбекова<sup>1</sup>, А.Т.Қамза<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ СОТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ҚОЛДАНУДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ билерінің шешендік өнерінің қалыптасуы мен дамуы қарастырыла отырып, оны қолданудағы өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Билік шешімдерінің тағы бір ерекшелігі өзге халық пен мемлекеттердегі қылмыстық, азаматтық істерді қағазға түсіріп әуре болмай, ауызекі шығарып, халық жадында сақталуы жайлы сөз болады.

Сонымен бірге, билер мен билер институтының өзіндік ерекшеліктері өміршең болып, ұзақ ғасырлар бойы өзгерістерге ұшырамай, өз мәнін сақтап қалу себептері айтылады.

**Кілт сөздер:** Би, шешендік өнер, билік, шешім, билер соты, сөз құдіреті

G. B.Meirbekova<sup>1</sup>, A.T.Kamza<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University by name of Abai,  
Republic Kazakhstan, Almaty

## DISTINCTIVE FEATURES OF KAZAKH BIYS IN THE USE OF JUDICIAL ORATORY

*Abstract*

The article considers the formation and development of oratory of Kazakh biys, discusses the features of its application. We are talking about preserving another feature of the decisions of the authorities is that criminal and civil cases in other countries and States can be considered not only on paper, but also orally, but also in the memory of the people.

At the same time, the reasons why the own features of the Institute of Biy and BII become viable and retain their essence, without being changed for many centuries are described.

**Keywords:** BII, oratory, power, decision, BII court, all-powerful words.

Г.Б. Меирбекова<sup>1</sup>, А.Т.Қамза<sup>1</sup>

<sup>1</sup>КазНПУ им. Абая,  
Республика Казахстан, г. Алматы

## ОТЛИЧИТЕЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКИХ БИЕВ В ПРИМЕНЕНИИ СУДЕБНОГО ОРАТОРСКОГО ИСКУССТВА

*Аннотация*

В статье рассматривается становление и развитие ораторского искусства казахских биев, рассматриваются особенности его применения. Речь идет о сохранении еще одной особенностью решений власти является то, что уголовные, гражданские дела в других странах и государствах можно рассматривать не только на бумаге, но и в устной форме, но и в памяти народа.

В то же время излагаются причины, по которым собственные особенности института биев и би становятся жизнеспособными и сохраняют свою сущность, не подвергаясь изменениям в течение долгих веков.

**Ключевые слова:** Би, ораторское искусство, власть, решение, суд биев, всемогущая слова.

Қазақстандағы XVII-XIX ғасыр арасындағы билердің соттық шешендік сөйлеу өнерінің дамуын көзге елестетсек, алқабилер соты көз алдымызға келеді. Мысалы айыпталушыға нақты дәлелденген айғақтар жоқ болып, бірақ, оған қатты күдік білдірілген болса, онда оларды айыпталушыны айыптайтын және ақтайтын адамдарды өздері арасынан адал, ант арқылы куәлік ете алатын рубасы, ақсақалдарының куәлік беруіне жүгінетін. Билер соты ашық аспан астында ауызша, көпшіліктің көзінше жария өтетін және барлық уақытта, барлық жағдайларда қорғаушы қатыстырылатын.

Бізде биді сот деп анықтама береді. Бұл негізі дұрыс емес. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай би соты алқа билер сотына келеді дедік. Яғни дауды шешкенде кемінде үш би қатысады. Бірі айыптаушы – прокурор болса, екіншісі – ақтаушы, қорғаушы – адвокат, үшіншісі – кесім, шешім шығаратын – төбе би – кәзіргі судья. Енді осыларға қарап, биді – сот десек, сот тек бір ғана қызметті атқарады. Яғни үкім не шешім шығарушы ғана. Сондықтан билерді жалпы тілмен заңгер деп қараған дұрыс деген алдыңғы қатарлы ғалым заңгерлердің пікіріне менде қосыламын.

Сонымен бірге Қазақстандағы XVII-XIX ғасырда билер соты кемінде үш бидің қатысуымен қаралған, яғни қандай істер болса да алқалы құрамда қаралғандықтан, сол кездегі билер шешімі, билер кесімі әділ де нақ болған, қайта қарауға жатпаған. Соттық шешендік өнерді зерттеген заңгер ғалымдарымыз К.Х. Халиқов пен Е.Е. Серімов өздерінің «Сот шешендігі» атты еңбегінде «Қазақ елінің өткен тарихында билер шешімі заңды күші бар, айтқан бойда бұлжытпай орындалар ақтық сөз болып келген. Билер сөзі құқықтық заң есебінде сақталып, орындалуға міндетті еді», - дейді [1, 60 б.].

Ал енді билер мен олардың шығарған билік шешімдерінің ерекшеліктерін айтар болсақ, алдымен біз сөз өнерін, оны шығарып, дамытушы билерден, ақылғой дана ақсақалдардан басталғанын әрі шымыр да өміршең, шеберлікпен көмекейлерінен жыр секілді құйылғанын олар мақал-мәтел, қанатты сөздерге айналғанын, осындай тамаша қасиеттер билердің шығарған билік шешімдерін құрғанын айтпай өте алмаймыз. Қазақ халқының тіліне, ойлау санасына, мінез-құлқының, тәртібінің қалыптасуына игі әсер еткен. Міне осылардан туындаған билік шешімдер саф алтындай көрініп, өзге халықтардан ерекшеленеді. Өйткені, бұл шешімдер халықтық сипат алған. Бұл да билер шешімдерінің бір ерекшелігі.

Билік шешімдерінің тағы бір ерекшелігі өзге халық пен мемлекеттердегі қылмыстық, азаматтық істерді қағазға түсіріп әуре болмай, ауызекі шығарып, халық жадында сақталуы. Сондықтан да билер мен билер институтының өзіндік ерекшеліктері өміршең болып, ұзақ ғасырлар бойы өзгерістерге ұшырамай, өз мәнін сақтап қалды.

Ш. Уәлиханов бидің және оның билік шешімінің негізгі белгілерін былайша атап көрсетеді: бидің соттық билігі оның жеке беделіне негізделеді; шешендік өнерімен бірге соттық дәстүрлерді білуі; ант ішкізу дәстүрін қолдануы; билер сотының жария түрде, ауызша өтілуі; сот процесінде екі тарапқа да қорғануға мүмкіндік берілуі; билер сотының қатып қалған рәсімдерден аулақтығы; билер сотының бітімгершілік, адамгершілік принциптеріне негізделуі [2, 449 б.].

Сондықтан да халық өзінің «от ауызды, орақ тілді», «қара қылды қақ жара» әділ билік айтатын шешен, билерін ханнан бетер қадірлеп, сыйлап, олардың айтқанын кесімді, бітімді сөздерін жадында сақтап келген. Сол кездегі ата-бабаларымыз аталы бір ауыз сөзге тоқтаған. Ондай киелі сөз сөйлеу – шешендік қасиетке ие болу әсіресе қорғаушы қызметін атқаратын биге қажет болған. Өйткені айыптау да шешім шығару да оңай. Ал айыпталушыны қорғап шығу үшін бейнелі, қисынды уәж айтумен қатар, билер ауытқып, бұра тартып, бар жатса тоқтатып, әділеттілікке шақыру қиын болған. «Қазақтың билер сотының тағы бір маңызды ерекшелігі – оның руханилығы, яғни қарастырылып отырған істің материалдық мазмұнына қарағанда рухани мазмұнының басымырақ болуы, екінші жағынан би әрқашанда моралдық қағидаларды басшылыққа алуға тырысты» [3, 105-106 б.б.] - деп ерекшелігімен сипаттарын ашып көрсетеді.

Егер Цицерон сөздері алдын ала немесе процестен кейінгі қағаз бетіне түсіп қалып отырса, қазақ би шешендерінің тапқыр да ұтымды жолдары халық көкірегінде сақталып қала берген. Кейінгі уақыттарда, замандарда қиссаларда, дастандарға, хикая, романдарға бастау болған қазақ билерінің толғаулары да бір мысқал төмен түспей қайта биік шыңдарға өрмелеп бара берген.

Грек, рим ораторлары сөйлер сөздің объектісін, мән-мағынасын, себеп-салдарын күні бұрын зерттеп алып барып сөйлеген. Бұлар біресе қауымның, біресе мемлекеттің көңілінен шығуға тырысқан. Біреуді қорғаса да, қараласа да алды-артын белгілеп бағдар түзеп барып, сот алдына шыққан.

Ал, мұншалықты теориялық және практика қазақ шешендерінде болмаған. Қазақ «көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» демей ме. «Сөз – өмірдің саликалы түйіні, әрбір

сөзде жатыр маржан бұйығы» деп Әбдірахман Жәми айтса, Асан Қайғы: «Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады, таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады, су түбінде жатқан тас, жел толқытса шығады, ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады» дейді. [4, 105 б]

Кейде бір дауды қазақ айтқыштары мүлдем әзірліксіз, күтпеген жерден шешіп береді. Бұл да таланттың туымдылығына, тапқырлығына сай болса қажет. Осынау қадірлі қасиет грек, рим ораторларында, адвокаттарында кездеспейді.

«Қол бастаудан да, шаршы топта сөз бастау» - қиын демекші, сол тұстарда шаршы топта өздерінің әділде, тура шешімдерін, «мақалдап» ақындық төкпе сөздермен түсінікті де нақ айта білген билеріміздің шешендік сөздері тарих қойнауларында қалып кетпей, күні бүгінге жетіп отыр. Сондықтан ежелден келе жатқан дәстүріміз – шешендік сөйлеу өнерін қалпына келтіріп, оны жаңа талаптарға сай кеңінен пайдаланып, қажет болса, «шешендік мектептерін» ашып, тілден айырылып бара жатқан ұрпақтарымызды үйретіп кетсек, Кеңес дәуіріндегі «өшкеніміз жанып, жоғалтқанымызды табар едік». Өйткені, қазақ халқы жоғарыда айтқанымыздай «Сөз кәдірін өз кәдірім» - деп түсінетін халық. Өйткені, билік айтқан билерге қойылатын талаптың ең біріншісі, К. Қайырғалиеваның еңбектерінде : «Би атану өзінен өзі келмеген, би атағына үздік шыққан шешен ...., сөз күдіретінің қадірін түсірмейтін, ақыл-парасаты жоғары, ұшқыр ойлы, сөйлеген сайын тасып отыратын білімдар шешен, дарын иелері болған адамдар ғана билер дәрежесіне көтерілген» [5, 4 б.]. Әділ билік айту – әділ пиғылды, түзу ниетті адамның жаратылыс құқығына негізделген белгілі бір дауға көзқарасы, дау туралы шешімі, басы дауға тап болған адамға көмегі.

Мұндай әділ ниетті адамдар би болуға, билік айтуға ұмтылған. Ондай істі үлкен жауапкершілік деп қашқан. Бірақ даугерлер немесе олардың атынан бүкіл қоғам сұрағасын өзінің қоғамына, бастары дауға қалған жандарға берген көмегім деп, қоғамның өтінішіне мойынсұнып би болуға, билік айтуға амалсыздан келіскен.

Олар би болуға, билік айтуға ұмтылмаған. Керісінше одан қашқан «Ондай жауапкершілікті мойынға алуға мен лайықтымын ба» - деп өздеріне сын көзбен қараған [6, 182 б.].

Билер сотында қағазбастылық, үстірттік, ресми кертартпалық жоқ.

Қазақ билерінің билік жасау ерекшеліктері Ш. Уәлихановтың, Ш. Құдайбердіұлының, Абайдың, Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсынұлының, С. Сейфуллиндердің еңбектерінде әр қырынан сөз болады.

Осы билер ешқандай атақ дәрежесіз, байлықсыз, бойларына біткен дарынды шешендік сөйлеу өнерлерімен билік айта отырып, қазақ даласына зындан, ешқандай түрме атауларын кіргізбеген.

Өздерінің билік-кесім-шешімдерімен, екі жақты татуластырып, бітімгершілік келісімге келтіріп отырған. Олардың бұл қасиеті ұрпақ тәрбиелеу қызметінде рөлі зор болған. Билердің осы қасиетінен үлгі-өнеге алсақ, бүгінгі таңда парықсыздық өріс алып, күннен – күнге, әсіресе жастар арасында қылмыс пен бұзақылық етек жайып тұрған уақытта ауылдық жерлерде, аудан орталықтарында көнекөз, ауыл-аймаққа сөзі өтетін, беделді қарт ардагерлерімізден билер тобын ұйымдастырсақ жастарымызда жөн-жосығы жоқ, жаман әрекеттерге бармас па еді. Жастық қателіктерінен ерте бастан колониялар мен бас бостандығынан айыру мекемелеріне түспес еді. Сондықтан, өткен тарихымыздан сабақ алып, оны ұрпақ тәрбиесіне жұмылдырсақ, болашақта ұлағатты да парасатты ұрпақ қана емес, өшіп бара жатқан, қанымызда бар шешендік сөйлеу өнерімізді қалпына келтірер едік.

Сондықтан ежелден келе жатқан аталы дәстүріміз – шешендік өнерді қайта қалпына келтіріп, оны жаңа талап, жаңа мақсат-мұратқа сай игілігімізге айналдырып, ұрпақ тәрбиелеу ісіне, болашақ мүддесіне пайдалану ләзім. Шешендік дау, Б. Адамбаевтың айтқанындай, қазақ қауымының материалдық және рухани даулы мәселелерін, қылмысты істерді шешетін ежелгі әдет заңы. Мұндай дауларда ұту үшін жүйрік ой, жүйелі сөздің маңызы зор болған.

Шешендік өнердің қайта жаңғыруы – қоғамдық қажеттілік. Шешендік өнер жанр ретінде Қазақ қоғамында XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында соңғы би-шешендермен бірге жоғалды, себебі қазақ даласында сөз бостандығына тежеу салынған еді, оның есесіне жоғарыдан үстемдік ету күшейді. Енді шешендік өнердің міндетін поэзия мен проза атқарды. Поэзия мен проза, яғни көркем әдебиет идеологияның құралына айналды да, адамдарды социалистік, коммунистік идеологияға сәйкес тәрбиеледі, көнбіс етті. Қалың көпшілік дербес ойлауға, жұрт алдында суырылып сөйлеуге, ойын ашық айтуға, басқалармен сөз таласына шығуға қабілетсіз болды. Негізі, заң факультеттерінің студенттеріне кәзіргі кездегі кредиттік жүйе зиянын тигізбесе, пайдасы жоқ. Өйткені мектептен бастап, жоғарғы оқу орындарындағы сынақ, емтихандардың барлығы тест түрінде өтеді. Бұл олардың сөйлеу қабілетін ғана емес, ойлау қабілеттерін де жояды. Бара- бара бала жаттанды компьютер тәрізді

бір ғана сөзді айта алады да, сөйлеуді ұмытады. Бұл дегеніміз өзіміздің ата-бабаларымыз сияқты болашақ ұрпақтарға қалдыратын шешендік өнер мен тәлім- тәрбиелік үлгі-өнегеден артымызда ешнәрсе қалдыра алмаймыз деген сөз. Яғни тарихта тек жазушылар мен ақындардың ғана айтқандары мен аты қалады да, ал заңгерлердің «тек қана осындай заңгерлер болған» деген аттары ғана қалатын сияқты, егер қалса... Сондықтан бүкіл оқу орындарында кіргізілген кредиттік жүйе тек қана техникалық, медициналық, экономикалық мамандар әзірлейтін оқу орындарына қажет болғанымен, заңгерлерге түк қажеті жоқ жүйе. Заңгерлерге сөйлеу, ойлау өнерлері ең басты керек те қажет нәрсе.

Соңғы жылдары, яғни еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғаннан бастап, шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келді. Елдің тәуелсіздігі өзімен бірге ойлау тәуелсіздігін санадағы, танымдағы тәуелсіздікті, тіл тәуелсіздігін қоса ала келді. Демократиялық қоғам өмірдің әр түрлі көзқараста, сот істері тақырыбында шешіліп сөйлеуге мүмкіндік туды. Сондықтан болашақ жас мамандарға халық, қауым алдында жиі баяндама жасап, әрбір сөзді дәлелдей сөйлеу үшін де ең алдымен шешендік өнерді би, шешендерді, классиктерді негізге ала отырып үйрену әсте артық емес.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Халиков К.Х., Серімов Е.Е. *Сот шешендігі. Оқу құралы.* - Қарағанды: Болашақ-баспа, 2006. - 218 б.
2. Уәлиханов Ш. *Собр. соч. в 5 томах. I-том.* - А., 1985. – 524 б.
3. Зиманов С.З. *Би – халық шежірешісі, данасы әрі заңгері // Қазақтың Ата Заңдары, III-том.* - А., 2004. -105-106-беттер
4. Адамбаев Б. *Шешендік сөздер.* Алматы, 1990 ж. -167 б.
5. Қайырғалиева К. *Қазақ ойлау мәдениетіндегі билер сөзінің орны. // Ана тілі.* –2000. - № 22
6. Кенжалиев З.Ж. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы соттық-билік қатынастарының ерекшеліктері. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. /Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. 10 том.* -Алматы: Жеті жарғы, 2009. – 592 б.

УДК: 340.1: 321.01

МРНТИ: 10.07.01

*А.Жомартқызы<sup>1</sup>, С.Мадыхан<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>ҚазҰАУ, аға оқытушы,*

*Алматы қаласы, Қазақстан*

*<sup>2</sup>Д.А. Қонаев атындағы ЕЗА, аға оқытушы,*

*Алматы қаласы, Қазақстан*

## **ҚҰҚЫҚТАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ҚОРҒАУ ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада автор құқықтарды өзін-өзі қорғауды қолданудың теориялық және тәжірибелік аспектілерін қарастыра отырып, құқықтарды өзін-өзі қорғаудың тәсілдерін жүзеге асыру мәселелері зерттелінген. Өзін-өзі қорғау немесе өзін-өзі қорғау - мемлекеттің, заңды немесе жеке тұлғаның басқа мемлекеттің, заңды немесе жеке тұлғаның шабуылымен бұзылған құқықтарын қамтамасыз ету үшін қабылданған жауап әрекеттеріу білдіреді.

**Кілт сөздер:** өзін-өзі қорғау, құқық, ұстап қалу, қажетті қорғану, аса қажеттілік жағдайында зиян келтіру.

*A. Zhomartkyzy<sup>1</sup>, S. Madykhan<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>KazNAU, senior lecturer,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>EUA named after D.A.Kunaev, senior lecturer,  
Almaty, Kazakhstan*

## PROBLEMS OF IMPROVING THE INSTITUTION OF SELF-DEFENSE IN LAW

### *Abstract*

In this article the author considers theoretical and practical aspects of a problem of application of self-defense of the civil rights and analyzes ways of realization of self-defense in civil law during the modern period. Self-defense or self – defense - retaliatory actions of a state, legal entity or private person taken to ensure their rights violated by an attack of another state, legal entity or private person.

**Keywords:** self-defense, right, deduction, necessary defense, actions in the conditions of emergency.

*A. Жомарткызы<sup>1</sup>, С. Мадыхан<sup>2</sup>*

*КазНАУ, ст. преподаватель,  
г. Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>ЕЮА имени Д.А.Кунаева, ст. преподаватель,  
г. Алматы, Казахстан*

## ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ИНСТИТУТА САМОЗАЩИТЫ В ПРАВЕ

### *Аннотация*

В данной статье автор рассматривает теоретические и практические аспекты проблемы применения самозащиты прав и анализирует способы реализации самозащиты в праве в современный период. Самооборона или самозащита - ответные действия государства, юридического или частного лица, предпринимаемые для обеспечения своих прав, нарушенных нападением другого государства, юридического или частного лица.

**Ключевые слова:** самозащита, право, удержание, необходимая оборона, действия в условиях крайней необходимости.

Өзін-өзі қорғау немесе өзін-өзі қорғау - мемлекеттің, заңды немесе жеке тұлғаның басқа мемлекеттің, заңды немесе жеке тұлғаның шабуылымен бұзылған құқықтарын қамтамасыз ету үшін қабылданған жауап әрекеттерін білдіреді. «Өзін-өзі қорғау» термині бойынша объектіге бағытталған құқықбұзушылық орын алуда, енді оның ауыртпалығын және оған тең келетін шараларын белгілеуіміз қажет. Керсінше жағдайда көзделген әрекетті өзін-өзі қорғауға бағытталған әрекет ретінде емес, ал азаматтың құқықты қорғау әрекеті ретінде қарастырылады. Екінші ерекшелігі, өзін-өзі қорғауды жүзеге асыру заңмен анықталынады. Өзін-өзі қорғау тәсілдері құқықбұзушылықты тоқтатуға бағытталған әрекеттерді қамтуы тиіс, ал құқықбұзушылықтың алдын алу немесе бұзушылық болғаннан кейін құқықты қалыпқа келтіру әрекеттері жатпайды. Бірақ-та, заң доктринасына көз жүгіртсек, өзін-өзі қорғау тәсілдеріне бұзушылықты тоқтатумен қоса, құқыққа қолсұқпаушылықты қамтамасыз ету (міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету), бұзылған құқықты қалыпқа келтіру немесе бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толтыру әрекеттеріне жатқызады [1, 22 б].

Азаматтық құқықта ұстап қалуды азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғау тәсілі ретінде қарастыратын көзқарастар орын алған. Бұл азаматтық құқықтарды қорғаудың юрисдикциялық емес нысанын білдіреді, ал тек сот дау туындаған жағдайда ұстап қалуды дұрыс қолдануды қадағалайтын орган ретінде танылады. Ұстап қалудың белгілері өзін-өзі қорғау белгілеріне сай келеді. ҚР АҚ-нің 338-1-бабына орай [2], борышқорға не борышқор көрсеткен тұлғаға берілуге тиіс зат қарамағында болған несие беруші, борышқор осы заттың құнын төлеу немесе несие берушіге оған байланысты шығындар мен басқа да залалдарды өтеу жөніндегі міндеттемені мерзімінде орындамаған жағдайда, тиісті міндеттеме орындалғанға дейін оны ұстап қалуға құқылы.

Қажетті қорғану азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғау тәсілінің бірі болып табылады.

Қажетті қорғану - әр адамның өміріне, денсаулығына, мүлкіне, тұрғын үйіне, меншігіне және басқа да заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне қоғамға қауіпті қол сұғушылықтардан қорғануға ажырамас конституциялық құқығы болып табылады.

Қажетті қорғану институты кешенді институт қатарына жатады, яғни азаматтық құқықта, қылмыстық құқықта да, әкімшілік құқықта да көзделген. Азаматтық құқықтағы қажетті қорғанудың қылмыстық құқыққа қарағанда мазмұны көлемді. Егер қылмыстық құқықтағы қажетті қорғану қылмыс құрамының белгілері танылғанымен, қылмыс болып табылмайтын әрекеттер, ал азаматтық құқықтағы қажетті қорғану азаматтық құқықбұзушылық ұғымына кіретін, бірақ заңдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соқтырмайтын әрекеттер танылады.

Әрбір адам өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін, басқа адамның, қоғамның, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қолсұғушылықтан қорғауға құқығы бар. Қажетті қорғану кез келген азаматтың заңды құқығы. Кез келген азамат билік өкілдерінің немесе басқа адамдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне немесе қашу арқылы қол сұғушылықтан құтылуына қарамастан қажетті қорғану құқығын пайдалана алады.

Қажетті қорғану әрекеті қолсұғушылыққа жатқызатын және қорғану ретінде сипаттайтын шарт-жағдайлар болғанда ғана құқыққа сай деп есептелінеді.

Қолсұғушылық мынадай болуы тиіс:

- қоғамға қауіпті болу, яғни жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен мүдделеріне елеулі зиян тигізетіндей болуы қажет;
- қол сұғушылықтың нақты бар болуы, яғни басталған, бірақ аяқталмаған;
- шынайылық. Ол қылмыстың әрекеттің қорғанушының қиялында ғана емес, объективтік шынайылығында орын алуын білдіреді;
- жеке адамдардың құқықтары мен мүдделері ғана емес, басқа адамдардың, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің мүдделерін де қорғауға жол беріледі;
- зиян тек шабуылдаушыға келтіріледі, үшінші тұлғаға зиян тигізілмеуі керек;
- қажетті қорғаныстың шегінен шықпауы тиіс.

Осыған байланысты қаза келтіру не денсаулығына зиян келтіру бойынша істерді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) [3] 32-бабының қажетті қорғаныс және оның шектері туралы ережелеріне сүйене отырып, мақсат, себеп, кінә нысанын, қылмыстың жасалу тәсілін және әрекетті дұрыс саралауға қажетті басқа да мән-жайларды мұқият анықтау керек.

Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына, жынысына, жасына және басқа да жағдайларға қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға заңмен қорғалатын қандай объектіге қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанына, ол объект қорғанушының өзіне немесе басқа адамдарға тиесілі екендігіне, сондай-ақ қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу не басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады.

Адамды қажетті қорғаныс жағдайында болды деп тану үшін қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанын және бұл қол сұғушылық оның осы қол сұғушылықты болдырмау немесе тойтарыс беру үшін шабуыл жасаушыға қаза келтіру немесе денсаулығына зиян келтірумен ұштасқан әрекеттер жасауына себеп болғанын анықтау қажет.

Қорғанушы адамның немесе басқа да тұлғалардың әлеуметтік маңызы бар құндылықтарына, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруге бағытталған қол сұғушылық қоғамға қауіпті деп танылады. Тиісінше қажетті қорғану кезінде адамның құқығы, яғни оның өмірі, денсаулығы, жыныстық тиіспеушілігі, ар-ожданы мен намысы, меншігі, тұрғын үйі, жер учаскесі және қорғанушының өзіне және басқа тұлғаларға тиесілі өзге де құқықтары, сондай-ақ қоғам және мемлекеттің мүдделері қорғау объектілері бола алады.

Адам одан қорғануға құқылы қол сұғушылық қасақана және абайсызда жасалуы мүмкін, онда қылмыс құрамы болуы немесе қылмыс болмауы мүмкін, алайда, бұл мән-жайлар қорғанушының қорғану құқығына әсер етпейді, өйткені қорғанушы қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын адамнан, және есі дұрыс емес немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жасы жетпеген адамнан тікелей келген қасақана немесе абайсыз қол сұғушылықтан бірдей мөлшерде қорғануға құқылы.

Зиян қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасаған адамның өзіне тікелей келтірілсе ғана ол қажетті қорғану жағдайында жасалған деп танылуы мүмкін (соның ішінде олар техниканы, жануарларды, есі дұрыс емес адамдарды, жасөспірімдерді пайдаланған жағдайларда да).

Шабуыл жасаушының қасақана немесе абайсыз әрекеттерімен зиян келтіріліп болғанда ғана емес, зиян келтіру әлі басталмаған, бірақ нақтылы келтірілу қаупі төнген (мысалы, қол сұғушылықты іске асыруға дайындық әрекеттері жасалған және б.), не қол сұғушы құқыққа қарсы әрекеттерін әлі аяқтамаған (ұрып-соғуын жалғастырған, ұрланған заттарды пәтерден әкетіп үлгермеген) кезде, сондай-ақ негізінен аяқталған, бірақ істің мән-жайларына қарай қорғанушы үшін оның қай сәтте аяқталғаны айқын болмаған қол сұғушылықтан кейін іле-шала жалғасқан қорғану кезінде қажетті қорғануға жол беріледі. Аталған жағдайларды қол сұғушылықтың басталу және аяқталу сәттерінің айыпталушыға қаншалықты көрінеу болғанына, оның нақтылы қалыптасқан жағдайда ахуалды дұрыс бағалауға мүмкіндігі болған-болмағанына қарап бағалау қажет.

Қылмыстың формальды жағынан белгілері бар, бірақ маңызының шамалылығына қарай қоғамдық қауіп тудырмайтын әрекеттер жасаған адамға зиян келтірген, сондай-ақ өзінің мінез-құлқымен әдейілеп шабуыл жасауға киіліккен (арандатқан), содан кейін осы жағдайды құқыққа қарсы әрекеттер жасауға (мысалы, төбелес шығару, жазалау, кек алу және т.б.) сылтау ретінде қолданғысы келген адам қажетті қорғану жағдайында болды деп танылмайды. Егер арандатушылық жасаған адам нақтылы зиян келтірмесе, онда арандатуға ұшыраған адамның қарсы әрекеттерін қажетті қорғану жағдайында жасалған деп есептеуге негіз жоқ. Мұндай әрекеттер жалпы негіздегі жауаптылыққа әкеп соқтырады. Сондай-ақ өзі қажетті қорғану жағдайында болған немесе өзге де жағдайларда заңды әрекеттер жасаған (мысалы, қылмыскерді ұстау кезінде) адамға қарсы бағытталған әрекеттер қажетті қорғану жағдайы ретінде қаралмайды.

Қажетті қорғану жағдайында жасалынған деп танылатын қорғанудың әрекеттерін танудың алғышарттары қылмыстық та, азаматтық құқықта да бірдей танылады. Яғни, қажетті қорғану шабуыл жасау және қорғау болып танылады.

Қажетті қорғануды жалған қорғанудан ажырата білу керек. Жалған қорғану кезінде қоғамға қауіпті қол сұғушылық шын мәнінде нақтылы болмайды, бірақ оқиғаның жағдайына қарай қорғанушының қол сұғушылық жасалды деп ойлауына негіз болып, осыған орай ол қол сұғушылыққа қарсы әрекет жасадым деп қате жорамал жасайды.

Жалған қорғану кезінде келтірілген зиян үшін мынандай мән-жайлар бар болған кезде: 1) қалыптасқан жағдайға байланысты зиян келтірушінің қажетті қорғаныс жағдайында әрекет жасадым деп негізді ойлаған, бірақ ол қорғаныс шегінен шығып кеткенде; 2) зиян келтіруші тиісінше мұқият болса жағдайды дұрыс бағалауға және қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың жоқтығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндігі болғанда (мысалы, көршілерінің пәтерінен сумка көтеріп шыққан бейтаныс адамды көріп, ұрлық жасады деп ойлап зиян келтірсе, ал жәбірленуші көршілердің туысқаны болып шықса) қылмыстық жауаптылық туындайды. Мұндай жағдайларда адам нақтылы қателік туралы ережелер бойынша, яғни тиісті тұлғалардың заңмен қорғалатын объектілеріне абайсызда зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тартылады.

Шындығында қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасамаған, бірақ қорғанушының пікірінше солай жасауы мүмкін адамға келтірілген зиян қажетті қорғануды құрамайды, өйткені әрекет белгілі бір адамнан келетін нақтылы қоғамға қауіпті қол сұғушылықты тойтаруға емес, белгісіз адамдар тобына зиян келтіруге бағытталады (мысалы, жемістерін ұрлатпау үшін жеміс бағының иесі қақпаға бекітіп қойған жарылғыш заттан сол жерге кездейсоқ келген адамға келтірілген зиян).

ҚР ҚК 32-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасаған адамға қажетті қорғану жағдайында зиян келтіру қылмысты құрамайды және бұл орайда қажетті қорғану шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соқпайды. Қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне көрінеу сай келмейтін қасақана әрекеттерді қажетті қорғану шегінен шығу деп түсіну керек. Қол сұғушылыққа тойтарыс беру немесе болдырмау бойынша мұндай әрекеттердің сөзсіз салдары шабуыл жасаушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілу болып табылады.

Қажетті қорғану шегін және қол сұғушылық пен одан қорғанудың сәйкестігін/сәйкессіздігін дұрыс анықтау үшін әр іс бойынша: қол сұғушылықтың сипатын, оның қоғамдық қауіптілігін, қол сұғушылықтың қарқынын, қорғану дәрежесінің шабуылға сәйкестігін/сәйкессіздігін, қол сұғушыға келтірілген зиянның мәнін, келтірілген зиянның көрінеу (анық) шектен тыстығын, мұндай зиян келтіруге мәжбүр еткен/мәжбүр етпеген жағдайды және басқаларды анықтау және баға беру қажет.

Қол сұғушылықтың сипатына баға берген кезде шабуыл жасаушының әрекеттерінің бағытын, күш қолдану, мүліктік немесе рухани (моральдық) сипатта болуы мүмкін келтірілген зиянның мәнін есепке алу қажет. Қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың дәрежесі оның сипатына, сондай-ақ шабуыл

жасаушылардың қарқынына, олардың санына, жас ерекшеліктеріне, қаруларының бар-жоғына және басқа да нақты мән-жайларға қарай анықталады.

Қорғанудың қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкес келуі, қорғанушының өзінің күші мен шабуыл жасаушының күшінің нақтылы ара салмағын есепке алуын және барлық мән-жайларды ескере отырып, қол сұғушылыққа тойтарыс беруде қажеттіден артық зиян келтіруге жол бермеуін көздейді. Бұл орайда қорғанушыларға қасақана келтірген зиянның шабуыл жасаушыға келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның көлеміне, сипатына сәйкес келмеуі қорғану құқығын жүзеге асыру үшін осындай зиян келтірудің қажеттілігі жоғы көрінеу айқын болғанда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Шабуыл жасау мен қорғанудың сәйкестігін бағалағанда қажетті қорғану арқылы қол сұғушыға зиян келтіру қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайтынын қарастыратын ҚР ҚК 32-бабының үшінші бөлігін ескеру қажет. Қол сұғушылықтың адам өміріне қарсы бағытталуын, сондай-ақ заңмен қорғалатын басқа да объектілерге қол сұғушылық кезінде қару қолданылуын заң шығарушы, шабуыл жасаушыға келтірілген зиянның сипатына қарамастан қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне сәйкес деп танылатын мән-жайлар ретінде қарастырады. Мұндай әрекеттер қажетті қорғану шегінде жасалған деп қарастырылады және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды. Атыс немесе суық қаруға, оқ-дәріге жатқызылған, олардың көмегімен адамға қаза келтіруге болатын, оның шабуыл жасаушыда болуы қажетті қорғаныс шегінен шығуды жоққа шығаратын мән-жайлар болып табылатын заттарды қару деп таныған жөн. Шаруашылық-тұрмыстық және басқа мақсатта қолданылатын өзге де заттармен (балға, балта, асүй пышағы, жас шығарғыш немесе тітіркендіргіш заттармен жаракталған тозаңдатқыштар, тас, таяқ, кірпіш және т.с.с.) қаруланған шабуыл жасаушыға келтірілген зиян, тек қажетті қорғану шегінен шықпаған жағдайда жауаптылыққа әкеп соқпайды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдары қажетті қорғану кезінде келтірілген кез келген зиян үшін емес, тек қасақана келтірілгені үшін жауапкершілік белгілейді. Осыған орай, қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған қылмыстар субъективтік жағынан тек қасақана кінә болып сипатталады. Егер зиян қол сұғушыға абайсызда келтірілсе, онда қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған мұндай әрекет қылмыстық деп танылмайды және жазалануға жатпайды.

ҚР ҚК 99-бабында (қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру), 109-бабында (қажетті қорғану шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру) қарастырылған қылмыстардың белгілері болғанда ғана қажетті қорғану шегінен шығу кезінде келтірілген зиян үшін жауаптылық туындайды. Бұл қажетті қорғану кезінде шабуыл жасаушының денсаулығына келтірілген шағын немесе ауырлығы орташа зиян қорғанушыны қылмыстық жауаптылыққа тартуға әкеп соқпайды дегенді білдіреді.

Қажетті қорғану кезінде, бірақ оның шегінен шығу арқылы жасалған әрекет үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселені шешуде ҚР ҚК 66-бабында бекітілген, мұндай адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босататын ереженің маңызы зор. Қылмыстық заңның аталған нормасы қоғамға қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен шыққан адамды істің мән-жайын ескере отырып, ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін қарастырады.

Аталған норманы қолданғанда, заң шығарушы, адамның үрейлену немесе қорқумен сипатталатын көңіл-күй жағдайын, сондай-ақ қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың әсерінен болған сасқалақтау салдарынан өзінің әрекетіне есеп бере алмауын қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз ретінде қарастыратынын және бұл мән-жайларды істің мән-жайларымен байланыстыратынын ескеру қажет. Демек, ҚР ҚК 66-бабы үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен шыққан адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін екендігін қарастырады, бірақ бұл мән-жайларды адамды міндетті түрде дереу қылмыстық жауаптылықтан босатуға әкеп соқтыратын абсолютті жағдай деп санамайды, яғни ол факультативті болып табылады.

Шабуылға ұшыраған және қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға зиян келтірген адамның қорқуы деп - оның өзіне жасалған қол сұғудан қатты үрейленуін, қатты қорқуын түсіну керек. Осыған ұқсас жағдайларда адамның көңіл-күйі аяқ астынан үрей, қорқыныш сезімінің пайда болуымен сипатталады. Қорғанушы адамның сасқалақтауы деп - оның қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан туындаған қорқу, үрейлену салдарынан аяқ астынан абыржуын, сасқалақтауын, ретсіз әрекеттер жасауын түсіну керек.

Қорғанушы қорқу, үрейлену немесе сасқалақтау жағдайында болды ма, оның осы жағдайы өзінің қорғану әрекеттерін бағалауына және қажетті қорғану шегінен шықпайтындай әрекет жасау



қабілетіне әсер етті ме деген мәселелерді анықтау үшін психологиялық-психиатрлық сараптама жасап, оның қорытындысын басқа дәлелдемелермен және қоғамға қауіпті қол сұғушылық нәтижесінде қалыптасқан нақтылы жағдаймен және одан қорғану әрекеттерімен бірге бағалау қажет. Осыған байланысты қорқу, үрейлену, сасқалақтау жағдайында қажетті қорғаныс шегінен шыққан адам қайсібір жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылатынын, ал басқа жағдайларда босатылмайтынын ескере отырып, әрбір нақты жағдайда қылмыстың жасалуының мән-жайын (қол сұғушылықтың жасалу уақыты мен орнын, қол сұғушылар мен қорғанушылардың санын, шабуыл жасаушылардың шабуыл кезінде құралдар қолданған-қолданбағанын, тараптардың жасын, дене бітімін және психикалық жағдайын және т.с.с.) мұқият анықтау және айқындау қажет.

Шабуыл жасаушыға келтірілген зиянды бағалау кезінде қорғанушы адам қол сұғушылықтың салдарынан пайда болған толқу жағдайында ұдайы қауіптің сипатын нақты салмақтап және соған мөлшерлес қорғану тәсілін таңдай алмайтынын ескеру қажет. Сондықтан қоғамға қауіпті қол сұғушылық кезінде қару есебінде қолданылған құралдардың шабуыл жасаушыдан қорғанушыға өтуі барлық жағдайларда да өздігінен қажетті қорғану шегінен шығуды білдірмейді. Мұндай жағдайларда шабуыл жасаушы мен қорғанушының бұдан кейінгі әрекеттерінің сипатын және басқа да мән-жайларын ескеру қажет.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіруді жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасаған әрекеттерден ажырату қажет. Бұл орайда қажетті қорғану жағдайында, соның ішінде қажетті қорғану шегінен шыққанда да, айыпты қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғануды көздейді, ал жан күйзелісі жағдайында өзін осындай күйге ұшыратқан адамға зиян келтіруді көздейді. Адамның осындай әрекеттер жасаған кездегі психикалық жағдайын анықтау үшін міндетті түрде психологиялық-психиатрлық сараптама жасап, оның қорытындысын басқа дәлелдемелермен бірге бағалау керек. Егер айыпты қажетті қорғану шегінен шықса және осы кезде жәбірленушінің құқыққа қарсы әрекеттерінің әсерінен жан күйзелісі жағдайында болса, онда әрекетті салдарына қарай ҚР ҚК 99 немесе 109-баптарымен саралау қажет.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қасақана кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру, тіпті ҚР ҚК 96-бабының екінші бөлігінде қарастырылған мән-жайлар болса да, тиісінше ҚР ҚК 99-бабының екінші бөлігі немесе ҚР ҚК 109-бабымен саралануға жатады. Сотталушының қорғану жағдайында қылмыс жасағанын анықтағаннан кейін, сот үкімде жалпылама тұжырымдармен шектелмеуі керек, істің нақты мән-жайларын ескере отырып, кім және қандай қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасағанын, оның кімге қарсы бағытталғанын, оның сипаты мен жасалу тәсілін, шабуыл жасаушы немен қаруланғанын, қорғанушы қандай құралмен және қандай тәсілмен қорғанғанын және т.б. көрсетуі, сондай-ақ қорғану амалдарының қол сұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне сәйкессіздігі неден көрінетінін, яғни қажетті қорғану шегінен шығудың мәнін ашуы тиіс.

Қажетті қорғаныстың шегінен шығуы – бұл қауіпті қолсұғушылықтың сипатына сай келмеуі немесе қорғаныс жағдайының сәйкес келмеуі салдарынан қолсұғушыға анық шектен тыс жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтіру (өлім немесе ауыр дене жарақаттары).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 18-бабына сәйкес [4], қажетті қорғану жағдайында, яғни жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және қорғанушының немесе өзге де адамдардың басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғушыға зиян келтіру арқылы құқыққа қарсы қол сұғылудан қорғау кезінде, егер бұл ретте қажетті қорғану шегінен шығып кетуге жол берілмеген болса, заңда көзделген әрекетті жасау әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды.

Өздерінің кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлықтарына және қызмет жағдайына қарамастан, барлық адамдар бірдей дәрежеде қажетті қорғаныс құқығына ие. Құқыққа қарсы қол сұғушылықтан аулақ болу не басқа адамдарға немесе мемлекеттік органдарға көмек сұрап жүгіну мүмкіндігі болғанына қарамастан, бұл құқық адамға тиесілі болады.

Қол сұғу сипаты мен дәрежесіне қорғанудың айқын сәйкес келмеуі, осының нәтижесінде қол сұғушыға жағдайдан туындамаған шектен тыс айқын зиян келтіру қажетті қорғану шегінен шығып кету деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Қажетті қорғану жағдайында келтірілген зиян, егер бұл ретте оның шегінен асып кетпесе, өтеуге жатпайды.

Зиян келтіргені үшін жауаптылық, азаматтық құқықта – азаматтың жеке басына немесе мүлкіне не заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтіргені үшін зиян келтірушінің жәбірленушіге оны толық

көлемде өтеуге міндеттілігі. Заңда немесе шартта зиян келтірушінің жәбірленушіге зиянның өтеуінен тыс өтемақы төлеуге міндеттілігі белгіленуі мүмкін. Зиян келтірген адам өзінің кінәсіз екенін дәлелдеген жағдайда зиянды өтеуден босатылады. Егер зиян жәбірленушінің өтінішімен немесе келісімімен келтірілсе, ал зиян келтірушінің әрекеттері қоғамның адамгершілік қағидаттарын бұзбаған болса, ол зиянды өтеуден босатылуы мүмкін. Қажетті қорғаныс жағдайында келтірілген зиян қорғаныс шегінен шығып кетпесе, өтелмейді. Аса қажеттілік жағдайда келтірілген зиян, яки зиян келтірушінің өзіне немесе басқа адамдарға төнген қауіпті жою үшін жасалған әрекеттерден келтірілген зиян, бұл қауіп басқадай жолмен жойылмайтын болған жағдайда, өтелуге тиіс. Мұндай зиянның келтірілуіне себеп болған мән-жайды ескере отырып, сот оны өтеу міндеттілігін үшінші бір адамға (зиян келтіруші соның мүддесі үшін әрекет еткен болса) жүктеуі мүмкін. Жұмыс беруші, яки заңды тұлға немесе азамат өзінің қызметкері еңбек (қызмет бабындағы, лауазымдық) міндеттерін орындау кезінде келтірген зиянды өтеуге міндетті. Жалпы ереже бойынша, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ, олардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан, соның ішінде заңға немесе өзге құқықтық актіге сай келмейтін акт шығаруы салдарынан азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген зиян өтелуге тиіс.

Заңсыз соттау, қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тарту, қылмысты болдырмау шарасы ретінде қамауда ұстауды не кетіп қалмауға қолхат алуды заңсыз қолдану, тұтқындау немесе түзеу жұмыстары түріндегі әкімшілік шараларды заңсыз қолдану әрекеттері салдарынан келтірілген зиян өтеледі. 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік олардың ата-аналарына, асырап алушыларға, қамқоршыларына, қорғаншыларына жүктеледі. 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зияны үшін жалпы негізде жауапқа тартылады. Әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауаптылық қорғаншыға немесе оны қадағалауға міндетті ұйымға жүктеледі. Маскүнемдікке салыну немесе есірткіқұмарлық салдарынан әрекетке қабілеті шектелген азамат келтірген зиянды оның өзі өтейді.

Әрекет етуге қабілетті азамат немесе 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам өз әрекетінің мәнін түсіне алмаған немесе оны басқара алмаған жағдайда келтірген зияны үшін жалпы ереже бойынша жауап бермейді. Егер жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілсе, сот жәбірленуші мен зиян келтірушінің мүліктік жағдайын, басқа да мән-жайларды ескере отырып, зиянды толық не ішінара өтеуді зиян келтірушіге міндеттейді. Ал өз әрекетінің мәнін түсіне алмаған жағдайға маскүнемдікпен, есірткі заттарын қолданумен, басқа да тәсілдермен өзін-өзі жоғарыдағыдай жағдайға келтірген зиянкес жауаптылықтан босатылмайды. Қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіп төндіретін заңды тұлғалар мен азаматтар келтірілген зиянды (бұл зиянның еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің қаскүнемдігі салдарынан болғанын дәлелдей алмаса) өтеуге міндетті. Бірлесіп зиян келтірушілер жәбірленуші алдында бірге жауап береді.

Аса қажетті жағдайда, яғни зиян келтірушінің өзіне немесе басқа тұлғаларға қатер туғызатын қауіпті жою үшін келтірілген зиян, егер бұл қауіпті осы жағдайларда өзге құралдармен жою мүмкін болмаса, оны зиян келтірген тұлға өтеуге тиіс. Мұндай зиян келтірілген мән-жайларды ескере отырып, сот оны өтеу міндетін зиян келтіруші мүддесіне іс-әрекет жасаған үшінші бір тұлғаға немесе үлестік тәртіппен осы үшінші тұлға мен зиян келтірушіге жүктеуі, сондай-ақ осы үшінші тұлғаны да, зиян келтірушіні де зиянды өтеуден толық немесе ішінара босатуы мүмкін.

Қылмыстық құқықта заңмен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе қылмыс болып табылмайды.

Құқық қорғау мүдделеріне алды алынғанға тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілген, төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

Кез келген міндеттеме уәкілетті тұлғаға қатысты жүзеге асырылады. Демек, ЖШС-дағы үлестерге билік ету жөніндегі құқықтық қатынастардың субъектісі ерлі-зайыптылардың біреуі ғана болады. Тіпті бұл үлес ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің құрамына кірсе де, ЖШС-мен Міндеттемелік қатынастарға ерлі-зайыптылардың біреуі ғана кіреді. ЖШС қатысушысы берілетін мүлікке меншік құқығын жоғалтады, оның орнына пайданың (кірістің) бір бөлігіне және тарату қалдығына құқық алады. ЖШС қатысушысы қатысушылар құрамынан шыққан жағдайда оған жарғылық капиталдағы өз үлесінің құнын төлеуге құқығы бар. Осыған ұқсас жағдай өндірістік кооператив мүшесі шыққан жағдайда қалыптасады (ҚР АҚ 100-бабының 1-тармағы), оған пайдың құны төленуге немесе оның пайына сәйкес мүлік берілуге, сондай-ақ кооператив жарғысында көзделген басқа да төлемдер жүзеге асырылуға тиіс. Азаматтық-құқықтық тұрғыдан алғанда, басқа ерлі-зайыптылар осы міндетті құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде танылмайды. Демек, ЖШС – дан ЖШС-ге несие беруші ретінде басқа қатысушы жұбайына не тиесілі екенін талап ету құқығын басқа жұбайдың мойындауы мүмкін емес. Екінші жұбай өзіне тиесілі ортақ мүлікті пайдалануға үнсіз немесе айқын келісім береді, сондай-ақ міндеттемені орындау нәтижесінде алатын мүліктік игіліктерге құқық алады. ЖШС капиталындағы үлесті немесе мүлкіне салымды білдіретін ортақ мүлікке қатысты талапты ерлі-зайыптылардың бірі ұйымға емес, тек басқа жұбайына қоя алады.

Іс жүзінде сұрақ жиі туындайды: ерлі-зайыптылар неке қатынастарын растайтын құжаттар (неке туралы куәлік) негізінде банктен басқа жұбайының атына берілген салымды ала ала ма, өйткені депозит ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне жатады ма? Егер басқа ортақ мүлік болмаса, екінші жұбайдың осы ортақ мүлікке қатысты қандай құқықтары бар?

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі 34-бабының нормасы "ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі" деп аталады және Заңның 7-тарауына енгізілген. Онда ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимін реттейтін нормалар бар. Осылайша, неке шартының болуына



қарамастан, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының ортақ бірлескен меншігімен бірге заңды түрде өмір сүру мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай жағдайда несие ұйымы салымның бірлескен меншік болып табылатындығын нақты анықтай алмайды, ал ортақ мүлікке иелік ету үшін басқа жұбайдың келісімі тек бірлескен меншікке қатысты қабылданады, бірақ әр жұбайдың меншігіне жатпайды. Сонымен қатар, банктегі депозитте жатқан ақшаға ортақ меншік құқығы қолданылмайды. Банктік салым шарты жасалған және депозит ашылған сәттен бастап бұл ақшаға банк клиентінің банктік салым шартынан туындайтын міндетті құқық ретінде талап ету құқығы ғана қолданылады. Егер жұбайы банкпен жасалған шартта салымшы – тарап ретінде әрекет ете отырып, депозитке ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне қатысты ақша қаражатын салса, онда ол салынған соманы қайтару және проценттерді төлеу туралы банкке қойылатын міндетті талап ету құқығына ие болады (ҚР АҚ 756-Б.). Банктік салым шарты бойынша салымшы тек бір тұлға ғана бола алады. Демек, басқа ерлі-зайыптылар депозитте жатқан ақшаға қатысты талапты тек басқа жұбайына ғана емес, банкке де қоя алады.

А.А. Игнатенко мен Н.Н. Скрыпникованың айтуынша, банкке талап қою құқығы – бұл кімнің атына ақша салынғанына қарамастан, ерлі-зайыптылардың ортақ меншігінің ажырамас бөлігі болып табылатын мүліктік құқық. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жұбайы алған салым сомасына пайыздар түріндегі ақшалай қаражат ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің құрамына кіреді [13]. Осы тұжырымның екінші бөлігімен келісе отырып, бірінші бөлімге қатысты келіспеушілік білдіруге болады және банкке мүліктік құқық ретінде талап ету құқығы ортақ меншіктің емес, ортақ мүліктің ажырамас бөлігі екенін атап өтуге болады.

Азаматтық құқық объектілері ретінде қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз ақша мәселесі заң әдебиетінде кеңінен зерттелген [14; 15; 16]. Ақшаның құқықтық табиғаты екі жақты: қолма – қол ақша алу құқығы – мүліктік құқық, қолма-қол ақшасыз ақша алу құқығы-міндеттеме құқығы. Демек, бұл жағдайда банктегі депозитте жатқан ақшаға ортақ меншік құқығы қолданылмайды, бірақ талап ету құқығы туындайды. Талап ету құқығы Міндеттемелік құқықтық қатынастардың элементі болып табылады және мүліктік құқықтар санатына жатады. Меншік құқығы, әрине, мүлікке қатысты. Мәселен, ҚР АҚ 115-бабының 2-тармағына сәйкес мүлікке: заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыстар, қызметтер, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге құралдары, мүліктік құқықтар және басқа да мүлік жатады. Демек, "мүлік" ұғымы "зат" ұғымына қарағанда әлдеқайда кең және заттардан басқа мүліктік құқықтарды да қамтиды. Бірақ мүлікті меншік құқығының объектісі ретінде көрсету ҚР АҚ 188-бабының 1-тармағында да бар. Осылайша, заң шығарушы мүліктік құқықтарға меншік құқығын таратады. Дәл осы заңнамалық ереже тол чокқа меншік құқығын және басқа да мүліктік құқықтарды кеңінен түсіндіруге және "құқық құқығы"құрылымының пайда болуына мүмкіндік берді. Сонымен, м. и. Брагинскийдің пікірінше, азаматтық қатынастардың көпшілігі аралас – "мүліктік міндеттемелер" [17]. Сонымен қатар, меншік және міндеттеме құқықтары арасындағы шекара тым мобильді екенін ұмытпауымыз керек. Бұл мүліктік құқықтар міндеттіліктен және керісінше туындауы мүмкін. ҚР АҚ 379 бабына сәйкес шарттан тек Міндеттемелік қана емес, заттық құқықтық қатынастар да туындауы мүмкін. Бір уақытта бір нәрсеге қатысты болуы мүмкін әртүрлі құқықтардың (мүліктік және міндетті) араласуы бар. Алайда, бұл бірдей құқық мүліктік және міндетті болып табылады дегенді білдірмейді.

**Қорытынды.** ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 32-бабы бойынша "ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі" және "ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі" ұғымдары теңестіріледі. Бұл мәні жағынан дұрыс емес сияқты. Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіне жалпы табыстар есебінен сатып алынған, кредиттік мекемелерге енгізілген пайлар, салымдар, капиталдағы үлестер жатады. Бірақ пайларға, салымдарға және капиталдағы үлестерге құқық-бұл міндеттеме құқығы. Меншік-бұл Меншік құқығы, оның объектісі мүлікке қатысты болса да, міндетті талаптар бола алмайды. Құқықтық әдебиеттерде бұл мәселе, әсіресе азаматтық құқықтардың жекелеген объектілері туралы. Кредиттік мекемелерге салынған салымдар ортақ меншікке жатпайды, бірақ ортақ мүлік болып табылады. ҚР АҚ және ҚР ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде осы ұғымдардың бір-бірімен тоғысуы байқалады. Әдетте, ортақ мүлікті ортақ меншік құқығының объектісі қояды. Өкінішке орай, бұл ұғымдар заңнамалық деңгейде әлі ерекшеленбейді. Сонымен қатар, ҚР АҚ Түсініктеме жазу кезінде біз ортақ меншік тек ортақ мүліктің бір түрі болып табылатындығына назар аудардық. Ортақ меншік ұғымы ортақ мүліктің неғұрлым кең ұғымының негізгі түрі болып табылады. Ортақ мүлік ұғымы тек ортақ меншікті ғана емес, сонымен бірге басқа да жалпы мүліктік және міндетті мүліктік құқықтарды қамтиды. Сондықтан ортақ меншік құқығын

ортақ меншік құқығының бір түрі ретінде басқа ортақ мүліктік және міндетті құқықтардан ажырату керек.

Қолданыстағы заңнама шенберінде ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі мен ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтарын бөлек құқықтық реттеуге ұшырату керек. Соңғылары қысқартылған жалпы мүліктік құқықтар ретінде қарастырылуы керек, өйткені ерлі-зайыптылардың біреуінің мүліктік құқықтарын жүзеге асыруы әрқашан екінші жұбайының мүдделерін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылуы керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (өтініш берген күні: 01.11.2020).
2. Франция Азаматтық Кодексі (Наполеон Кодексі, 1804) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30006352#pos=0;0](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30006352#pos=0;0) (өтініш берген күні: 01.11.2020)
3. Тусубжанова Д.Д. К вопросу о понятии, признаках и особенностях брачного договора как способа регулирования имущественных отношений супругов - Гражданское право и гражданское законодательство: Азаматтық құқық және азаматтық заңнама: халықаралық материалдар. ғылыми.- теоретич. конф. оры. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің мерейтойы (жалпы бөлімнің 15 жылдығы және Ерекше бөлімнің 10 жылдығы). – Алматы, 2009. – 572 б.
3. Муканова М.Ж. Значение брачного договора в регулировании семейно-брачных отношений , Қазіргі азаматтық құқықтың өзекті мәселелері: халықаралық материалдар. ғылыми.-теоретич. конф. аспиранттар мен ізденушілер. -Алматы, 2001. – 211-215 бб.
4. Дзыба Р.А. Равноправие супругов – основной принцип советского семейного права. -Казань: КГУ баспасы , 1972. – 83б.
5. Чиквашивили Ш.Д. Имущественные отношения в семье. -М.: құқық әдебиеті., 1976. – 200б.
6. Ресей Федерациясының Отбасы Кодексі , Мемлекеттік Думамен қабылданған, 1995 ж // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_8982/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_8982/) (өтініш берген күні: 01.11.2020)
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (өтініш берген күні: 01.11.2020)
8. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 ақпанда № 7447 тіркелді // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007447> (өтініш берген күні: 01.11.2020)
9. Рахмилович В.А. Гражданское право России: лекция курсы – М., 1996. – 214 б.
10. Эрделевский А. О защите личных неимущественных гражданских отношений: Хозяйство и право. – 2015. - № 6.
11. Богатырев Ф.О. Состав относительных неимущественных гражданских отношений. // Ресей құқығы журналы. -2002. -№ 11.
12. Степанов П.В. Корпоративные отношения как предмет гражданского права. // Заңнама. -2002.- № 6.
13. Гражданское право: в 2 т. Т. 2. Полут. 2 , отв. ред. Е.А. Суханов. -М.: БЕК, 2000 . – 425 б.
13. Игнатенко А.А., Скрыпникова НН. Брачный договор. Законный режим имущества супругов. - М.: Фалин, 1997. -142 с.
14. Карагузов Ф.С. Деньги и ценные бумаги в системе гражданских прав. -Алматы, 2002. – 432 с.
15. Маметова Р.А. Деньги как объект гражданских прав. Объекты гражданских прав – ред. М.К. Сулейменова. -Алматы, 2008. – 247 с.
16. Ефимова Л.Г. Правовые аспекты безналичных денег // Заң. -1997. -№ 1. – 97-105 бб.
17. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Кн. 1: Жалпы ережелер. -М.: Жарғысы., 2003. – 462 с.

**ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ  
ТРУДОВОЕ ПРАВО  
LABOUR LAW**

УДК: 331.106; 349.222  
МРНТИ: 10.63.35

*Қ. Тұрлыханқызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

**ЕҢБЕК ШАРТЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада еңбек шартының қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы құқықтары мен міндеттері туралы қарастырылған. Қазақстанның қолданыстағы еңбек заңдарының өзіне тән ерекшеліктері, еңбек шартының маңызы мен оның мәнін күшейту туралы айтылған.

Сонымен бірге, нарықтық қатынастарда еңбек саласындағы қоғамдық қатынастардың қатысушыларына жеке еңбек шарты негізінде еңбек жағдайларын реттеуде теңдей мүмкіндіктер ұсынылды. Шарт жалдамалы қызметкерлердің жеке қасиеттерін ескеруге, еңбек құқықтық қатынасының тараптарының құқықтары мен міндеттерін дербестендіруге мүмкіндігі көрсетілген.

**Кілт сөздер:** еңбек шарты, келісім-шарт, қызметкер, жұмыс беруші, жұмыскер, жеке еңбек.

*K. Turlykhanqyzy<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

**TERMINATION OF THE EMPLOYMENT CONTRACT**

*Abstract*

The article deals with the rights and obligations of an employment contract between an employee and an employer. We are talking about the characteristic features of the current labor legislation of Kazakhstan, strengthening the meaning of the employment contract and its essence.

At the same time, in market relations, participants in public relations in the field of labor were given equal opportunities to regulate working conditions on the basis of an individual labor contract. The agreement provides for the possibility of taking into account the personal qualities of employees, personification of the rights and obligations of the parties to the employment relationship.

**Keywords:** employment contract, contract, employee, employer, employee, individual labor.

*K. Турлыханқызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

**ПРЕКРАЩЕНИЕ ТРУДОВОГО ДОГОВОРА**

*Аннотация*

В статье рассматривается право и обязанности трудового договора между работником и работодателем. Речь идет о характерных особенностях действующего трудового законодательства Казахстана, усилении значения трудового договора и его сущности.

Вместе с тем, в рыночных отношениях участникам общественных отношений в сфере труда были предоставлены равные возможности в регулировании условий труда на основе индивидуального трудового договора. Договор предусматривает возможность учета личных качеств наемных работников, персонификации прав и обязанностей сторон трудового правоотношения.

**Ключевые слова:** трудовой договор, контракт, работник, работодатель, работник, индивидуальный труд.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген меншік нысандары шеңберінде әрбір адамның еңбек қызметінің қандай да бір саласында еңбекке қабілеттілігін іске асыруда таңдау еркіндігінің еріктілігі қағидаттары жұмыспен қамту қатынастарын қалыптастырудың негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан-2030. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы айқындалған барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы" атты Қазақстан Республикасында жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін шешу осы кезеңнің өзекті міндеті болып табылатыны көрсетіледі. Атап айтқанда, микрокредиттер жүйесін енгізу; шағын және орта бизнесті дамыту; еңбекті көп қажет ететін салаларды басымдықпен дамыту және оларға шетелдік инвестициялар мен ұлттық капиталды белсенді тарту көзделеді; шарттар мен келісімшарттар, бюджеттік сатып алулар кезінде жұмыспен қамту проблемаларына қатаң көзқарас; қоғамдық жұмыстарды жігерлі дамыту. Осыған байланысты, халықты жұмыспен қамтуды дамытуға бағытталған құқықтық құралдар республика экономикасын дамытуға делдал болатын жалпы құқықтық тетіктермен тығыз байланысты болуы тиіс, өйткені олар экономиканы реттеудің құқықтық құралдарының бірыңғай жүйесіне енгізіледі. Бұл шаралар Еңбек нарығының болуын, жұмыс күшінің тауарлық сипатын ескеруі керек. Халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру ең алдымен өндірісті кеңейту, Қазақстан жағдайында неғұрлым тиімді жаңа өндірістер құру есебінен жүргізілуге тиіс.

Сонымен бірге, жұмысшылардың еңбек жағдайлары мен еңбек кепілдіктерін шарттық анықтау мүмкіндіктері кеңейтілуі керек, бұл жұмыс орындарын тұрақтандыруға, жұмысшылардың да, кәсіпкерлердің де мүдделерін толық ескеруге ықпал етеді.[1]

Еңбек шарты – тараптардың еркін білдіру актісі ретінде - жұмыс күшін сатып алу-сатудың қажетті құқықтық нысаны, Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген еңбек бостандығын іске асырудың заңды тәсілі. Әрине, бұл шарттың нысандары әртүрлі болуы мүмкін, бірақ шартсыз жұмыс күшін сатып алу-сату мүмкін емес. Сондықтан заңды табиғаты, заңды мәні бойынша жұмыс күшін жалдау шарты болып табылатын еңбек шарты жұмыс күшін сатып алуға және сатуға делдал болатын қажетті құқықтық құрал болып табылады. Шынында да, заңды тұрғыдан алғанда, жұмыс күшін сатып алу-сатудың нақты қатынасы-бұл екі адамның ерік-жігерінің өзара байланысы, жұмыс беруші мен қызметкердің белгілі бір құқықтар мен міндеттерді қабылдайтын бірыңғай ерікті актісі.

Қазақстанның қолданыстағы еңбек заңдарының өзіне тән ерекшеліктері еңбек шартының маңызы мен мәнін күшейту. Нарықтық қатынастарда еңбек саласындағы қоғамдық қатынастардың қатысушыларына жеке еңбек шарты негізінде еңбек жағдайларын реттеуде теңдей мүмкіндіктер ұсынылады. Шарт жалдамалы жұмыскерлердің жеке қасиеттерін ескеруге, еңбек құқықтық қатынасының тараптарының құқықтары мен міндеттерін дербестендіруге мүмкіндік береді.

Еңбек құқықтық қатынастарды мемлекеттік реттеуге күш салу орталықтандырылғаннан орталықсыздандырылуға, заңнан – шарттылыққа қарай өтеді. Сонымен бірге, негіздеме және жеке еңбек шартын бұзу бөлігінде заңмен реттеу қадағаланады.

Еңбек шарты тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін. Еңбек шартын тараптардың келісімі бойынша бұзуға тілек білдіруші еңбек шартының бір тарапы екінші тарапына хабарлама жібереді. Хабарлама алған тарап үш жұмыс күні ішінде екінші тарапқа қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартының бұзылу күні қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келісу бойынша айқындалады. Еңбек шартында қызметкермен келісім бойынша, жұмыс берушінің қызметкерге бір жылғы орташа жалақысынан кем емес мөлшерде өтемақы төлей отырып еңбек шартын бұзу құқығы көзделеді. Бұл шартқа сәйкес қызметкерлер еңбек тәртібіне бағына отырып, белгілі бір мамандық бойынша жұмыстарды орындауға, ал кәсіпорын тараптардың келісімі және еңбек заңдарында қарастырылған айлық жалақыны төлеуге және тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге міндетті болады.[4]

Еңбек заңдарының барынша ұзақ мерзімді құқықтық қатынасты қамтамасыз ету. Бұған әдетте, жұмыс беруші де, жұмыскер де мүдделі. Жұмыс беруші өз ісін жақсы білетін және қажетті жұмысты орындай алатын оқыған, білікті қызметкерлерден тұратын кадрларды тұрақты иемденуді қалайды. Жұмыскер тұрақты жұмыс пен соған төленетін ақыға мүдделі. Еңбек заңдарының құқықтық нормалары тап осындай жағдайды тудыруға бағытталған. Осы немесе басқа тараптың қалауына байланысты еңбек құқықтық қатынастарын еріксіз тоқтатуға әкелетін тараптардың әрекетіндегі кездейсоқтарды болдырмауды көздейді.

Еңбек шарты – жұмыс берушімен және жұмыскер арасындағы жазбаша келісімдері, қызметкер айқын жұмысты жеке орындауға, еңбек тәртібінің ережесін орындауға міндеттелінеді, ал жұмыс беруші негізделген еңбек функциясы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және заңдары, ұжымдық шартпен, жұмыс берушінің актілері, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес уақытылы және толық көлемде еңбек жалақысын төлеу бойынша қызметкерге жұмыс беруге міндетті. Жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа қабылдаған кезде кем дегенде екі данада жазбаша түрде еңбек шартын жасасу керек, олар екі жақпен қол қою арқылы бекітіледі. Бір данадан жұмыс берушіде және жұмыскерде сақталынады. Жұмыскер еңбек шарты нұсқасын алғаны туралы жазбаша түрде бекітіледі. Жасасқан еңбек шарты жұмыс берушінің актісімен жұмысқа қабылдау рәсімделеді яғни, жұмыс беруші жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Жұмыс беруші ҚР Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, ұжымдық келісім-шарт, жұмыс берушінің актілерінде қарастыылған еңбек шарттарымен қамтамасыз етуге, еңбек қызметінің шарттары бойынша жұмыс беруге, уақтылы және толық көлемде еңбек ақысын төлеуге міндетті.

Бірнеше еңбек шартына байланысты жағдайларға тоқталсақ: ҚР Еңбек кодексінің жұмыс беруші – жеке тұлға қайтыс болған жағдайда еңбек шартының тоқтатылуын және үй жұмыскерлерімен еңбек шартының тоқтатылуын қоспағанда, еңбек шартының тоқтатылуы жұмыс берушінің актісімен рәсімделеді.

Жұмыс берушінің актісінде кодекске сәйкес еңбек шартын тоқтатудың негізі көрсетілуге тиіс.

Оларға төмендегідей негіздер жатады:

- тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу;
- еңбек шарты мерзімінің аяқталуы;
- жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бзу;
- жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу;
- тараптардың еркінен тыс мән-жайлар;
- жұмыскердің еңбек қатынастарын жалғастырудан бас тартуы.

Еңбек келісім-шартын тоқтату күні Еңбек кодексінде қарастырылған жағдайлардан тыс, соңғы жұмыс күні болып табылады.[3]

Қорыта келгенде жеке еңбек келісімшарты мынадай нақты жағдайлар туындағанда бұзылады. Екі жақтың келісімімен. Еңбек келісім шартының жағы хабарламаны екінші жаққа жібереді. Хабарлама алған жақ үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы екінші жаққа жазбаша хабарлауы тиіс. Жұмыс берушінің ықыласы бойынша. Жұмыс беруші, еңбек келісім-шартында ұзақ мерзім қарастырылмаса, келісім-шартты бұзу туралы жұмысшыға бір ай бұрын хабарлауы тиіс. Жұмысшының таңдау жұмысына ауысуына байланысты. Мұның негізі жұмыс берушінің жұмысшыға хабарлауы және таңдау актісі немесе жұмысшыны қызметке тағайындау болып табылады.

Еңбек шартының мерзіміне тоқталатын болсақ, жеке еңбек шартын жасасудың мынадай мерзімдері болады:

- белгісіз мерзімге – жеке еңбек шартының уақыты көрсетілмейді;
- белгілі бір мерзімге – бір жылдан аспайтын;
- істелетін жұмыстың аз уақытта атқарылуына немесе орындау жағдайына, сондай-ақ жұмыста жоқ жұмыскердің орнын ауыстыруға байланысты бір жылдан аспайтын белгілі бір мерзімге.

Екі жақ оның барлық елеулі шарттары бойынша келісімге келген кезде – жеке еңбек шарты жасалды деп есептелінеді. Жеке еңбек шарты кем дегенде екі дана болып толтырылады және тараптардың қолы қойылады. Қол қойылған жеке еңбек шартының бір данасы – жұмыскерге, ал екіншісі – жұмыс берушіге беріледі.

Жеке еңбек шартының негізінде жалданатын қызметкердің еңбегіне ақы төлеу және материалдық көтермелеу шарттары тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Жұмысқа қабылдау кезіндегі сынақ мерзімі бойынша талдар болсақ, жұмысқа алар кезде сынақ мерзімін белгілеу мүмкіндігі қарастырылады. Сынау еңбек шартының міндетті емес шарттарының қатарына жатқызылады. Сынақ мерзімі қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімі үш айдан артпауы керек. Егер сынақ мерзімі өтіп кетсе және екі жақтың бірде біреуі жазбаша түрде екінші жақты жеке еңбек шартын бұзу туралы ескертпесе, шарттық әрекет етуі жалғаса береді және оның тоқтатылуына жалпы негізде жол беріледі. Сынақтың нәтижесі қанағаттанғысыз болса, қызметкер жұмыс берушінің келісімі арқылы жұмыстан

босатылады. Қызметкер өз кезегінде жұмыстан мұндай босатуға сот тәртібімен шағымдануына болады.

Қызметкерлерді маусымдық жұмысқа алған кезде тараптардың келісімімен сынақ мерзімін белгілеуге болмайды. Сынақтан өткізу шарты жеке еңбек шартында міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Егер ол жұмысқа алу жөніндегі бұйрықта ғана көрсетілген болса, онда сынақ мерзімін белгілеуді заңды деп есептеуге болмайды, өйткені бұйрық – бір жақты ғана кесім, ал заң мұндай шарттар жөнінде жұмыс беруші мен қызметкердің келісуін талап етеді. Жұмыс берушінің бір жақты сынақ мерзімін белгілеуі бұл қызметкердің құқығын бұзғандық болып табылады.

Қызметкердің сынақ кезіндегі еңбек жағдайы өзге қызметкерлердің еңбек жағдайынан өзгеше болмауы керек. Қызметкер ішкі еңбек тәртібі ережелеріне мойынсұнады, оның еңбегі жалақы нормалар мен бағалауға сәйкес не еңбекақы ретінде төленеді. Сынақ мерзімімен жұмыс істейтін қызметкерлердің әлеуметтік сақтандыруға құқығы бар. Сыннан сүрінбей өткен қызметкерді жұмысқа түпкілікті алу жөнінде бұйрық шығарудың қажеті жоқ. Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар: еңбек кітапшасы (ол бар болған жағдайда), жеке еңбек шарты не жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардың үзіндісі немесе ұйымның басшысы (жұмыс беруші) куәландырған (қол қойған) не нотариатта куәландырылған қызметтік тізімі (қызметкердің жұмыс, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) болып табылады.

Еңбек тәртібі – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қарым-қатынастарының жүйесін құқықтық нормалар арқылы белгілеп, оның қағидаларын орындауға тараптардың өзара міндеттілігін білдіретін құқықтық негіздеме. Еңбек тәртібі жұмыс беруші мен жұмыскерлердің ішкі еңбек тәртібіне мойынсыну, оның белгілеп берген талаптарын орындау жөніндегі өзара міндеттемелерінен көрініс табады. Еңбек тәртібі сендіру және мәжбүрлеу сияқты әдістердің көмегімен қамтамасыз етіледі. Сендіру әдісін қолдану жұмыскерлердің әкімшілік талаптарын, кәсіпорынның ішкі еңбек тәртібі ережелерін саналы және ерікті түрде орындауға деген ішкі қажеттіліктерін тәрбиелеу мақсатында олардың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді. Сендіру әдісін іске асырудың нысаны кетермелеу шаралары болып табылады. Мәжбүрлеу әдісі сендіру әдісі қажетті нәтижелерге қол жеткізбеген уақытта қолданылады. Ол еңбек тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік жазалау шаралары болып табылады.[2]

Еңбекті ұйымдастырудағы жұмыс берушінің негізгі міндеттері:

- еңбек жарақатына жол бермейтін техника қауіпсіздігінің осы заманғы құралдарын өндіріске енгізу;

- жұмыскерлердің көсіби және басқа да науқастарға шалдығуының алдын алатын санитарлық-гигиеналық шараларды қамтамасыз ету;

- жұмыскерлердің қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы және өртке қарсы сақтану жөніндегі барлық талаптарды орындауын бақылайды.

Лауазым иелері еңбек тәртібін бұзғаны үшін бағыныштылық тәртібімен жауап береді. Лауазым иелерінің кейбір топтары олардың атқарып отырған қызметінің айрықша сипатына байланысты бағыныштылық тәртіппен еңбек тәртібін бұзғаны үшін ғана емес, оның қадірқасиетімен сыйыспайтын теріс қылықтары үшін де заңда көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

Жұмыс беруші еңбек тәртібін бұзғаны үшін, яғни жұмыскердің өзіне тапсырылған еңбек міндеттерін орындамағаны немесе ойдағыдай орындамағаны үшін тәртіптік жазалардың мынадай түрлерін қолдануға құқықты:

- Ескерту

- Сөгіс

- Жеке еңбек шартын бұзу.

Жұмыстан шығару еңбек тәртібін қасақана бұзатын және тәртіптік шаралар ықпалына көнбейтін қызметкерлерге қолданылатын ең ақырғы шара болып табылады. Жұмыстан шығару туралы еңбек кітапшасына жазылады. Жазалаудың өзге шаралары еңбек кітапшасына жазылмайды. Жұмыс берушіге тәртіптік жазалау қолдануға құқық берілген. Жұмыс беруші тәртіптік жазалауды қолданған кезде жасалған теріс қылықтың ауырлық дәрежесін, оның қандай жағдайда жасалғанын, қызметкердің бұдан бұрынғы мінез-құлқын, еңбекке көзқарасын, сондай-ақ тәртіптік жазаның жасалған теріс қылыққа сәйкестігін ескеруі керек.

Жұмыс беруші тәртіптік жазаны теріс қылық ашылғаннан кейін қолдануы тиіс. Жаза қолданбас бұрын тәртіп бұзушыдан жазбаша түсініктеме талап етілуі керек. Жаза теріс қылық ашылған күннен бастап бір айдан қалдырылмай қолданылуы қажет және оны алты айдан кейін қолдануға болмайды.

Әрбір еңбек тәртібін бұзғаны үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылатындығы белгіленген. Жаза бұйрықпен жария етіледі және қызметкердің қолын қойдыру арқылы оған ескертіледі. Жұмыскерге осы көрсетілген талаптардың тым болмағанда біреуін бұзу арқылы берілген тәртіптік жазалар жарамсыз деп танылады. Жұмыскерлер жұмыста болған кезінде кәсіпорынға немесе мекемеге зиян келтіретін болса, материалдық жауапкершілікке тартылады. Бұл жағдайда қызметкер жалақысынан төлеу арқылы келтірілген зиянның орнын толықтай өтейді. Сондықтан да қызметкерді жұмысқа алғанда кәсіпорынның не мекеменің мүліктеріне ұқыпты болу талап етіледі. Кәсіпорынның немесе мекеменің мүлкін ұрлағаны үшін қызметкер қылмыстық жауапқа тартылады.

Сонымен, жұмыскер өзіне жүктелген еңбек міндеттерін ойдағыдай орындайды. Жұмыс беруші материалдық және моральдық көтермелеу шараларын, егер қажет болған жағдайда тәртіптік ықпал ету шараларын пайдалана алады.[5]

Еңбек шарты белгіленбеген мерзімге жасалған жұмыскерлер үшін көзделген кепілдіктер мен өтемақыларды беруден жалтару мақсатында еңбек шарттарын белгілі бір мерзімге жасауға тыйым салынады. Егер еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде тараптардың бірде-бірі тәулік ішінде еңбек қатынастарын тоқтатуды талап етпеген болса, онда ол белгіленбеген мерзімге жасалған болып есептеледі. Егер еңбек шартында оның қолданылу мерзімі айтылмаса, онда шарт белгіленбеген мерзімге жасалған деп есептеледі.

Бізді мазалайтын сұрақ еңбек ұжымдары құрылымдары түбегейлі өзгеріп, меншік иелері жаңа сипатқа көшкен кезде жұмысшы жұмыскерлер өздерінің еңбек құқығын қаншалықты дәрежеде қорғау мүмкіндігіне ие болып отыр? Міне осы мәселе дұрыс шешемін тапса әрбір азамат өз құқығын жетік білер еді.

Сонымен қорыта келгенде, еңбек келісім шарты – бұл жұмысшы мен жұмыс берушінің арасында, жұмысшының белгілі бір жұмысты атқаруға, еңбек тәртібі ережесін сақтауға міндеттелуіне сәйкес жасалатын келісімі. Осы келісімнің дұрыс рәсімделуі маңызды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс берушінің бастамасы бойынша өндіріс көлемі азайғанда не болмаса өндіріске жаңа технология енгізіліп, модернизациялану жүргізілген ретте, өндіріс көлемі арттырылған жағдайларда қызметкерлер саны мен штатының қысқартылуы мүмкін. Бұл жерде жұмыс беруші ҚР Еңбек кодексінің талаптары мен міндеттерін қатаң сақтағаны дұрыс, оның ішінде заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші – жеке тұлғаның, жеке кәсіпкердің, қорғаушылар, нотариустардың қызметі тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздік кезеңінде және жыл сайынғы еңбек демалысында жүрген кезеңінде еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға жол берілмейді. Сондай-ақ, еңбек шартын бұзатыны туралы жұмыс беруші қызметкерге бір ай бұрын жазбаша ескертуге міндетті, ал кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкерлермен еңбек шартын бұзу ұжымдық шартта көзделген тәртіппен, осы ұйымның кәсіподағы органының дәлелді пікірін ескере отырып жүргізіледі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н. А. Қазақстан-2030. Гүлдену, қауіпсіздік және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. -Алматы, 1997. Жеке басылым. -Б.16, 22.
2. Омарова Э.Б. Материальная ответственность наемных работников: проблемы теории и практики. - Астана. Евразийский университет им. Л.Н. Гумилева, 2011. – 391 с.
3. Ахметов А., Ахметова Г. Еңбек құқығы. -Алматы. «Нұр-пресс», 2005. – 405 с.
4. Қазақстан Республикасы Электронды Үкімет. («Ақпарат каталогы» бөлімі, «Еңбек» тақырыбы, «Еңбек қатынастары. Жеке еңбек шарты» тақырыпшасы)// [www.e.gov.kz/](http://www.e.gov.kz/)
5. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі («Еңбекті қорғау» бөлімі). // <http://www.enbek.gov.kz/>

## АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО CIVIL LAW

УДК: 347.13  
МРНТИ:10.27.41

*Д.Ж. Белхожаева<sup>1</sup>, Б.П. Жаксымбетов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ*

### ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ШАРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Аңдатпа*

Экономикадағы қызмет көрсету саласының қарқынды кеңеюі қызмет көрсету қатынастарын азаматтық-құқықтық реттеу тетігін қалыптастыру қажеттілігіне әкелді. Қызметтердің жекелеген түрлері ҚР Азаматтық кодексінде бекітілген міндеттемелердің дербес түрлері шеңберінде дәстүрлі түрде реттелді. Алайда қызметтерді үдемелі әртараптандыру қызметтер көрсету туралы ҚР АҚ арнайы реттелмеген барлық қатынастарға таралуы мүмкін бірыңғай құқықтық режимді құруды талап етті. Бұл мақалада қызмет көрсету саласындағы шарттық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеу қарастырылады, қызметтердің азаматтық-құқықтық мазмұнын және азаматтық құқықта қызмет көрсету бойынша міндеттемелер ұғымын зерттеді.

**Кілт сөздер:** құқық, азаматтық құқық, шарт, қызмет көрсету, қызмет, азаматтық шарт.

*D.Zh.Belkhozhayeva<sup>1</sup>, B.P.Zhaksymbetov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>KazNPU named after Abai*

### CIVIL LAW REGULATION OF CONTRACTUAL RELATIONS IN THE SERVICE SECTOR

*Abstract*

The rapid expansion of the service sector in the economy necessitated the formation of a mechanism for civil law regulation of relations in the provision of services. Certain types of services were traditionally regulated within the framework of independent types of obligations stipulated in the Civil code of the Republic of Kazakhstan. However, the growing diversification of services required the creation of a single legal regime that could be extended to all relations on the provision of services that were not specifically regulated by the civil code of the Republic of Kazakhstan. This article examines the civil law regulation of contractual relations in the service sector, investigated the civil law content of services and the concept of obligations to provide services in civil law.

**Keyword:** law, civil law, contract, services, civil contract.

*Д.Ж. Белхожаева<sup>1</sup>, Б.П. Жаксымбетов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>КазНПУ имени Абая*

### ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ДОГОВОРНЫХ ОТНОШЕНИЙ В СФЕРЕ ОБСЛУЖИВАНИЯ

*Аннотация*

Стремительное расширение сферы услуг в экономике обусловило необходимость формирования механизма гражданско-правового регулирования отношений по оказанию услуг. Отдельные виды услуг традиционно регулировались в рамках самостоятельных типов обязательств, закрепленных в Гражданском кодексе РК. Однако нарастающая диверсификация услуг потребовала создания единого



правового режима, который можно было бы распространить на все специально неурегулированные ГК РК отношения об оказании услуг. В данной статье рассматривается гражданско-правовое регулирование договорных отношений в сфере обслуживания, исследовали гражданско-правовое содержание услуг и понятию обязательства по оказанию услуг в гражданском праве.

**Ключевые слова:** право, гражданское право, договор, услуги, гражданский договор.

Қызмет адамдардың барлық іс-әрекеттерінің саласын қамти отырып, бүгінгі таңда тұтынушылық құндылығын иемденуде. Қазіргі кезеңді өтелмелі қызмет көрсету шартының көп түрлері қалыптастырылған уақыт деуге толық болады, сондай-ақ келешекте өз алдына өмір сүре алатындығын көрсетеді. Қызмет нарығы бүгінгі таңдағы экономикадағы қарқынды дамып отырған сектордың бірі, қызмет көрсету бойынша атқарылатын қызмет адамның әлеуметтік, тұрмыстық, рухани қажеттілігін қамтамасыз етуге тікелей бағытталады, және де интернет көмегімен қанағаттандырылатын ауқымды макроэкономикалық масштабты қамтып отыр деуге болады.

Сонымен қатар, өтелмелі қызмет көрсету қатынастарын құқықтық реттеудің ақтаңдақтары бар. Өйткені, азаматтық заңнамаларда, яғни Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде қызмет түсінігі нақты берілмеген, тек ҚР АҚ-нің 115-бабында қызмет азаматтық құқықтың объектісі ретінде сипатталған, және де оның белгілері толық ашып көрсетілмегендігін айта кеткен жөн. Заң бойынша (ҚР АҚ-нің 683-бабына сәйкес) «қызмет көрсету» термині - белгілі бір іс-әрекет жасау немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыру ретінде түсіндірілген. Айта кететін жайт, ҚР АҚ-нің 687-бабында былай делінген: мердігерлік туралы жалпы ережелер (осы Кодекстің 616-639 баптары) және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер (осы Кодекстің 640-650 баптары), егер осы Кодекстің 683-686 баптарына, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылады [1]. Міне, осы жерде қатынасты реттеу мүлдем шатысып кеткен деуге болады. Себебі, мердігерлік міндеттемесін реттейтін қалыптардың санына байланысты, екі қорытынды жасауға болады.

Бірінші қорытынды, осы әрекеттегі азаматтық заңнамадағы мердігерлік және өтелмелі қызмет көрсету шарттарына бірмезетте қолданылатын қалыптар әмбебап сипатта қолданылады.

Екінші қорытынды, Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінде шарттық қатынастың объектісі ретінде қызмет пен мердігерлік шарты бойынша орындалған жұмыс арасындағы айырмашылықтары қарастырылмаған.

Жалпы алғанда, доктринада «қызмет» түсінігі көп мағынада қарастырылуда. Ғалымдар бірегей пікірге келе алмауда, заңнамада «қызмет» түсінігін бекіту үшін үш негізгі концепция қалыптасқан:

- «дифференциалдық», қызмет көрсету аясын жеке реттейтін арнайы заңды қабылдауды ұсынады (Язев В.А., Садиков О.Н., Калмыков Ю.Х., Баринов Н.А.);

- «Интегралдық», бір заңда «азамат-тұтынушы» құқықтарын қорғауды тоғыстыруды ұсынады (Мозолин В.П., Кабалкин А.Ю.) [2, 37 б];

- «орталықтандырылған негіз», бұл концепцияның өкілдері азаматтық заңнамалар негізін қалыптастыруды ұсынады (Красавчиков О.А., Плетнев В.А.) [3].

Ал, бүгінгі таңда уақыт өте келе заң шығарушылармен «интегралдық концепция» қолдау тапты, яғни «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңы [4] қабылданылды. Бұл Заң тұтынушылар праволарын қорғаудың құқылы қ, экономикалық және ілеуметтік негіздерін, сондай-ақ кепілдіктерін баянды етеді. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары тұтынушылардың өздерін сапалы товарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жеке праволарын қорғауға байланысты тиімді шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Қызмет нарығының қарқынды даму тенденциясын ескере отырып, өтелмелі қызмет көрсету шарты бүгінгі күні қажетті және келешекте де дамуын тоқтатпайтын азаматтық-құқықтық институт болып табылады. Осыған орай, өтелмелі қызмет көрсету міндеттемесінде тек ғана тараптардың құқықтарын қорғаумен қатар, заказ алушы мен тұтынушылар қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңдайлар жасауымыз қажет. Сондықтан, осы институтты реттейтін нормативті-құқықтық база осы қатынастың қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін тиісінше қорғай алмайды, осыған орай өтелмелі қызмет көрсету шартын теориялық тұрғыда зерделеуді, және де заңдарды жаңартуды қажет етеді. Жоғарыда айтылған жайттар зерттеу тақырыбының өзектілігін, оның теориялық және тәжірибелік маңыздылығын білдіреді.

Цивилистика доктринасында қызмет түсінігі туралы пікірталас және де қызметті құқықтық реттеу жиырмасыншы ғасырдың 70 жылдары қалыптаса бастаған. Дегенмен, қызмет түсінігі туралы бүгінгі таңға дейін жүйелі анықтама жоқтың қасы деуге болады.

Жалпы доктринада «қызмет» терминінің азаматтық-құқықтық түсінігі туралы үш көзқарас қалыптасқан:

Бірінші көзқарас бойынша, қызмет азаматтардың қажеттілігін қамтамасыз ететін қызмет ретінде қарастырылды [6, 89 б].

Екінші көзқарас, «қызмет» - азаматтар және заңды тұлғалар да қатысатын мүлдікті қатынас [6, 29 б].

Үшінші көзқарас, қызмет дегеніміз қызмет көрсету міндеттемесінің пәні ретінде ұғындырылады [6, 45 б].

Атақты орыс ғалымы Ю.Х. Калмыков қызмет түсінігін кеңінен талдады: «қызмет дегеніміз міндеттемелік құқықтық қатынас бойынша контрагентке жағдай немесе жеңілдік жасауға бағытталған іс-әрекет» [6, 33 б]. Сөзсіз, қызмет көрсету міндеттемесіне тапсырыс берушіге жағдай жасау мақсатында жасалынған шарттардың құқықтық табиғаты сай келетін: тұрмыстық мердігерлік шартын, несиеге бөлшектеп сату-сатып алу шартын, прокат шартын жатқызады. Бірақ, қызмет көрсету міндеттемесі ұғымы міндеттемелердің көп шегін қамтиды.

Ал, Е. Романова қызмет көрсету міндеттемесіне жататын қызмет нәтижесі бойынша міндеттемелер шегін төмендегі белгілер бойынша қысқартты: а) қызмет көрсету шартының пәні – контроагент үшін жағдай жасалуы тиіс (уақыты, қаражаты үнемделуі); б) қызмет – ол ұсынылуы кезінде қолданылатын іс-әрекет болуы тиіс [7, 213 б].

С. Алексеев былай дейді: «қызмет – бұл тек іс-әрекет ғана емес, белгілі бір нәтиже» [8, 297 б].

Н. Индюковтің пікірінше: «қызмет тек еңбек нәтижесі ғана болады. Нәтиже адамдарға жағымды нысанда болуы тиіс», - деген [9, 33 б].

Ал, М. Кротованың айтуынша: қызмет азаматтық та, еңбектік құқықтық қатынастың да объектісі болуы мүмкін. Еңбектік-құқықтық қатынастың объектісі - қызмет қызмет көрсету процесі ретінде ұғындырылса, ал азаматтық құқықта – қызмет еңбек өнімі ретінде қарастырылады. Қызмет – оны жүзеге асыру процесінде қолданылатын азаматтар мен заңды ұйымдардың қызметі, заттық сипаты жоқ өнім [10, 41 б].

Қызмет заттық сипаты жоқ іс-әрекет ретінде, О.С. Иоффе тұжырымдайды [11, 419 б].

Е.Д. Шешенин қызметтің төмендегідей белгілер атап көрсетті: «а) қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғаның қызметі; б) қызмет көрсетудің нәтижесі заттық сипатта болмайды; в) қызметтің тиімділігі қызмет көрсету процесінде қолданылады, ал қызметтің тұтыну құны жойылады» [12, 177 б].

Қызмет көрсету нәтижесінде заттық сипаттың болмауы қызметтің негізгі белгісі ретінде қарастырылатын болса, қызмет пен жұмыс түсініктері арасындағы ара-жікті ашуға көмегі зор. Яғни, мердігер шарты мен өтелмелі қызмет көрсету шарты арасындағы ара-қатынасты ашып берері сөзсіз. Дегенмен, әрекеттегі азаматтық заңнамаларда қызмет көрсету және жұмысты орындау туралы қатынасты құқықтық реттеудің ара-жігі айқындалмағандықтан, қызметті жұмыстың бір түрі ретінде қарауға мүмкіндік береді.

И. Брауде былай дейді: «жұмыс қандай да бір затты жасу немесе белгілі бір қызметті көрсету» [13, 221 б].

Азаматтық құқық ғылымында жұмыс – қызметтің бір түрі ретінде деген пікірге қарама қарсы пікір қалыптасқан. Н.Баринов қызмет, жұмыс орындау және қызмет көрсету ұғымдарын біріктірді. Былай деген: «кейбір қызмет заттың тұтыну құндылығын білдіреді. Ал басқа қызметтер атқарушының қызмет нәтижесі ретінде, тауар түрінде болмайды, тек атқарушының іс-әрекеті нысанында көрініс алады» [14, 14 б].

Мердігер шарты қызметтің бір түрі болып табылады, - дейді Ю. Калмыков [6, 34 б].

А.Ю. Кабалкинның пікірінше: «жұмысты орындау қызмет көрсету міндеттемесінің бір түрі ретінде қарастыруға болады, себебі кез келген қызмет белгілі бір жұмысты орындау арқылы қол жеткізіледі» [2, 84 б].

Өтелмелі қызмет көрсету шартын жаңа шарт түрі ретінде азаматтық заңнамада бекіту қажеттілігін негіздей отырып, Е.Шешенин жұмыс пен қызмет ұғымдарының ара жігін ажырату қажеттілігін айтты. Қызметтің экономикалық мәнінің бірлігін мойындай отырып, дегенмен қызметті іс-әрекеттің нәтижесі бойынша бөлуді көздейді. Оның пікірінше: «қызмет бірінші кезекте мердігерлік шартының пәні болып табылады, ал екінші кезекте қызмет өтелмелі қызмет көрсету шартының да пәні бола алады» [12, 356 б].

Азаматтық құқықта жалпы алғанда мердігерлік шартының белгісі болып қызмет нәтижесі болып табылады. Рим жеке құқығында Лабеоға тілінде «locatio-conductio operis» - гректердің түсінігінше, «аяқталған еңбек», яғни орындалған жұмыстың аяқталған нәтижесі дегенді білдіреді [12, 490 б].

Еңбек нәтижесін Р.Саватъе өзге тұрғыда қарастырады. Ол міндеттеменің екі түрін бөліп көрсетеді: нәтиже беретін міндеттеме, нәтижеге кепілдік берілетін, яғни мердігерлік шартын жатқызады. әрекет жасауға тиісті міндеттеме, борышқор (дәрігер, тренер) өз жұмысты тиісінше орындауға міндетті, бірақ оның нәтижесіне кепілдік бермейді [14, 232 б].

Төңкеріске дейінгі орыс азаматтық құқығында жұмыс пен қызмет ұғымдарының ара жігін ашып көрсету туралы пікір талас жоқтың қасы. Д.Мейер былай дейді: «мердігерлік шарты – бір тарап белгілі бір ақыға екінші тарапқа белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір қызметті көрсетуге міндеттейтін шарт» [15, 295 б].

Цивилисттермен заттық нәтиженің болуы жеке жалдау және мердігерлік шартының бір бірінен ажыратын белгілі ретінде қарастырылмады. Л.Таль еңбек шарты мен мердігерлік шартының белгілерін анықтауда, мердігерге нақты нәтижеге уәде беретін жұмысты орындау міндетін жүктеді [16, 210 б.].

Қазіргі заңнамада қызмет нәтижесінің материалдық сипаты салық салу объекті ретінде жұмыс пен қызметті ажыратуға негіз болады. ҚР салық кодексіне орай, жұмыс – жеке және заңды тұлғалардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын және материалдық сипаты бар нәтиже, қызмет түрі. Ал, қызмет – материалдық сипаты жоқ және осы қызметті жүзеге асыру кезінде қолданылатын қызмет.

ҚР Азаматтық кодексінің 33-тарауындағы өтелмелі қызмет көрсету белгілі бір әрекетті жасау немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыру деген мағынаны білдіреді. Дегенмен, азаматтық заңда өтелмелі қызмет көрсету шарты бөлініп көрсетілгенімен, ол шарттың пәні туралы ұғым сол қалыпында қала берді. М.Кротовтың пікірінше: қызмет көрсету шартының пәні – заттық сипаты жоқ және кепілдендірілмейтін әрекет [10, 25 б]. Ал, А.Шерстобитов пән ретінде – атқарушының жасаған белгілі бір әрекетінен немесе жүзеге асырған белгілі бір қызметінен тапсырысшының қол жеткізген тиімді нәтижесі. Тиімді нәтиженің заттық сипаты болмауы тиіс, - дейді [17, 5 б].

Қызметтің әр түріне тән жалпы белгі ретінде В.А.Кабатова былай дейді: «өтелмелі қызмет көрсету шартының пәні заттық нәтиже емес, ереже бойынша тиісті жүзеге асырылған әрекет» [18, 393 б].

Жалпы алғанда, қызмет түсінігін тұжырымдағанда, қызмет көрсету кезінде атқарушы қызметінің материалдық емес нәтижесі деуге болады. Осыған орай, қызмет ұғымының доктрианлық түсінігін қалыптастырған Е.Шаблованың көзқарасына тоқталсақ. Қызмет – интеллектуалдық меншік объектісі немесе заттарды жасаумен байланысы жоқ тұлғаның жеке қажеттілігін қанағаттандыратын және ақылы негізде қызмет нәтижесіне қолжететін тәсіл [19, 13 б].

В. Кванин жұмыс пен қызмет ұғымдарын былай бөліп көрсетеді: «қызмет кең мағынада, заттық сипаты жоқ кез келген қызмет (мысалы, тапсырма, сақтау, комиссия, тасымалдау, медианлық, білім беру қызметтері). Ал, тар мағынада, қызмет дегеніміз тапсырысшының затына емес, жеке басына бағытталған қызмет. Сонымен қатар, тапсырысшының жеке басына бағытталған материалдық нәтижелер де болады (мысалы, шаштаразшы қызметі, косметолог қызметі)» [20, 32 б].

Құқықтық әдебиеттерде қызметтің негізгі белгі ретінде қарастырылған заттық сипаты жоқ нәтиже сынға түсті. Себебі, кейбір өтелмелі қызмет көрсету кезінде заттық сипаттағы нәтижелерде орын алады. Мысалы, стоматологиялық көмек арқылы медициналық қызмет көрсетуде заттық нәтиже орын алады, ал терапевтік емдеуде заттық сипаттағы нәтиже болмайды.

Ал, Д.Степанов қызметтің төмендегідей белгілерін ашып көрсетті:

- әрекет жиынтығы бір бірін толықтыратын қызметтің күнделікті сияптын құрауы тиіс;
- қызметте заттық сипат болмайды;
- қызмет нақты бір адамға жасалады;
- қызметтің дәл уақытында тұтынушылығы болуы тиіс;
- қызмет сапасының тұрақсыздығы [21, 16 б].

Д.Степанов осы белгілерді айқындай отырып, қызмет түсінігін береді: «Қызмет – белгілі бір заңды операцияны бейнелейтін, материалдық немесе материалдық сипаты бар атқарушының әрекетібілдіретін азаматтық құқықтық қатынастың объектісінің бір түрі» [21, 190 б]. Д.Степанов жұмысқа ғимараттар мен үйлерді жөндеуді жатқызады, ал қызметке құрал-саймандарды, тұрмыстық техникаларды, зергерлік бұйымдарды жөндеуді қызметін жатқызады.

Бірақ, аталған тұжырыммен келісуге болмайды. Міне, қарап отырсақ, азаматтық құқықта қызмет ұғымының жалпы түсінігі жоқтың қасы. Қызмет – мүліктік қатынасқа қатысушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар тобы құрайтын қызмет түрі деп

қорытуға болады. Сонымен қатар, өтелмелі қызмет көрсету қатынастарын құқықтық реттеудің ақтаңдақтары бар, Өйткені, азаматтық заңнамаларда, яғни Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде қызмет түсінігі нақты берілмеген, тек ҚР АҚ-нің 115-бабында қызмет азаматтық құқықтың объектісі ретінде сипатталған, және де оның белгілері толық ашып көрсетілмегендігін айта кеткен жөн. Заң бойынша (ҚР АҚ-нің 683-бабына сәйкес) «қызмет көрсету» термині - белгілі бір іс-әрекет жасау немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыру ретінде түсіндірілген. Айта кететін жайт, ҚР АҚ-нің 687-бабында былай делінген: мердігерлік туралы жалпы ережелер (осы Кодекстің 616-639 баптары) және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер (осы Кодекстің 640-650 баптары), егер осы Кодекстің 683-686 баптарына, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылады. Міне, осы жерде қатынасты реттеу мүлдем шатысып кеткен деуге болады. Себебі, мердігерлік міндеттемесін реттейтін қалыптардың санына байланысты, екі қорытынды жасауға болады.

Бірінші қорытынды, осы әрекеттегі азаматтық заңнамадағы мердігерлік және өтелмелі қызмет көрсету шарттарына бірмезетте қолданылатын қалыптар әмбебап сипатта қолданылады.

Екінші қорытынды, Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінде шарттық қатынастың объектісі ретінде қызмет пен мердігерлік шарты бойынша орындалған жұмыс арасындағы айырмашылықтары қарастырылмаған.

Жалпы алғанда, доктринада «қызмет» түсінігі көп мағынада қарастырылуда. Ғалымдар бірегей пікірге келе алмауда, заңнамада «қызмет» түсінігін бекіту үшін үш негізгі концепция қалыптасқан: «дифференциалдық», қызмет көрсету аясын жеке реттейтін арнайы заңды қабылдауды ұсынады (Язев В.А., Садиков О.Н., Калмыков Ю.Х., Баринов Н.А.) [6, 14] «Интегралдық», бір заңда «азамат-тұтынушы» құқықтарын қорғауды тоғыстыруды ұсынады (Мозолин В.П., Кабалкин А.Ю.) [2]; «орталықтандырылған негіз», бұл концепцияның өкілдері азаматтық заңнамалар Негізін қалыптастыруды ұсынады (Красавчиков О.А., Плетнев В.А.) [3].

Ал, бүгінгі таңда уақыт өте келе заң шығарушылармен «интегралдық концепция» қолдау тапты, яғни «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңы [4] қабылданылды. Бұл Заң тұтынушылар праволарын қорғаудың құқылық, экономикалық және ілеуметтік негіздерін, сондай-ақ кепілдіктерін баянды етеді. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары тұтынушылардың өздерін сапалы товарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі жеке праволарын қорғауға байланысты тиімді шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Азаматтық құқықта қызмет ұғымының жалпы түсінігі жоқтың қасы. Қызмет – мүліктік қатынасқа қатысушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар тобы құрайтын қызмет түрі деп қорытуға болады. Сонымен қатар, өтелмелі қызмет көрсету қатынастарын құқықтық реттеудің ақтаңдақтары бар. Айта кететін жайт, ҚР АҚ-нің 687-бабында былай делінген: мердігерлік туралы жалпы ережелер (осы Кодекстің 616-639 баптары) және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер (осы Кодекстің 640-650 баптары), егер осы Кодекстің 683-686 баптарына, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылады. Міне, осы жерде қатынасты реттеу мүлдем шатысып кеткен деуге болады. Өтелмелі қызмет көрсету шарты тікелей ҚР Азаматтық кодексі және тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңымен реттелінеді. Міне, қарап отырсақ өтелмелі қызмет көрсету шартының құқықтық реттелу ерекшелігі осындай деуге толық негіз бар.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі. – Алматы: Юрист, 2018. – 510 б.
2. Кабалкин А.Ю., Мозолин В.П. Охрана прав граждан и потребителей // Советское государство и право. 1986. № 4. С. 37-45.
3. Красавчиков О.А. Теория юридических фактов в советском гражданском праве: Автореф. дис.: канд. юрид. наук. - Свердловск, 1985. - 22 с.
4. Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңы // Юрист анықтама жүйесі.
5. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга третья. - М., 2002. - 897 с.
Азаматтық іс жүргізуде ерекше іс жүргізу тәртібімен берілген өтінішті қайтару үшін арнайы негіз көзделген. Егер арыз берген кезде азаматтық құқық туралы даудың болуы анықталса, онда сот арыз берушіге талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну құқығын түсіндіре отырып, арызды қайтарады. Өйткені ерекше іс жүргізу дау жоқ істерді қарайды [6, 112 б.].

Егер талап арызда кемшіліктер, жетіспеушіліктер болса талап арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шығару құқығы көзделген. Бұл ұйғарым сотқа берілген арыздың кемшіліктерін жою мақсатында шығарылуға тиіс. Арызды қозғалыссыз қалдыру туралы сот ұйғарымы да дәлелді болуға тиіс. Осыған байланысты арызды қозғалыссыз қалдыру үшін сотқа берілген арыздың азаматтық процестің басқа сатыларында жоюға болмайтын кемшіліктері ғана заңды негіз болып танылуы мүмкін. Сондықтан азаматтық процестің басқа сатыларында жойылуы мүмкін сотқа берілген арыздардың кемшіліктерін арызды қозғалыссыз қалдыру үшін заңды негіз деп тануға болмайды. Мысалы, арызда сотқа жүгіну мән-жайларын растайтын дәлелдемелерге сілтемелердің болмауы арызды қозғалыссыз қалдыру үшін заңды негіз болып табылмайды, өйткені дәлелдемелерді сот азаматтық процестің басқа сатыларында алуы мүмкін, олар істі бірінші сатыдағы соттың қарау барысында зерттеуге және бағалауға жатады [7, 12 б.].

Сот талқылауына дайындық көлемі істің күрделілігіне байланысты. Мұнда әдетте судья мәлімделген талаптарды нақтылайды. Талапкерге, мүмкін жауапкерге сұрау салу арқылы, сондай-ақ, басшылыққа алынуы тиіс заңды барлығына хабарлайды.

Істі тыңдауға дайындау талап арыз өз өндірісіне қабылданғаннан кейін жиырма күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізілуі тиіс. Ерекше күрделі жағдайларда судьяның дәлелді ұйғарымы бойынша мерзім отыз күнге, бір айға дейін ұзартылуы мүмкін. Азаматтық іске дайындық мерзімі бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Ол алдында жеті күн, одан соң он бес күн, соңы жиырма күнге ұзартылды. Өйткені, Азаматтық істі сот отырысына дайындау сатысы азаматтық іс жүргізудің міндетті сатысы болып есептеледі.

Азаматтық іс жүргізу заңнамаларында сот алдын ала сот отырысында жасауы мүмкін іс жүргізу әрекеттері көрсетілген. Алдын ала сот отырысында судья іске қатысушы адамдардың пікірін ескере отырып, айқындайды, яғни іс бойынша дәлелдеу нысанасын айқындайды. Алдын ала сот отырысында

дәлелдеу мәнін анықтау неғұрлым күрделі істер бойынша жүргізіледі, ол бойынша қаралған іс жүргізу әрекеттерін жүргізу іс бойынша дәлелдеу мәніне кіретін мән-жайларды анықтауға мүмкіндік бермеген[8, 184 б.].

Алдын ала отырыста сот іске қатысушы адамдардың қатысуымен алдынала сот отырысы өтеді. Алдын ала сот отырысы істі мәні бойынша қарау және шешу үшін жағдайлар дайындау жөніндегі міндеттерді шешу және мақсатқа қол жеткізу үшін өткізіледі. Сотқа алдын ала сот отырысында мәлімделген талаптарды қанағаттандырудан бас тарту құқығын беру іс бойынша дәлелдеу мәніне кіретін мән-жайларды одан әрі зерттеу үшін жағдайлар жасалуға тиіс азаматтық процестің осы сатысының мақсаты мен міндеттеріне қайшы келетінін байқамауға болмайды. және теріске шығару мәніне зерттеуді болжайтын сот арқылы қорғалу құқығын бұзуға да әкеп соғады.

Жоғарыда айтылғандар бұл туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, осы негіздемені сот тәртібімен мәлімделген ұйғарым шығарады және өз ұйғарымында оны қарау күні мен сағатын көрсетеді, бұл ретте іске қатысушы адамдардың өз мүдделерін қорғауға жан-жақты дайындалуы үшін оны алдын ала жасайды.

Сот талқылауын бірінші саты бойынша аудандық және қалалық соттарда судья жеке-дара немесе кемінде үш судьядан тұратын тақ құрамында алқалы түрде жүргізеді.

Сот отырысына төрағалық етуші судья басшылық етеді, яғни ол барлық азаматтық іс жүргізу барысын басқарады, істің барлық мән-жайларын іске қатысушылармен бірге зерттей отырып, заңды және негізді шешім шығаруға атсалысады. Іске қатысып отырған тараптардың құқықтары мен міндеттерін және жауапкершіліктерін толық және жан-жақты анықтауды қамтамасыз етеді.

Яғни сот залының тәртібін бұзғандарға ескерту, залдан шығару, айыппұл, 15 тәулікке дейін қамауға алу тәрізді әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін. Егер тәртіп бұзушының іс-әрекетінде қылмыс құрамы мысалы, бұзақылық болса, онда бұл туралы прокурорға немесе құқыққорғау органдарына хабарлап, сот қылмыстық іс қозғайды [8, 184 б.].

Азаматтық іс бойынша сот талқылауы бірнеше кезеңнен тұрады.

Оларды жекелеп бөліп қарастыратын болсақ, біріншісі дайындық кезеңі. Дайындық сатысында іске қатысушы деп танылған қажетті адамдардың барлығы сот отырысына келген-келмегенін және егер олар жоқ болса, онда олардың қатысуынсыз іс қарауға мүмкіндік барма жоқпа, және ол тарап келмей-ақ іс қарауға бола ма егер іс қарау мүмкін болмаса сот азаматтық істі кейінге қалдыра отырып, осы мәселені шешеді. Азаматтық іске қатысушы адамдар сот құрамымен таныстырылып, және оларда сотқа қарсылық білдіру құқығы барма жоқ па міндетті түрде сұралады. Егер сот құрамына қарсылық білдірілсе, сот істі кейінге қалдырып, келесі іс жүргізуді жаңа құраммен қарастыруды шешеді. Ал егер сот құрамына қарсылық білдірілмесе, сот ары қарай істі жалғастырады да, процеске қатысушыларға олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері және т. б. түсіндіріледі.

Азаматтық істің мән-жайын зерттеуді судья істі баяндаумен бастайды, содан кейін тараптар өз талаптары мен қарсылықтарын толықтырады және нақтылайды. Содан кейін сот талапкердің, жауапкердің, келісімімен сұрақтар қойылады. Төрағалық етуші дәлелдеу нысанасына жатпайтын мәселені қабылдамауға құқылы. Жазбаша дәлелдемелерді қарау оларды жария ету жолымен жүргізіледі, содан кейін іске қатысушы адамдар түсініктеме бере алады. Заттай дәлелдемелер әдетте оларды сот мәжілісінде зерттеу жүргізеді.

Сотқа ұсынылатын азаматтық іс жүргізу дәлелдемелері заңды түрде алынған нақты деректер болуы керек. Олар ауызша дәлелдемелерден, яғни тараптардың түсіндірулерінен, куәнің көрсетулерінен тұрады. Жазбаша дәлелдемелерге құжаттар актілер, ресми қағаздар жатады.

Азаматтық іс жүргізудегі дәлелдемеде сарапшының қорытындысы қылмыстық істегіден өзгеше болады. Қылмыстық істе сарапшы қолдың ізі, аяқтың ізі, қанның ізі тәріздес сараптамалар жасайды. Ал азаматтық іс жүргізуде бізде әкелікті тану бойынша ғана негізгі сараптама алынуы мүмкін.

Қалған сараптама ол құжаттардың түпнұсқалылығын, оларға қойылған колдардың түпнұсқалылығын анықтау үшін сараптама дайындалады.

Ол сараптамалар жеке, комиссиялық, кешенді, қайталама болуы мүмкін.

Жеке сараптаманы азаматтық іс бойынша бір ғана сарапшы жүргізеді. Ал комиссиялық сараптамада ол алқалы түрде өтеді. Яғни бір мамандықтағы бірнеше сарапшы қатысқан сараптаманы айтамыз.

Ал кешенді сараптама ол жан жақты жүргізілген сараптама, оны бірнеше мамандықтағы бірнеше сарапшы жүргізеді. Бір объект бойынша сараптама береді.

Қосымша сараптама деген азаматтық істегі сараптама ол алдыңғы сараптамада жасалмай қалып керткен жерлеріне қайтадан сараптама жүргізуді айтамыз.

Соңғы кайталама сараптама ол бірінші жасалған сараптамаға күман туған ретте өтініш арқылы екінші қайта басқа сарапшымен жасалатын сараптама. Осы дәлелдемелерді сот отырысында тараптар міндетті түрде соттың қатысуымен зерттеу керек. Азаматтық іске жолданған барлық дәлелдеме дәлелдеуден өтуі міндетті болады.

Азаматтық істің дәлелдеу уәждеу бөлімі бітігісімен сот істі мәні бойынша қарау бөлімі бітіп, сот жарыссөзіне көшетінін хабарлайды. Жарыссөз істе қаралған дәлелдемелерді зерттеуге негізделетін қорытынды беру үшін сөз талап қоюшыға, одан соң оның өкіліне, адвокатына беріледі. Жалпы, алдымен сөз талапкерге немесе оның өкіліне, содан кейін жауапкерге және оның өкіліне, содан кейін – дербес талап қою талабын мәлімдеген үшінші тұлғаға немесе оның өкіліне беріледі. Сотта жарыссөздер мен прокурор қорытындысынан кейін судья сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді.

Шешім шығару және оны жариялау кезінде барлық сот талқылауының қорытындысы шығарылады. Шешім іс тыңдалғаннан кейін дереу шығарылады. Ерекше күрделі істер бойынша дәлелді шешім жасау үш күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін, алайда кіріспе және қарар бөлігі бірден жарияланады.

Шешімнің өзі кіріспе, сипаттау, дәлелдеу яғни, уәждеу және қарар бөліктерінен тұрады.

Сот шешіміне белгілі бір талаптар қойылады. Шешім материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларына негізделуге, сондай-ақ негізделген болуға, яғни іс үшін бар мән-жайларды қамтуға және дәлелдемелерді ондағы қорытындыларды растауға келтіруге тиіс. Сот шешімі толық және толық емес қысқаша болуға және барлық мәлімделген талаптарға түпкілікті жауаптарды қамтуға тиіс. Тараптарға сот шешімінің барлық мазмұны түсінікті және белгілі болу керек. Ол белгісіздік пен әртүрлі түсіндіруді болдырмайтын талаптарға жауап беруі тиіс. Сондықтан балама, қосымша шешім шығаруға жол берілмейді «... мүлікті беруге немесе оның құнын өндіріп алуға» - деген сөздермен ауыстырылсын, деген қарар шыққан ақырында, сот шешімі сөзсіз болуы тиіс, яғни қандай да бір талаптардың туындауына немесе ауытқымауына байланысты талапкердің талабын орындауды қоймауы тиіс [9, 117 б.].

Қорыта келгенде, бірінші сатыда іс жүргізу сот практикаларында бір ғана саты болып саналады, яғни оның құрамына теориядағы азаматтық істі қозғау, азаматтық істі сот отырысына дайындау және азаматтық істі сот процесінде қарау кіреді. Бұл еліміздің іс жүргізу заңдарын қабылдаудағы басты міндеті деп санау керек.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 30.08. - Алматы: Жеті Жарғы. 2020.-97 б.
- 2 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процесілік кодексі, - Алматы: ЮРИСТ, 2020.- 234 б.
- 3 Ильясова Г.А. Казахстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы (жалпы бөлім). - Астана: Фолиант, 2009. - 107 б.
- 4 Меирбекова Г.Б. Азаматтық іс жүргізу құқығы Сызбалар негізінде. Оқу құралы. Алматы: Ұлағат баспасы. - 2010ж. – 230 б
- 5 Азаматтық істерді ерекше талап қою бойынша сотта қарауға әзірлеу тәжірибесі туралы ҚР Жоғары Соты Пленумының 2016-жылғы 10-қазандағы №18 қаулысы.// Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларының жинағы. Алматы, 2018. - 665 б.
- 6 Егембердиев Е.О. Применение принципа состязательности при осуществлении правосудия судами Республики Казахстан (по гражданским делам): автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.11. – Алматы, 2007. - С. 84.
- 7 Гурвич М.А. Развитие стадий гражданского процесса. Учебное пособие. М.: Изд-во МГУ, 2012. – 347 с.
- 8 Мадьярова А.А. Порядок и особенности вычисления сроков по новому гражданскому законодательству // Зан, 2017 № 2, с. 12-14.
- 9 Абдраимов Б., Мухамедшин Р. Некоторые теоретические и практические вопросы гражданского судопроизводства. // Правовая реформа в Казахстане. № 3. -2015- С.349.



**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ КРИМИНОЛОГИЯ**  
**УГОЛОВНОЕ ПРАВО КРИМИНОЛОГИЯ**  
**CRIMINAL LAW CRIMINOLOGY**

УДК: 343.2/.7  
МРНТИ: 10.77.01

*А.М. Досанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ  
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық қағидалары саласындағы қылмыстық заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелерін қарастырылған. Көптеген елдердің тәжірибесінен қылмыстық құқық қағидағары көптеген мемлекеттердің Қылмыстық кодекстерінде көрініс табатындығын көруге болады. Қазақстан Республикасында бұл проблема бүгін теориялар деңгейінде енгізілетін болады және заңнамалық тұрғыдан бекітілмеген.

**Кілт сөздер:** қылмыстық құқық; заңдылық қағидаты; азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі қағидаты; кінәлі жауапкершілік қағидаты; әділдік қағидаты; гуманизм қағидаты.

*А.М. Dosanova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

**SOME ISSUES OF LEGISLATIVE REGULATION OF THE PRINCIPLES OF  
CRIMINAL LAW**

*Abstract*

This article discusses some issues of improving the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of principles of criminal law. From the experience of many countries, it can be seen that the principles of criminal law are reflected in the criminal codes of many states. In the Republic of Kazakhstan, this problem will be introduced today at the level of theories and is not legally fixed.

**Keywords:** criminal law; the principle of legality; the principle of equality of citizens before the law and the court; the principle of guilty responsibility; the principle of justice; the principle of humanism.

*A. M. Dosanova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

**НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРИНЦИПОВ  
УГОЛОВНОГО ПРАВА**

*Аннотация*

В данной статье рассмотрены некоторые вопросы совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан в области принципов уголовного права. Из опыта многих стран видно, что принципы уголовного права находят свое отражение в уголовных кодексах многих государств. В Республике Казахстан эта проблема сегодня будет внедрена на уровне теорий и законодательно не закреплена.

**Ключевые слова:** уголовное право; принцип законности; принцип равенства граждан перед законом и судом; принцип виновной ответственности; принцип справедливости; принцип гуманизма.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы мәселелерінің бірі қылмыстық құқық қағидаттарының проблемасы болып табылады. Қылмыстық құқық қағидаттары Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының, қылмысқа қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық құралдары мазмұнының негізінде, оларды қолдану практикасында жатқан түбегейлі идеялар мен қағидаттар болып табылады.

Сөздікте "принцип" термині (лат. *principium*-басталуы, негізі) кез-келген теорияның, ілімнің, ғылымның, дүниетанымның, саяси ұйымның және т.б. негізгі, бастапқы орны ретінде түсіндіріледі [1, 483 б.]. Демек, құқық қағидаттары, оның ішінде қылмыстық қағидалар да оның жетекші қағидаттары, өзгермейтін бастапқы нүктелерді анықтайтын бастапқы ережелер болып табылады. Бұл мағынада қылмыстық Заңның принциптері әрқашан, қылмыстық заңның өзі болғанға дейін болған. Алайда, олар жақында оларды ғылымдағы принциптер ретінде ажырата бастады-ХVIII ғасырдың соңында, әйгілі француз ойшылдары мен демократтарынан кейін.

Қылмыстық құқық қағидаттары қылмыстық құқық жүйесін айқындайтын және қорғау (жалпы құқықтық) және нақты-реттеуші (реттеуші) қылмыстық-құқықтық қатынастар субъектілеріне арналған негізгі (бастапқы) қағидаттардың (идеялардың) нормативтік жиынтығын білдіреді.

Құқық теориясында құқықтық принциптер жүйесіне, оларды жіктеуге қатысты екі негізгі көзқарас бар. Олардың біріншісіне сәйкес құқықтық принциптерді бөлуге болады: негізгі құқықтық принциптер (құқықтың бүкіл жүйесіне тән), салааралық (бірыңғай циклдегі құқық салаларына тән: қылмыстық, азаматтық және т.б.) және салалық (жеке салаға тән). Екінші көзқарас бойынша, принциптерді: негізгі құқықтық, салааралық және салалық принциптерге бөлу іс жүзінде мүмкін емес, өйткені салалық қағидаттар негізгі құқықтық қағидаттардан "алынып тасталады", оларға белгілі бір "салалық" ерекшелік береді.

**Негізгі бөлім.** С.Г. Келина мен В.Н. Кудрявцев атап өткендей, бастысы – тек қылмыстық заңға тән және басқа салаларда қайталанбайтын принциптерді табу және бөліп көрсету емес, қылмыстық құқықтың шынайы табиғатын көрсететін, оның міндеттері мен функцияларын анықтайтын принциптерді бөліп көрсету [2, 63-64 бб.].

Қазақстанның көрнекті ғалымдарының бірі, профессор Р. Т. Нұртаев отандық қылмыстық құқық ғылымындағы осы проблемаға ерекше назар аударады.

"Қылмыстық құқықты шоғырландыру және принциптерді қатаң сақтау мемлекеттің қылмыстық саясатының тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады. Қылмыстық саясат мәселелерін әзірлеуді қамтитын құқықтық әдебиеттерде қылмыстық саясаттың негізгі принциптерін бөліп көрсету мен теориялық түсінудің ерекше маңыздылығына ерекше назар аударылады. Олар мемлекет жүргізетін қылмыстық саясаттың негізгі бағыттарын анықтауға бағытталған, оның мақсаттары мен міндеттерін нақтылауға бағытталған қазіргі жалпыланған векторлар ретінде қарастырылуы керек. Қазіргі заманғы көзқарас тұрғысынан қылмыстық саясат принциптерінің жүйесін білдіретін дұрыс көріністі жасау мүддесінде, біздің ойымызша, заңдылық, әділеттілік, демократия, гуманизм және т.б. сияқты мемлекет жүргізетін қылмыстық саясаттың негізгі принциптерінің маңыздылығына баса назар аударған жөн" [3, 120-112 бб.].

Біздің республикамыздың қылмыстық заңнамасы құрылымының принциптерді белгілейтін нормалардың болмауымен байланысты ерекшелігін ескере отырып, құқық теориясында тұжырымдалған келесі тұжырымдамалық ережеге сілтеме жасау орынды: "құқық принциптері әрқашан бетінде бола бермейді. Алайда, олар кез-келген елдің құқығына тән. Әдетте, олар тікелей заңнамалық актілерде (Конституциялық және қарапайым заңдардың баптарында, кіріспелерінде) бекітіледі немесе нақты құқықтық нормалардың мазмұнынан туындайды" [4, 23 б.].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексі (ҚР ҚК) 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданды, 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қағидаттар туралы Жеке бап қарастырылмаған, қылмыстық құқық қағидаттарын сақтаудың маңыздылығын, олардың заң шығарудағы және құқық қолданудағы рөлін көрсететін нормалар жоқ. Қылмыстық заңның жекелеген баптарында бірнеше қағидалар бекітілген.

Заңдылық принципі, оның мәні қылмыстың қылмыстылығы мен жазалануы тек қылмыстық заңмен анықталуы керек. Бұл қағида Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 10-баптың 2-бөлігінде бекітілген. Іс жүзінде, бұл принципті іске асыру "белгілі бір қылмыстық қылмыстың" белгілеріне тікелей жатпайтын әрекеттерді жасанды түрде криминализациялауға тырысудан толық бас тартуға " әкелуі керек, тіпті егер бұл әрекеттер қоғамға белгілі бір қауіп төндірсе де. Бұл жерде

тағы бір маңызды толықтыру бар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 4-тармағының 10-тармақшасына сәйкес қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді. Бұл ереже ҚР ҚК 4-бабында бекітілген. қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Заңдылық принципі мынаны білдіреді:

1) қылмыстық іс-әрекеттердің толық тізбесін қамтитын жалғыз нормативтік акт ҚР Заңы болып табылады;

2) әрекеттердің қылмыстылығын белгілейтін және жаңа заңдар қабылдау арқылы енгізілетін нормалар ҚР Заңына міндетті түрде енгізілуге жатады;

3) қылмыстық заңның мәтіні жалпы жұрттың назарына ресми жариялануға тиіс;

4) қылмыстық әрекеттердің жазаланушылығы және оларды жасаудың өзге де қылмыстық-құқықтық салдары тек қана ҚР-да айқындалады;

5) қылмыстар тізбесі толық болып табылады және "ұқсас" норманы (ұқсастықты) қолдануға жол берілмейді.

Конституцияның 14-бабында жарияланған азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі қағидаты. ҚР ҚК 15-бабының 4-бөлігінде " қылмыс жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де мән-жайларға қарамастан заң алдында тең" делінген»

Теңсіздіктің мүмкін негіздерінің тізімі өте кең, бірақ ол толық емес, өйткені заң шығарушы "кез-келген басқа жағдай"тіркесін қолданады. Мұнда "басқа жағдайлар" деп түсіну керек:

1) мемлекет алдындағы әртүрлі қызметтер: спортта, еңбекте, соғыс қимылдарында, мәдениет пен өнер саласында және т. б.;

2) экономикалық немесе саяси элита өкілдерімен тығыз (туыстық) қатынастар;

3) тұрақты тұратын жері, оқу немесе жұмыс орны және т. б. сондықтан теңсіздік үшін мүмкін негіздердің тізімі " ашық».

Азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидатын ескере отырып, Сот төрелігі немесе Мемлекеттік басқару саласында жұмыс істейтін адамдардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшеліктері туралы мәселеге назар аударуға болмайды. Судьяларды, мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларын қылмыстық қудалаудың өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі (мысалы, жоғары тұрған соттың қылмыстық қудалауға, заң шығарушы органға және т.б. рұқсат алуы). Азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидатына қайшылық бар ма деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша, бұл жерде ешқандай қайшылық жоқ, өйткені біз оларды жазалау немесе қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа шараларын қолдану ерекшеліктері туралы емес, қылмыстық жауапкершілікке тарту рәсімінің ерекшелігі туралы айтып отырмыз. Сондықтан сот төрелігі немесе Мемлекеттік басқару саласында жұмыс істейтін адамдардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшеліктері туралы мәселе қылмыстық-құқықтық емес, іс жүргізу болып табылады деп айтуға болады.

И.Я. Звечаровскийдің пікірінше, теңдік принципінің мәні "жасалған қылмыс үшін жауапкершілік барлығына бірдей жүктеледі" [5, 50 б.]. Н. Я. Лопашенко бұл пікірмен келіспейді, оның пікірінше" қылмыстық жауапкершілікке тең жауапкершілік туралы айту дұрыс емес, өйткені бұл қылмыстық жауапкершіліктен заңды босату фактілерін ескермеу дегенді білдіреді. Бірақ қылмыс жасалған жағдайда заңның алдына шығу және заңмен қарастырылған ықпал ету шараларын қабылдау, ол жауапкершілікке тартылса да, босатылса да, қылмыс жасаған адамдардың басым көпшілігін теңестіреді» [6, 130 б.].

В.В. Мальцевтің пікірінше " заң мен сот алдында бәрі тең. Теңдік қоғамдық өмірдің барлық субъектілерінің бірдей мүдделерін тең қорғаумен қамтамасыз етіледі; бірдей сипаттағы және қоғамдық қауіптілік дәрежесіндегі қылмыстар жасаған адамдардың тең жауапкершілігімен қамтамасыз етіледі" [7, 151 б.].

«Жеке жауапкершілік туралы ереже қылмыстық құқықтың барлық принциптерімен тығыз байланысты. Осылайша, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаты, ең алдымен, "қылмыстық жауаптылықтың бірыңғай негізін" ("қылмыстық заң бойынша қылмыстың" барлық белгілері бар іс-әрекетті жасау), қылмыс жасаған адамның жеке қатысуын (кем дегенде серіктес ретінде) анықтайды.

Кінәлілік туралы мәселе әлеуметтік қауіпті әрекетті "жасаған адам" болған кезде ғана туындайды. Сонымен қатар, кінә (адамның өзі жасаған әлеуметтік қауіпті іс-әрекетке және оның салдарына қасақана немесе немқұрайлылық түрінде психикалық қатынасы) психикасы бар

субъектісіз және ол жасаған қылмысқа (оның іс-әрекетіне) психикалық көзқарасқа байланысты мүмкін емес, сондықтан бұл субъектінің жеке жауапкершілігінсіз мүмкін емес.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауапкершілікті даралау қылмыс жасаған адамға жауапкершілік жүктеу процесінде Мемлекеттік мәжбүрлеудің нақты шарасы ретінде түсініледі. Жауапкершіліктің нақты шарасы, ең алдымен, қылмыскердің әлеуметтік қасиеттеріне, сондай-ақ жасалған қылмыстың ауырлығына сәйкес келуі керек. Басқаша айтқанда, дараландырудың мәні белгілі бір адам үшін оның жеке басын, жасалған қылмыстық әрекеттің сипаты мен ауырлығын ескере отырып "нақты жауапкершілік шарасын" таңдау болып табылады.

А. В. Заряева, В.Д. Малков қылмыстық жауапкершілікті даралауды белгілі бір адамның, ал оны нақты қылмыс жасағаны үшін және жасалған әрекеттің ауырлығына және оның жеке басына қатаң сәйкестікте анықтайды [8, 38-39 бб.]. А. Н. Игнатов, Ю. А. Красиков қылмыстық жауапкершілік пен жазаны даралау принципі және әділеттіліктің жалпы принципінің жеке көрінісі деп санайды [9, 10 б.].

Қылмыстық жауапкершілік пен жазаны даралау принципі әділ және адамгершілік жазаны тағайындауда маңызды рөл атқарады, өйткені қылмыстық қылмыстың барлық қажетті шарттары мен себептерін, кінәлінің жеке басын және ол жасаған әрекетті ескере отырып, қылмыстық процесті жүзеге асыратын орган қылмыстық құқықтың міндеттерін тиімді жүзеге асырады.

Демократия қағидаты қылмыстық заңдарды тек жоғарғы заң шығарушы орган ғана қабылдай алады, оны елдің бүкіл халқы сайлайды, демек, бүкіл халықтың еркін білдіреді. Заңды білмеу Ақтау болмаса да, Үкімет заңдардың мәтіндерін халықтың барлық топтарына қол жетімді ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Қылмыстық құқықтағы демократия қағидатын өзектендіруді әртүрлі қылмыстық қылмыстарға қарсы іс-қимылға белсенді қатысуда біздің мемлекеттің азаматтық қоғамның әртүрлі қоғамдық институттарына беретін мүмкіндіктерін кеңейтумен байланыстыру заңды болып көрінеді. Мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қылмыстың алдын алу мәселелерін реттейтін заңнамалық актілерде азаматтарды біздің республикада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске және қылмыстың алдын алуға қатысуға итермелейтін нормалар тұжырымдалған.

Қылмыстық құқық теориясында кейбір авторлар қылмыстық құқықтың келесі "атиптік" принциптерін ажыратады: кінәлілік презумпциясы принципі (кінәсіздік презумпциясымен шатастырмаңыз), объективті айыптау принципі және диспозитивтілік принципі [10, 12 б.].

"Қылмыстық-құқықтық қағидаттар заңнама, ғылым, құқық қорғау органдары және азаматтар үшін қылмысқа қарсы күрес саласындағы қажетті, негіз қалаушы және міндетті ережелерді көрсетеді" [11, 19 б.]. Қылмыстық құқық қағидаттарын бұзу қылмыстық құқықтың сапасы мен тиімділігіне теріс әсер етеді, оның негізгі міндеттері қоғамдағы негізгі игіліктер мен құндылықтарды қорғау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Қылмыстық құқық принциптері бір-бірімен тығыз байланысты. Бір қағиданы бұзу екіншісінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне қылмыстық құқық қағидаттары бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады. Қылмыстық кодекстің жалпы бөлігінде «Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының міндеттері мен қағидаттары» деп аталатын жеке норманы көздеу керек, онда Қылмыстық кодекстің қылмыстық құқық қағидаттарын реттейтін барлық нормаларын бір жерде жинау қажет. Біз ҚР-да мынадай қағидаттарды енгізуді ұсынамыз: заңдылық қағидаты; азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаты; кінә қағидаты; қылмыстық жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығы қағидаты; әділдік қағидаты; гуманизм қағидаты.

Құқық қолдануда қылмыстық құқық қағидаттарын іске асыру процесінің тиімділігі қағидаттардың өздерін заңнамалық тұрғыдан дәл білдіруіне және олардың құқық қолданумен тікелей байланысты қылмыстық құқық нормаларына сәйкестік дәрежесіне ғана емес, сонымен бірге көбінесе мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатының мазмұнына, қылмыстық құқық алдында тұрған міндеттердің айқындығы мен әлеуметтік болмысына байланысты болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка: Ок 57000 слов /Под ред. лч. - корр. АНССР Н.Ю.Шведовой. - 20-е изд., стереотип. М.: Русс. яз., 1998. - 750 с.
2. Келина С.Г., Кудрявцев В.Н. Принципы советского уголовного права. М.: Наука, 1988. - 176с
3. Нуртаев Р.Т. О совершенствовании действующего уголовного законодательства // Государство и право, 2017. №1-2 (74-75). - С. 119-129.

4. *Общая теория государства и права. Академический курс в 2-х томах. Том 2. Теория права.* - М. «Зерцало», 1998. - 223 с.
5. *Звечаровский И.Э. Современное уголовное право России.* - СПб, 2001. - 250 с
6. *Лопашенко Н.А. Проблемы законодательной регламентации принципов уголовного права в Уголовном кодексе Российской Федерации и пути их преодоления //Юридический сборник-2015 ЦЮН [http:// research.bfu.bg](http://research.bfu.bg) › jsrui › bitstream › 123*
7. *Мальцев В.В. Принципы уголовного права.* - Волгоград, 2001. - 231с.
8. *Мельникова Ю.Б. Дифференциация ответственности и индивидуализация наказания.* Красноярск, 1989. - 239 с.
9. *Игнатов А.Н., Красиков Ю.А. Курс российского уголовного права: В 2 т. Т.1. Общая часть.* - М.: Издательство Норма, 2001. - 310 с.
10. *Сумачев А.В. О принципах уголовного права //Юридическая наука и правоохранительная практика* , 2017. №4 (42). - С. 8-15.
11. *Агыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы / А.Н. Агыбаев.* - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 282 б.

**УДК: 343.85**  
**МРНТИ:10.81.71**

*Н.А. Зыяу<sup>1</sup> Ғылыми жетекшісі: Н.Б.Калкаева*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты,  
Құқықтану кафедрасының 7М04201-құқықтану мамандығының 1-курс магистранты  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты,  
Құқықтану кафедрасының қауымд.профессоры, з.ғ.к.*

## **КОНТРАБАНДАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫ АЛДЫН-АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРАЛАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада автор контрабандалық қылмыстылықты алдын-алудың жалпы шаралары қоғамның қалыпты дамуын қамтамасыз етуден, оның экономикалық, идеологиялық, әлеуметтік және өзге институттарын әрдайым жетілдіруден және қылмыстылықты болдыратын кризистік құбылыстарды әртүрлі қайшылықтарды өмірден ығыстырудан тұратындығын көрсетеді. Сондай-ақ, контрабанда мен кедендік төлемдерді төлеуден жалтаруды ажыратудың қиындығын бұл екеуі үшін жауапкершілікті көздейтін баптардың құрамында бланкеттік диспозицияның болуында және оларды түсіндіру кезінде кедендік заңнаманың барлық ережелерін, сонымен қатар сот тәжірибесін де ескеру керек екендігін зерттеп қарастырады.

**Кілт сөздер:** қылмыстылық, контрабанда, экономикалық контрабанда, қылмыстық жауапкершілік

*N.A. Ziyau<sup>1</sup> Research supervisor: N.Kalkayeva*

*<sup>1</sup>Master of the 1 year of the specialty 7M042010- jurisprudence of the Institute of History and Law of the Abai KazNPU*

*Candidate of Law, associate professor of Chair of jurisprudence of Institute of history and law of Abai KazNPU*

## **GENERAL MEASURES FOR THE PREVENTION OF SMUGGLED CRIME**

*Abstract*

In the article, the author states that the general measures for the prevention of smuggled crime consist in ensuring the normal development of society, the constant improvement of its economic, ideological, social and other institutions and the crowding out of the various kinds of contradictions of crisis phenomena that cause crime. The difficulty of distinguishing between smuggling and evasion of customs payments is also

studied in that the articles providing for responsibility for these two contain a blanket disposition and its interpretation should take into account all the provisions of customs legislation, as well as judicial practice.

**Keywords:** crime, smuggling, economic smuggling, criminal liability

*Н.А. Зыяу<sup>1</sup> Научный руководитель: Н.Б.Калкаева*

*<sup>1</sup>магистрант 1-курса специальности 7М04201- юриспруденция*

*Института истории и права КазНПУ имени Абая*

*к.ю.н., асс. профессор кафедры Юриспруденции Института истории и права КазНПУ имени Абая*

## ОБЩИЕ МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ КОНТРАБАНДНОЙ ПРЕСТУПНОСТИ

### *Аннотация*

В статье автор указывает, что общие меры профилактики контрабандной преступности состоят в обеспечении нормального развития общества, постоянном совершенствовании его экономических, идеологических, социальных и иных институтов и вытеснении из жизни различного рода противоречий кризисных явлений, обуславливающих преступность. Также изучается сложность разграничения контрабанды и уклонения от уплаты таможенных платежей в том, что в составе статей, предусматривающих ответственность за эти два, имеется бланкетная диспозиция и при ее толковании следует учитывать все положения таможенного законодательства, а также судебную практику.

**Ключевые слова:** преступность, контрабанда, экономическая контрабанда, уголовная ответственность

Қылмыстылықтың алдын алу - қылмыстылықты ескерту, жалпы қылмыстылық факторларын және оның жеке түрлерін, қылмыскердің жеке басы қоғамдық қауіптілігін шектеу немесе жоюға бағытталған шаралар болып табылады.

Қылмыстылықтың алдын-алу – қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған (мемлекеттік, қоғамдық, арнайы) шаралар жүйесі деп түсіндіріледі[1].

Кез-келген қылмыстылықты, сондай-ақ контрабандалық қылмыстылықты алдын-алудың жалпы шаралары қоғамның қалыпты дамуын қамтамасыз етуден, оның экономикалық, идеологиялық, әлеуметтік және өзге институттарын әрдайым жетілдіруден және қылмыстылықты болдыратын кризистік құбылыстарды әртүрлі қайшылықтарды өмірден ығыстырудан тұрады.

Профессор Е.І. Қайыржанов қылмыстылықты алдын алу шараларын қылмыс объектісінің шеңберіне қарай топтай отырып, оларды мынадай үш түрге бөледі:

- 1) жалпы профилактика;
- 2) арнаулы (топтық) профилактика;
- 3) индивидуалды профилактика [2, 165 б].

Жалпы шаралар экономикалық соның ішінде контрабанданың алдын-алуға объективті және тұтастай әсер етеді.

Контрабанда үшін қылмыстық – құқықтық жауапкершілік тауарды кедендік шекара арқылы заңсыз жолмен өткізуден туындайды: кедендік тексеруден жалтару, жалған құжаттар немесе кедендік идентификация құралдарын жалған пайдалану, декларацияламау немесе жалған декларациялау. Бұл әрекеттердің мазмұны ҚР КК-нің 234, 236 - бб.-да толық ашылған.

Контрабанда және кедендік төлемдерді төлеуден жалтару түсініктерін айырудың қиыншылығы жауапкершілікті көздейтін екі бапта бланкеттік диспозиция бар және оны талқылауда кедендік заңнаманың көптеген ережелерін орындау керек, сонымен қатар, бекітілген соттық тәжірибені сақтау керек.

Экономикалық контрабанда мен жемқорлықтың ұйымдасқан қылмыстылықты алдын алудың тиімді жүйе ретінде елімізде бірыңғай информациялық кеңістіктің құрылуы мүмкіндік туғызатын еді. Тұтас информациялық жүйеге көшуіміздің қажеттілігі, республиканың құқық қорғау және бақылаушы органдардың қызметін ұйымдастыруда негізгі базаға айналуы мүмкін. Ал құқық қорғау және фискалдық органдар арасындағы ведомстволық қайшылықтарға тап болмау үшін көрсетілген ақпарат орталығын қандай да бір ведомстволықтың құрамында құрмай, оны Үкімет немесе Қазақстан Республикасы Президенті жанында жеке ақпарат (ведомствоаралық) орталығын ұйымдастырып,

құруға болады және қылмыстылықпен күресті жүргізетін барлық мемлекеттік органдармен, әділ сот органдарының көрсеткіштерін жинақтап, реттеу өкілеттігін оған беру керек.

Бас Прокуратура жанындағы құқықтық ақпарат орталығын қазіргі жаңа дамыған техникалық құралдармен жабдықтап, Қазақстанның бүкіл аймағын қамтып, аудан, облыс, республика схемасымен жұмысын бастауға болады және де қажет ақпаратқа орталық ведомстволардың лауазымды тұлғалармен бірге, аудандық және облыстық деңгейдегілерде қол жеткізу керек (белгілі бір жасырын кілттерді пайдалану арқылы). Осындай ақпараттық орталықтар көптеген шетел мемлекеттерде бар және ұйымдасқан нысандағы қылмыстылық пен жемқорлыққа қарсы тиімді күрес жүргізіп жатыр.

Құқық қорғау органдары мен бақылау органдарында өз ведомстволық ақпарат орталығы бар (анализ және статистика бөлімі, информатика және статистика басқармалары және т.б.), бірақ олар толық көлемде Бас прокуратураның құқықтық ақпарат орталығына ақпаратты, көрсеткіштерді бермейді. Егер осы ведомствоаралық орталықты қажетті офиспен, сәйкес есептеуіне техникамен, қажетті бекітілімдермен, мамандармен қамтамасыз етсек, барлық мемлекеттік құрылымдар қолданатын тәуелсіз мекеме болатын еді.

Экономикалық контрабандамен күресуді жетілдірудің тағы бір жолы, ол оперативті және процессуалды қызметке көңіл бөлу. Контрабанданы табу, қылмыстық істі қорғау, әсіресе, алдын ала тергеу кезеңінің ерекшеліктерін ескеру. Осы кезеңдерде қылмыстық құрылымдар істің объективті ақиқатын анықтайтын қылмыстық тергеу органдарына максималды түрде қарсылық көрсетеді, дәлелдеу әрекеттерін жүзеге асыратын субъектілерге өз ықпалын, қысымын көрсетіп, криминалды құрылымдарға байланысты оперативті және іс жүргізушілік қызметті жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға зиян келтіреді және жемқорланған мемлекеттік қызметкерлердің, депутаттардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қылмыстық істерін тергеудің нәтижелі болуын алдын алу үшін әр түрлі бөгеттерді жасайды.

Осы сатыға жатқызылған істердің іс жүргізушілік қызметінің ішіндегі дәлелдеу кезеңі қиындықты көріп отыр. Экономикалық контрабанда ұйымдасқан криминалдық құрылымдармен жасалса, ол өте кәсіби, алдын ала жоспарланып жасалады, ал контрабанданы мұндай жағдайда ашу, табу және сәйкес деңгеде тергеу оңай емес. Заңнама осы қиындықты жою үшін барлық құралдармен жабдықтау керек, әсіресе алдын ала тергеуде. Сондықтан осындай істерді тиімді тергеу үшін жоғары мамандандырылған қызметкерлер, әсіресе тергеушілер керек. Ол экономикалық контрабанданың ерекшеліктерін ескере отырып, тергеудің тактикалық әдістерін іскер және біліктілігін пайдалану керек, адамдармен психологиялық байланысты орнатып, іздеудің басты бағытын тандап, қосымша жағдайды жібермей, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерінен қызмет бабына қажеттіліктерін алуды білу керек. Қылмыстылықпен күрестің тиімділігі тергеушінің тұлғасы мен қызметінің ұйымдастыруымен анықталады.

Экономикалық контрабандамен күресуде тағы бір мәселенің бірі контрабанданы ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату. Сонымен бірге, тергеу тәжірибесінде салыстырмалы анализ, модельді, аралас салыстырмалы анализ түрлерін пайдалануды жақсы білу қажет.

Контрабанданы зерттеушілер кеден органдарының анықтаушыларын, тергеуші мен судьялардан құқық қолдану туралы мәселелер жөнінде сұраулар жүргізгенде, көбінесе кездесетін мәселе ол – ұқсас құрамдарды ажырату. Нәтижесінде контрабанда құрамының идеалды немесе реалды жиынтығына байланысты және ұқсас құрамдарды ажыратуға байланысты, саралаушы шешімдердегі қателіктер деңгейінің өсуі сақталып жатқаны бекітілген, яғни контрабандамен кеден төлемдерін төлеуден жалтару қылмыстарының басты біріктіру белгілері – объективті жағы, тәсіл. Бұл тәсіл – декларациялау немесе жеткілікті емес декларациялау.

Осы әрекеттер біріктіруші фактор болып табылады. Бірақ ажыратылған факторлар да бар: а) кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәсілі заңсыз болуы контрабандаға тән, ал жалтару кезінде мемлекеттік шекараны өту заңи түрде болуы мүмкін; б) контрабанда объектісі – кеден шекарасының қол сұғылмаушылығы, ал жалтаруда – қаржы аясы; контрабанда заты – тауар мен көлік құралы, ал 2 қылмыста – кеден төлемдері; в) объекті жағы жалтаруда - әрекетсіз болса, контрабанда белсенді қылмыстық әрекеттер болады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот пленумының №10 «Контрабанда үшін жауапкершілікке тарту заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» қаулысына сәйкес контрабанданы жасау – объективті түрде міндетті кеден органдарымен алынатын төлемдер мен салықтарды төлеуден жалтару және ол кінәлімен тікелей қасақана жасалып, бір уақытта тауарларды және өзге де құндылықтарды өткізу, яғни өткізу мақсатында, сондықтан бұл қылмыстық әрекеттер бюджетке төленетін міндетті төлемдер мен салықтан жалтару деп қосымша саралауға жатпайды[3].

Соңғы кезеңдегі статистикалық көрсеткіштерге сәйкес көптеген жасалған қылмыстар логикалық нәтижесіне жеткізілмей ашылмай қалады, оның себебі бір жағынан қылмысты ұйымдастырушылардың кәсіпқойлығы, олардың жоғары техникалық жабдықталуы, құқық қорғау органдарының опрeативті қызметі туралы жоғары мәліметтенуі, ал екінші жағынан – экономикалық қылмыстарға қарсы тұруға қылмыстық ізге түсу органдар қызметкерлерінің дайын болмауы. Қылмыстарды ұйымдастыр мен жасау кезінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың басшылары отандық заңнаманың жетіспеушіліктерін, олардың қызметін бақылаудың кез келген әлсізденуін пайдаланады да, лауазымды тұлғаларды сатып алу арқылы құқық қорғау органдарының қызметіне әсер етеді. Соның ішінде әділ сот органдары, заңи және атқару биліктің лауазымды тұлғаларына әсерін тигізеді. Осындай жағдайда жүргізіліп жатқан реформаларды мемлекетпен саралаушы заңи қамтамасыз ету талаптары пайда болады, бірге ҰҚК органдарының қызметкерлеріне, кеден органдарының және өзге де экономикалық контрабандамен күресті жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың кәсіпқойлығы мен құқықтық мәдениетінің сапалы жағдайына қойылатын талаптар тізімін жетілдіруді енгізуді қажет етеді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіпқойлық, іскерлік және адамгершілік мінезіне байланысты халықтың арасындағы олардың беделдігі қалыптасады, ал ол экономикалық контрабандамен күресуде маңызды фактор болып табылады. Құқықтық мемлекет құру жағдайында бұл мәселені шешу бірінші қатарда. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен халық арасындағы сенімділік қатынастардан экономикалық қылмыстар мен кеден және сыртқы экономикалық құқықтық қатынастар аясындағы қылмыстарды алдын алу жағдайы тәуелді және осы қылмыстарды ашуда да халықтың көмегі де зор. Осы мәселені шешу үшін көптеген субъектілердің құқықтық және экономикалық мәлімдену деңгейінің төмендегіне көңіл бөлуіміз керек.

Осы шаралардың мақсаты: құқықтық актілер мен нормаларды түсіндіру; ішкі экономикалық қызметке қатысушылардың құқықтық санасын арттыру; насихаттау арқылы экономикалық саладағы құқық бұзушылықтарға әсер етіп, нәтижеге жету. Осы шараларды тек мәлімдендіру ғана емес, сонымен бірге құқық бұзушылықтарды ашу мен анықтауға адамдардың жәрдемдесуі.

Ол үшін жақсы ойластырылған жоба, жолдау қажет, яғни қылмыстармен тек құқық қорғау органдары емес, сонымен бірге халық пен бұқаралық ақпараттық құралдарымен қатынасы жақсы нәтижеге ие болып, қылмыстарды ашуға жақсы жағдай жасады. Онда криминалдық тақырыпқа арналған бағдарламалар орын алып, басты мақсат халықпен тіл табысу еді, яғни осындай саясат арқылы экономикалық қылмыстармен, әсіресе экономикалық контрабандамен күресудің тиімділігін арттыуға мүмкіндік аламыз.

Сот практикасына сәйкес «күшті» куәлік базасыз қылмыстық істерді уақытылы ашу мен сәтті тергеу мәселелері жағдай болып тұр, нәтижесінде экономикалық контрабанда жасаған кінәлі тұлғаны сотпен соттау да мәселелі жағдай. Құқық қорғау органдары мен халық арасындағы идеалды қатынастарды бекіту үшін сәйкесінше заңи база, әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдай қажет, ал ең бастысы - құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің ұзақ және сапалы жұмысы қажет. Осы шарттарсыз қылмыспен күрес нәтижесіз болады, әсіресе ұйымдасқан бөлімімен соның ішінде экономикалық контрабандамен.

Негізгі мәселе болып табылатын, ол – кадрлық таңдау. Ішкі экономикалық қызметтегі құқық бұзушылықтармен күресуді жетілдіру үшін жаңа фармация кәсіпқойлар қажет екені қажет екені айқын, яғни экономикалық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын маман экономика және құқық аясында жан-жақты болып, осы салалардағы білімді шет тілінде меңгеру қажет. Осыған байланысты заңи дайындық бағдарламасы өте тығыз байланыста болу қажет деген.

Экономикалық контрабандамен күресетін қызметкер тәжірибелі болуға тиіс, яғни кедендік техникалық заттарды сәйкесінше кәсіпқой пайдаланады. Қазіргі кезде контрабандистер көптеген контрабанда тауарын транзит ретінде рәсімдейді, себебі транзит тауарлары ашылмайды. Сондықтан шекарашы тауардың салмағы мен құжаттарды салыстырып, екеуінің сәйкессіздігін байқауы керек. Мысалы, Қытайдан контрабанданы әкелуге қылмыскерлермен жиі қолданылатын әдіс – азық-түлікке арналған жалған құжаттарымен спиртті тасымалдайды, бірақ азық-түліктің салмағы мен көлемі спиртке қарағанда кіші. Осының негізінде шынында қандай тауар өткізіліп жатқанын көруге болады.

Осы аталған тәсілдерді, ұсынылған шешу жолдарын жүзеге асыру арқылы кедендік іс аясындағы қылмыстардың өсуіне жол бермейді, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың ашылу деңгейін жоғарылатады, экономикалық қылмыстар, соның ішінде экономикалық контрабандамен күресу тиімділігіне қажетті нормативтік құқықтық базаны қалыптастырады, қоғам мен кеден органдары



арасындағы қарым-қатынасты жақсартады. Экономикалық контрабанданы жасау көрсеткіштері едәуір азайып, осы қылмысты ашу дәрежесі арта түседі.

Қазақстан саяси және экономикалық тәуелсіздігін алғаннан кейін азаматтардың, мемлекеттік өкілдердің және коммерциялық құрылыс өкілдерінің шет іс сапарларға, шет мемлекеттің, коммерциялық және қоғамдық ұйымдармен мекемелердің туристік жолдамаларымен мемлекеттен тыс шығудың қажеттілігі туып отыр.

Тәжірибеде құқыққорғау органдарының жұмысындағы туындайтын қиындық – контрабанда мен кедендік төлемдерден жалтару түсініктерін ажырату. Оның дәлелі ретінде сот-тергеу тәжірибесінің әртүрлілігі және ғылыми көзқарастардың саналуандығы.

Контрабанда мен кедендік төлемдерді төлеуден жалтаруды ажыратудың қиындығы бұл екеуі үшін жауапкершілікті көздейтін баптардың құрамында бланкеттік диспозицияның болуында және оларды түсіндіру кезінде кедендік заңнаманың барлық ережелерін, сонымен қатар сот тәжірибесін де ескеру керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Калкаева Н.Б., Буранбаева С.Р. Криминология кестелер альбомы мен анықтамалары (мультимедиялық оқу-көрнекілік құралы). – Алматы, 2019
2. Қайыржанов Е. И. Криминология. Алматы, 1995.-202 с.
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама бойынша кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы//Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 8 нормативтік қаулысы. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000008S/links>

УДК: 343.93/.94

МРНТИ: 10.81.51

*С.Ш. Даубасов<sup>1</sup>, А.Жомартқызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті*

## **ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІ ҰСТАП БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

*Аңдатпа*

Осы мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын, халықаралық қылмыстық құқық қалыптары мен доктринасын ескере отырып кешенді түрде қылмыскерлерді берудің өзекті мәселелері қарастырылды. Қазіргі қылмыстық құқықта ұстап беру рәсімін оңайлату үрдісі байқалады. Атап айтқанда, қосарланған соттылық талаптарын жеңілдету, ұстап беруден бас тарту негіздерінің санын қысқарту, әкімшілік органдардың рөлін қысқарту туралы сөз болып отыр. Бұл процестің тежегіші мемлекеттердің сот жүйелерінің айырмашылығына, кейде бір-біріне деген сенімсіздікке байланысты басқа елдерде қамауға алу туралы санкцияларды сөзсіз мойындауға дайын еместігін білдіреді.

**Кілт сөздер:** қылмыстылық, қылмыскерлерді ұстап беру, экстрадиция, қылмыскерлермен күресу.

*S.Sh.Daubasov<sup>1</sup>, A.Zhomartkyzy<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh National Agrarian Research University*

## **CURRENT TRENDS IN THE EXTRADITION OF CRIMINALS**

*Abstract*

This article deals with topical issues of the transfer of criminals in a complex, taking into account the criminal and Criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan, the norms and doctrine of International criminal law. In modern criminal law, there is a tendency to simplify the extradition procedure. In particular, we are talking about easing the requirements of "double jurisdiction", reducing the number of

grounds for refusal of extradition, reducing the role of administrative bodies. An obstacle in this process is the unwillingness of States to unconditionally recognize arrest warrants issued in other countries due to different judicial systems, and sometimes distrust of each other.

**Keywords:** *prestupnost*, criminal, delivery of criminals, extradition, fight against crime.

*С.Ш. Даубасов<sup>1</sup>, А. Жомартқызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный аграрный исследовательский университет*

## СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ВЫДАЧИ ПРЕСТУПНИКОВ

### *Аннотация*

В данной статье рассмотрены актуальные вопросы выдачи преступников в комплексе с учетом уголовного и Уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан, норм и доктрины международного уголовного права. В современном уголовном праве наблюдается тенденция упрощения процедуры выдачи. В частности, идет речь о смягчении требований «двойной подсудности», сокращении числа оснований отказа в выдаче, сокращении роли административных органов. Тормозом в этом процессе является неготовность государств безоговорочно признавать выданные в других странах ордера на арест ввиду различия судебных систем, а порой и недоверия друг к другу.

**Ключевые слова:** преступность, преступник, выдача преступников, экстрадиция, борьба с преступностью.

Экстрадиция (беру) - қылмысқа қарсы күрестегі мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының бір мемлекеттің басқа мемлекетке (соңғысының сұрауы бойынша) қылмыс жасады деп күдіктенген немесе айыпталған адамдарды (сот талқылауы үшін) не басқа мемлекеттің сот органдары соттаған адамдарды (үкімді орындау үшін) тұтқындаудан және тапсырудан тұратын нысанын білдіреді.

Ұлттық және халықаралық маңыздылықты иемденетін экстрадиция мәселесін шешудегі халықаралық жаңа талаптар көптеген елдерде заңи реттелінуінің қиындылығына әкеп соқтырды. Соңғы кезеңдері қылмыстылық мәселесі ұлттық шекарадан да шығып отыр және бұл мәселе жекеленген мемлекеттерге ғана қауіптілік тудырып қоймайды. Осыған орай, қылмыстылықпен күрес жүргізу барысында күшті бір орталыққа біріктіріп мемлекеттер ынтымақтастығын арттырғанымыз жөн. Міне, осындай ынтымақтастықта халықаралық келісім-шарттармен және ұлттық заңдардың көмегімен реттелінетін экстрадиция институты ерекше орын алады.

Экстрадиция институтының құқықтық реттелуіне көз жүгіртсек, яғни ол халықаралық және ұлттық құқық қалыптарымен де қоса реттелінеді. Мүдделі мемлекеттер арасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы тиісті халықаралық келісім-шарттардың негізінде туындайтын ұстап беру міндеттемесін ескере отырып, экстрадицияның халықаралық-құқықтық регламентациясы тәртіп бойынша аса маңызды мәнінің болуы тиіс. Бірақ-та, қазіргі таңдағы тәжірибеге сүйенсек, экстрадиция мемлекеттер арасындағы саяси қатынасқа сирек негізделген. Сондықтан осы саладағы өзгерістерге қарамастан, экстрадиция институты тиімді құқықтық механизм мәртебесін иемденуі тиіс.

Қазақстандағы ағымдағы конституциялық және қылмыстық заңдар халықаралық құқық қалыптарының басымдылығының қалыптасуына, сонымен қатар Республикамыздың құқық қорғау және прокуратура органдары халықаралық құқық қалыптарын қолдануға бағытталған. Бірақ бұл жерде айта кеткен жөн, Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге мемлекеттердің заңдарында да экстрадицияның құқықтық табиғаты туралы мәселе біркелкі шешімін таппаған. Әрине бұл аспекті терең зерттеуді, әсіресе салыстырмалы-құқықтық талдауды қажет етеді.

